

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ

2

ФЕВРАЛЬ

1962

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ХІІ жыл ШЫҒУЫ

№ 2

Ф Е В Р А Л ь

1962

М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА — Бұқаралық-саяси жұмыс пәрменді де жемісті болсын	3
Қ. АХМЕТОВ — Идеологиялық жұмыс — коммунистік құрылыстың күшті құралы	10
Ж. ЫБРАШЕВ — Капитализмнің жалпы дағдарысының жаңа кезеңі	16
І. КӨБЕНБАЕВ — Егіншіліктің маңызды бағыты	21
А. СИРАЗУТДИНОВ — Ғылым мен өндіріс — егіз	26
С. САРТАЕВ — Социалистік мемлекеттіліктің коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруына ұласуы	32

ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ

А. ФАРИЗОВ — Қоғамдық қор — коммунистік бөлістің нышаны	38
---------------------------------------------------------	----

МЕТОДИКАЛЫҚ КЕҢЕС

XXII съезд материалдарын оқып-үйрену туралы

Коммунистік қоғамдық қатынастардың қалыптасуы	45
-----------------------------------------------	----

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

П. ФИЛИППЕНКО — Тың байлығы — Отан игілігіне	58
Қ. НҮРБИКЕНОВ — Қоғамдық негізде	61

ХАТ-ХАБАР

Х. ҚОЖАХМЕТОВ — Коммунистік еңбек шахтасы	67
І. ДАБАЕВ — Жұртшылық күші осындай	68

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

С. ЖҰМАҒАЗИЕВ — Өмірмен өлшесек...	71
------------------------------------	----

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Жақсының жаршылары	77
Партия тұрмысының хабарлары	80

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — За действенную политико-массовую работу	3
К. АХМЕТОВ — Идеологическая работа — мощный фактор коммунистического строительства	10
Ж. ИБРАШЕВ — Новый этап общего кризиса капитализма	16
И. КУБЕНБАЕВ — Важное направление в развитии земледелия	21
А. СИРАЗУТДИНОВ — Наука и производство	26
С. САРТАЕВ — Развитие социалистической государственности в коммунистическое общественное самоуправление	32

ЛЕКЦИИ И КОНСУЛЬТАЦИИ

А. ФАРИЗОВ — Общественные фонды потребления в период коммунистического строительства	38
------------------------------------------------------------------------------------------------	----

МЕТОДИЧЕСКИЕ СОВЕТЫ

Об изучении материалов XXII съезда КПСС

Формирование коммунистических общественных отношений	45
----------------------------------------------------------------	----

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

П. ФИЛИППЕНКО — Богатства целины на службу коммунизма	54
К. НУРБИКЕНОВ — Общественные начала в партийной работе	61

ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ


Х. КОЖАХМЕТОВ — Шахта коммунистического труда	65
И. ДАБАЕВ — Сила общественности	68

КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

С. ЖУМАГАЗИЕВ — Если мерить жизнью...	71
-------------------------------------------------	----

ОБЗОР ПЕЧАТИ

Поборники нового	77
Партийная хроника	80



Бұқаралық-саяси жұмыс пәрменді де жемісті болсын

Совет халқы бұл күндерде партияның тарихи XXII съезінің қаулы-қарарын іске асыру күресіне жаппай жұмылды. Еліміздегі әрбір ссейген жас пен еңкейген қарт үшін кәзір коммунистік қоғам орнатудың нақты жоспарын — партияның жаңа Программасын орындауға қызу қатысудан асқан айбынды іс, құрметті міндет жоқ. Бұл бүкілхалықтық ұлы міндетке әркім өзінің қажырлы еңбегімен, үздік өнерімен үлес қосады. Сөйтіп өзінің бүгінгі ерлік істерге толы қызықты өмірін, ертеңгі жарқын болашағын шыңдайды.

Барлық еңбекші адамды коммунистік құрылыс істеріне жаппай белсенді қатыстыруда партияның бұқаралық-саяси, үгіт-насихат жұмыстары, бүкіл идеологиялық жұмыс аса маңызды орын алады. «Коммунизмнің жеңісі жолындағы күресте, — деп көрсетілген партияның жаңа Программасында, — идеологиялық жұмыс барған сайын қуатты фактор бола береді».

Идеологиялық жұмыстың елімізде коммунистік құрылыстың кең өріс алу дәуіріндегі түйінді міндеттері партияның XXII съезінің қарарында атап-атап көрсетілген. Олар: «Маркстік-лениндік ілімді насихаттап, қоғамның барлық мүшелерін дүниеге ғылыми көзқарас тұрғысынан қарауға дағдыландыру; адамдар санасындағы капитализмнің сарқыншақтарына және буржуазиялық дұшпан идеологияның ықпалына қарсы күресу; еңбекшілерді коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексіне бейнеленген ізгі адамгершілік принциптер рухында тәрбиелеу; коммунистік қоғамның жанжақты дамыған мүшелерін қалыптастыру. Адамды еңбек етуге даярлау, бірінші өмірлік қажет ретіндегі еңбекті сүйіп істеуге және қадірлеуге дағдыландыру — коммунистік тәрбие жөніндегі бүкіл жұмыстың мәні, өзегі».

Мұнан әрі қарарда кәзіргі жағдайдағы ең басты міндет те көрсетілген. Ол — партияның жаңа Программасын еңбекшілер бұқарасының зердесіне жеткізе түсіндіру, сөйтіп оларды еліміздегі коммунистік құрылыстың ұлы жоспарымен қаруландыру және оны жүзеге асыру күресіне жұмылдыру.

Бұл міндеттерді орындаудың жолдары мен әдістері, идеологиялық жұмыстың дәрежесін көтеріп, өрісін кеңейте беру жөнінде пікір алысып, ақылдасу мақсатымен партияның Орталық Комитеті таяуда бүкілодақтық кеңес өткізді. Оған идеологиялық жұмыстың алуан түрлі саласының көптеген қызметкерлері қатысты. Кеңесті Н. С. Хрущев жолдас ашып, мұндай көп адам қатысқан кеңестің тұңғыш рет шақырылып отырғанын, оған партияның Орталық Комитетінің зор маңыз беретінін айтты. Кеңесте Орталық Комитет секретары Л. Ф. Ильичев жолдас баяндама жасап, идеологиялық жұмыстың алдағы айбынды міндеттеріне саралап тоқтады.

Қалың бұқара арасындағы үгіт-түсінік, тәлім-тәрбие жұмыстарының бәрі де партияның жаңа Программасында белгіленген негізгі үш міндетті толық орындау бағытында жүргізілуі керек. Бұлар: экономика саласында — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау,

әлеуметтік салада — коммунистік өндірістік қатынастардың қалыптасуы, идеологиялық салада — коммунистік қоғам адамын, жана адамды тәрбиелеп өсіру.

Идеологиялық жұмыстың бүкіл мән-мазмұны, бір жағынан, осы міндеттердің орындалуымен бірге байып, тереңдей беретін болса, екінші жағынан, идеологиялық жұмыс бұл міндеттердің орындалу барысын күшті әсер етіп, олардың іске асырылуын жеделдете түседі. Сондықтан да идеологиялық жұмысты барлық ұйымдастыру, шаруашылық жұмыстарынан, еңбекшілердің өндірістік әрекетінен, күнбе-күнгі еңбегінен, өмірінен бөле-жара қарауға я жүргізуге болмайды. Партия бүкіл ұйымдастыру-шаруашылық және идеологиялық жұмыстардың өзара тығыз байланысты екенін, олардың бірлігін берік сақтауды қатаң талап етеді.

Осы тұрғыдан бұқаралық-саяси, үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесін, жемісін өлшеп, білуге бола ма деген сұраққа партия болады деп жауап береді. Әрбір коллектив, әрбір еңбеккер коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы қажырлы күресте, өздерінің күнделікті өндірістік жұмыстарында, тынбай оқып, мәдени-техникалық дәрежесін көтере беруде, коммунистік саналылығы мен адамгершілік қасиеттерін молайта беруде неғұрлым мол табысты болатын болса, мұның өзі идеологиялық жұмыстың нақтылы жемісі болып табылады. Көне қоғамдық құрылыстардан қалған біздің социалистік тұрмысқа жат мінез-құлықтар, әдет-ғұрыптар, оларға әлі шырмалып жүргендер — арамтамақтар, ұрылар, бұзақылар, маскүнемдер, бюрократтар пәреқорлар тағы басқа сондай жексұрындар арамызда болмайтын болса, бұл да идеологиялық жұмыстың нәтижесі.

Бүкіл идеологиялық жұмыс, әсіресе бұқаралық-саяси, үгіт-насихат жұмыстары республикада партияның Орталық Комитетінің 1960 жылғы «Партиялық насихаттың көзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» және «Донецк облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулыларынан кейінгі уақытта едәуір жақсарды, ал партияның XXII съезінің қарсаңында жаңа Программа мен Уставтың жобаларын бүкілхалықтық талқылауға байланысты онан әрі күшейіп, өрістей түсті. Үгіт-насихат жұмысының тірегі — үгітшілер мен насихатшылар құрамының сапасы артты. Кәзір насихатшылардың көбінің жоғары білімі бар. Үгіт-насихат жұмысына еңбек озаттары, мамандар белсенді қатыстырылып жүр.

Басшы қызметкерлер, ғалымдар да еңбекшілер арасында саяси баяндамалар жасап, лекция, әңгіме өткізуге кең қатыстырыла бастады. Партияның XXII съезі алдында және съезден кейін оның тарихи документтерін түсіндіріп, насихаттау, еңбекшілерді жаңа Программаны іске асыру күресіне жұмылдыру мақсатымен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті республикадағы басшы қызметкерлерден, ғалымдардан барлық облысқа үш дүркін насихатшылар топтарын жіберді. Олар еңбекшілер арасында лекциялар оқып, әңгімелер өткізумен бірге жергілікті партия ұйымдарына үгіт-насихат жұмыстарын жолға қою жөнінде нақты көмек көрсетті.

Бұқаралық-саяси, үгіт-түсінік жұмыстарын жақсы ұйымдастырып, нәтижелі жүргізу арқылы еңбекшілерді коммунистік құрылыс істеріне, алдағы нақты өндірістік міндеттерді орындау күресіне жұмылдырып отырған партия ұйымдары аз емес. Мысалы, Өскеменнің В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинатында бұқаралық-саяси жұмыс зейтарлықтай ұйымдастырылған. Мұнда еңбекшілерге коммунистік тәрбие беріп, оларды жоғары адамгершілік қасиеттерге баулудың өзегі — еңбек тәрбиесіне, еңбекке саналылықпен қарауға ерекше назар аударылады. Еңбек тәртібін берік сақтау, еңбектің өнімділігін үздік арттыру

рып отыру, бұл үшін өндірістік мамандықты, жалпы мәдени-техникалық дәрежені көтере беру — комбинаттың әрбір еңбеккерінің қасиетті борышы.

Комбинатта саяси тәрбие, мәдени ағарту жұмыстарының көптеген маңызды түрлері кең өріс алған. Жұмысшы, қызметшілердің көбі партия оқуы үйірмелеріне катысып жүр. Мұнымен бірге әрбір цехта бастауыш экономикалық семинар жұмыс істейді. Жүздеген жұмысшы кешкі мектептер мен техникумдарда, мамандық көтеру курстарында оқиды. Комбинаттың партия ұйымы түрлі себептермен бұған дейін оқымай қалған жұмысшылардың ең кемінде сегізжылдық білім алуы үшін және әрбір жұмысшының қосымша мамандық игеруі үшін күресуде.

Мұның бәрі комбинатта саяси тәрбие жұмыстарының жақсы жүргізілуіне, коллективтің ұйымшылдығын шыңдап, өндірістік белсенділігін арттыруға көмектесуде. Комбинатта соңғы жылдарда өндірістік тапсырма сан-сапа жағынан бірдей ұдайы толық және асыра орындалып келеді. Комбинат коллективі республикада бірінші болып коммунистік еңбек коллективі атағына ие болды. Бұл құрметті атақпен жігерлене түскен коллектив өткен жылдың өндірістік жоспарын да мерзімінен бұрын орындап шықты. Өнім беру жөніндегі жылдық жоспар мерзімінен тоғыз күн бұрын орындалды. Еңбек өнімділігі алдыңғы жылмен салыстырғанда 8,3 процент артты. Комбинат жоспардан тыс мемлекетке 400 мың сом пайда келтірді.

Қай жерде бұқаралық-саяси жұмыс үздіксіз пәрменді жүргізілетін болса, қай жерде үгітшілер мен насихатшылар, коммунистер бұқарамен тығыз байланысты болып, қоян-қолтық еңбек етсе, өз үлгісімен жұртшылықты жігерлендіріп отырса, сол жерде еңбектің өнімді де жемісті болатынын Алматы облысының Панфилов ауданындағы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозы коллективінің тәжірибесі де айқын дәлелдеп отыр. Мұндағы 56 коммунистің 36-сы өндіріс жұмыстарына тікелей қатысады. Олар дихандар мен малшылар бұқарасына XXII съездің қаулы-қарарын, партияның жаңа Программасын түсіндірумен бірге өздерінің колхоз өндірісіндегі үздік табыстарымен көпке үлгі-өнеге болып жүр. Жүгеріден мол өнім алған звено бастықтары коммунистер Ниязова, Ұшуров тағы басқалары колхоз коллективінің үлгілі адамдары. Бұл колхоз өткен жылда 1 500 гектар жүгеріден орта есеппен 60 центнерден дән, 300 гектардан 750 центнерден сүрлемдік көк алды. Ал Ұшуров жолдастың звеносы 27 гектар жерден 110 центнерден дән, 70 гектар жерден 1 300 центнерден сүрлемдік көк өсірді.

Бұқаралық-саяси жұмысқа жеткілікті маңыз бермейтін партия ұйымдары да кездеседі. Мұндай ұйымдарда үгіт-насихат жұмысын жүргізуге тынбай қамқорлық жасалып, ұдайы көңіл бөлініп отырмайды. Үгітшілер мен насихатшылар, олардың істеген жұмысы көбінесе қағаз бетінде ғана қалып, ал олар іс жүзінде ештеңе істемеген болып шығады. Солтүстік Қазақстан облысының Қонохов ауданындағы «Красная крепость» колхозында (партия ұйымының секретары Корсаков жолдас) үгітшілер коллективі, оның құрамындағы үгітшілердің тізімі бар. Бірақ олардың не істеп жүргенін партия ұйымы білмейді, жұмысын бақылап отырмайды. Іс жүзінде олар өз міндеттеріне салақ қарайды екен. Колхозға облыстан насихатшы келгенге дейін олар колхозшылар арасында партияның XXII съезі жөнінде бірде-бір әңгіме өткізбеген. Бұл облыстың «Заря», «Октябрьский» совхоздарында да жағдай осындай.

Партия ұйымдары үгіт-насихат жұмысын күнбе күн ұйымдастырып, басқарып отыруға тиіс. Үгітшілер мен насихатшылардың ынты-жігермен жұмыс істеуіне басшы болып, олардың бұқара арасындағы үгіт-насихатының әсерлі де жемісті болуы үшін тынбай қамқорлық жасау — партия ұйымдарының төл ісі.

Таңдаулы насихатшыларды, басшы қызметкерлерді шеткері аудандарға, колхоз, совхоздарға, олардың оқшау бөлімшелеріне жіберіп, лекция оқытудың, саяси баяндамалар жасатудың әсерлі екенін тәжірибе көрсетіп келеді. Қәсіпорындардың, колхоз, совхоздардың басшылары, партия комитеттерінің, совет, шаруашылық орындарының басшы қызметкерлері жұмысшылар мен колхозшылар арасына жиі барып, баяндама жасауға, әңгіме өткізуге тиіс. Бұл, бір жағынан, бұқаралық-саяси жұмысты күшейтуге, екінші жағынан, басшы орындардың еңбекшілер бұқарасымен байланысын нығайтуға көмектеседі.

Дегенмен, бұл маңызды міндетке мән бермейтін басшы қызметкерлер жоқ емес. Облыстық, аудандық партия комитеттерінің секретарьлары, Совет атқару комитеттерінің председателдері еңбекшілер арасында саяси баяндаманы аз жасайды. Бұлардан үлгі алып, басқа басшы қызметкерлер де бұқара алдында аз көрінеді. Тіпті ел аралап, жүріп те әңгіме өткізуден аулақ болатындар бар. Семей облысының Бородулиха аудандық партия комитетінің секретары И. Губанов жолдас колхоз, совхозда жиі болады. Ол партияның XXII съезі қарсаңында да совхоз жұмысшылары, колхозшы шаруалар арасында болып жүрді. Бірақ ол жүрген жерінде бірде-бір баяндама жасап, әңгіме өткізбеген.

Солтүстік Қазақстан облысындағы Степной совхозының директоры Уточкин жолдас Н. С. Хрущев жолдасын қатысуымен Целиноградта өткізілген республиканың ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесінде болып қайтты. Совхозға қайтысымен ол кеңестің қорытындысын жұмысшылар бұқарасына жеткізуге міндетті еді. Бірақ ол мұны істемеден. Тек бригадирлерге ғана кеңес жөнінде қысқаша айтып берумен шектелген.

Міне бұл мысалдар кейбір басшы қызметкерлердің тікелей еңбекшілер арасында жұмыс жүргізуді жете бағалай білмейтінін көрсетеді. Мұндай кемшіліктен жедел арылатын болуымыз керек. Бұқаралық тәрбие, үгіт-насихат жұмысы—әрбір басшы қызметкердің, партия қызметкерлерінің төл міндеті.

Бұқаралық-саяси жұмыстың, бүкіл идеологиялық жұмыстың аса маңызды да шешуші саласы — еңбек тәрбиесі, еңбекшілерді еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу. Біздің социалистік Отанымызда еңбек ету — еңбекке жарамды әрбір адамның азаматтық борышы. Бізде еңбек етпеген ішіп-жемсиді. Партияның жаңа Программасында көрсетілгеніндей, еңбек етпеген адам арамтамақтар қатарына қосылып, басқа еңбеккерлер есебінен күн көрген болар еді. Қоғамдық еңбек өнімділігін шапшаң арттыру, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндеттері арамызда арамтамақтардың мүлде болмауын талап етеді.

Бірақ, амал қанша, арамтамақтар әлі бар. Олар көбінесе алып саатар саудагерлер, әке-шеше есебінен күн көрушілер түрінде кездеседі. Ауыл-селоларда колхоз жері, жеке меншігіндегі малы есебінен күн көріп, қоғамдық пайдалы еңбекке қатыспай жүргендер де бар. Мұндай арамтамақтарды партия, совет ұйымдары түстеп біліп, оларды қоғамдық еңбекке қатыстырудың шараларын қолға алуға тиіс, қажет болған жерде басқа әкімшілік шараларды да қолданған жөн. Бұқаралық-саяси жұмыстың күші біздің қоғамға жат мінез-құлықтарды, әдет-ғұрыптарды неғұрлым тез жоюға бағытталуы керек.

Бұқаралық-саяси жұмыс жалпылама, үстірт түрде емес, айқын мақсат нысанамен неғұрлым нақтылы жүргізілуі керек. Ол әрбір коллективтің алдында тұрған айбынды да шұғыл міндеттерді орындауға барынша көмектесетін болуға тиіс.

Әрбір өндірістік коллективке, әрбір жеке адамға тән ардақты да ізгі міндет — социалистік жарысқа, оның кәзіргі жаңа да жоғары түрі — коммунистік жарысқа белсенді қатысу. Жарыстың барған сайын

кең өріс алуына, оның озаттарының жұмыс тәжірибесінің көпке тарауына жету—бұқаралық-саяси жұмыстың келелі міндеті. Осы мақсатпен жарыста алынған міндеттемелердің орындалу барысы туралы жұртқа ұдайы хабарлап отыру, үгітшілердің еңбекшілер арасында дәреу әңгіме өткізуі, озаттардың еңбекшілермен кездесуін ұйымдастыру, олардың жұмыс тәжірибесін газет арқылы тарату және олардың құрметіне көш өткізу сияқты шаралардың маңызы зор.

Бұқаралық-саяси жұмысты күшейтіп, оның мазмұны мен түрін байыта беруге кәзір елімізде кең өріс алған қоғамдық негіздегі жұмыстар да мықтап көмектеседі. Өйткені қоғамдық негіздегі жұмыстарға әрқилы мамандығы, алуан түрлі өнері мен білімі бар еңбекшілер өздерінің қалауы бойынша еркін қатысады. Және бұл жұмыстарға жүргізілікті неғұрлым көп те белсенді қатыстыруға болады.

Қоғамдық негізде құрылып, жұмыс істей бастаған идеологиялық комиссиялар, халықтық университеттер, партия кабинеттері өздерінің өмір талабына сай екенін көрсете бастады. Бұлар партия ұйымдарының бұқаралық-саяси, тәлім-тәрбие жұмыстарын онан әрі кең өрістетіп, олардың қалың бұқараға әсер-ықпалын күшейту ісіне көп көмек көрсетуде.

Қоғамдық негіздегі жұмыстар жұртшылық игілігі үшін ешбір ақысыз істеледі, әркімнің қалауы бойынша еркін атқарылады. Бұлар коммунизмнің шынайы нышандары, коммунизмнің толық жеңісіне жақындаған сайын көбейе беретін бос уақытты халық игілігі үшін, еңбекшілердің жанжақты тәрбие алып, жетіле беруі үшін неғұрлым тиімді пайдаланудың маңызды бір жолы.

Қоғамдық негізде құрылған идеологиялық комиссиялар еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру, үгіт-түсінік жұмыстарын ұйымдастырып басқару жөнінде партия ұйымдарына елеулі көмек көрсетуде. Кәзір олар еңбекшілер арасындағы бұқаралық-тәрбие жұмыстарының жағдайын тексеріп білу, партияның XXII съезінің қаулы-қарарын, жаңа Программаны әрбір еңбекшіге жеткізе түсіндіру жұмысына күш салуда. Алғашқы тәжірибелер, идеологиялық комиссиялардың, қоғамдық негіздегі жұмыстың болашағы зор тиімді түрі екенін көрсетеді.

Партия оқуы жұмысында да қоғамдық негіз кең өрістеп келеді. Кәзір республикада партия оқуының 670 кабинеті жұмыс істейді. Штаттан тыс насихатшылар мен лекторлар саны едәуір көбейді. Олар партия комитеттерінің тапсыруы бойынша еңбекшілер арасында үгіт-насихат жұмыстарының алуан түріп жүргізуге ат салысады.

Алайда қоғамдық негіздегі жұмыстарға жеткілікті маңыз бермей отырған партия комитеттері де бар. Мысалы, Ақтөбе, Павлодар, Қызылорда облыстық партия комитеттері қоғамдық негіздегі үгіт-насихат жұмыстары жөнінде өздерінің бюро мәжілістерінде былтыр бірде-бір мәселе қарамаған. Адамдарды қоғамдық негіздегі жұмыстарға қатыстыру ісіне ресми түрде жеңіл-желпі қараушылар да кездеседі. Кейбір жерде қоғамдық негіздегі жұмыстарға өндірісте тікелей жұмыс істейтін адамдар аз қатыстырылып жүр. Жамбыл облысында қоғамдық негіздегі жұмысқа қатысып жүрген 148 коммунистің тек үшеуі ғана өндіріс жұмысшылары мен колхозшылар.

Қоғамдық негіздегі бұқаралық-саяси, үгіт-насихат жұмыстарын өрістеткенде мұндай кемшіліктерге жол бермеу керек. Бұл жұмысты оған еркін қатысушылардың іскерлік қабілетін, творчестволық ынта-жігерін мейлінше кең өрістету бағытында жүргізген жақсы. Оған немкетті, формальді қараудан аулақ болған жөн, оны ұдайы басқарып, ұйымдастырып отыру қажет.

Бұқаралық-саяси жұмыстың түрлері және оның құралдары көп. Олардың ішінде баспасөздің, радионың, телевизияның, мәдени-ағарту мекемелерінің маңызы зор. Бұлар күнбе күн қалың көпті қамтиды. Кә-

зір әрбір семья бірнеше газет-журнал жаздырып алады. Радио мәдени өмірге мықтап енді. Телевизия да өрістеп келеді. Мәдени-ағарту мекемелері барған сайын молая түсуде. Бұлардың бәрі де партияның XXII съезі қарсаңында және онан кейінгі жерде жұмысын едәуір жандандырды.

Алайда, бұл салаларда да кейбір кемшіліктер кездеседі. Облыстық газеттерде партияның жаңа Программасын түсіндіріп, насихаттауға арналған терең мазмұнды мақалалар, үгітшілер мен насихатшыларға көмек ретінде материалдар аз жарияланып жүр. Бұл жөнінде кейбір газет редакциялары ұйымдастыру жұмыстарын сылдыр жүргізуде. Жамбыл облыстық «Коммунист» газеті съезден кейінгі бір ай бойы жаңа Программа мен Уставты насихаттауға арнап бірде-бір мақала бермеген.

Бұл облыстың, басқа да облыстардың мал жайылым учаскелеріндегі малшыларының радиоқабылдағыштарына батарея жетіспейді, оларды кезінде жөндеп беру жұмысы да ойдағыдай емес. Малшыларға газет, журналдар 10-15 күнде бір рет жеткізіледі. Мәдени-ағарту мекемелері де барлық жерде бірдей белгілі жоспармен жұмыс істемейді. Ауыл-селолық жерлердегі клубтардың, кітапханалардың көбінесе жабық тұратындары көп.

Міне бұлар сияқты кемшіліктер бұқаралық-саяси жұмыстың барлық құралдарын да неғұрлым дұрыс та толық пайдалану жөнінде партия ұйымдары тарапынан ұдайы қамқорлық жасалып, көңіл бөлінуін талап етеді. Әрбір клуб пен кітапхана, әрбір қызыл отау мен бұрыш еңбекшілерге тынбай жүйелі қызмет көрсететін болуы керек.

Қазақстанда республика малшыларының талап-тілектеріне орай бұқаралық-саяси жұмыстың жаңа бір құралы — автоклубтар пайда болды. Кәзір республикада мал жайылым учаскелерінде малшыларға, колхоздар мен совхоздардың шеткері елді мекендерінде еңбекшілерге мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін 300-ге жуық автоклуб бар. Әрбір автоклубта үгітші немесе насихатшы, киномеханик, радиоқабылдағышты жөндеуші, кітапхана, көрнекі үгіт құралдары тағы басқалар болады. Алғашқы тәжірибе автоклубтардың өте қажетті де тиімді екенін көрсетіп отыр. Автоклубтардың санын көбейтіп, олардың жұмыс сапасын арттыра беру жолында партия ұйымдары бұдан былай да қамқорлық жасай бермек.

Діни соқыр нанымға қарсы тынбай күрес жүргізу — бұқаралық-идеологиялық жұмыстың маңызды да жауапты саласы. Партия ұйымдары көпшілік арасында тәлім-тәрбие жұмысын үздіксіз жүргізіп, ғылми-атеистік насихатты кең өрістеткен жерлерде діни уағыздарға жол берілмейді, оларға шырмалып қалушылар аз. Дегенмен, ауылдық жерлерде бірен-саран адамдардан «кұран оқыр», «жаназа шығарар» алып, арамтамақ жағдайында өмір сүріп жүрген молдасымақтар кездеседі. Сол сияқты діни қауымның жириеністі түрлері де бар. Жаңа туған балаға шіркеуде ат қойдыратындар, некесін шіркеуде қидыратын жастар да ұшырап қалады. Надандықты білдіретін бұлар сияқты діни қалдықтарға қарсы күресті күшейте түсу қажет. Ғылми-атеистік насихатты кең де шебер жүргізу керек.

Кәзір бүкіл республикада СССР Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік кең өріс алды. Бұған байланысты еңбекшілердің саяси және өндірістік белсенділігі арта түсті, үгіт коллективтерінің, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы қызды. Сайлау алдындағы жиналыстарға қатысушыларға лекциялар оқылып, баяндамалар жасалуда.

Сайлау алдындағы түсінік жұмыстарының бәрі де еңбекшілерді партияның XXII съезінің шешімдерін орындау күресіне жұмылдыру, жаңа Программаны кеңінен насихаттау жұмыстарымен тығыз ұштастырыла жүргізілуде. Кәзір үгітшілер әрбір семьяға, әрбір адамға дейін

жетіл, бұқаралық-саяси жұмыстың өрісін кеңейте түсті. Бұл игі бағытты сайлаудан кейінгі кезеңде де мықты ұстау керек. Әрбір еңбеккерді бұқаралық-саяси жұмыстың ықпал-әсерінен шет қалдырмау, олардың әрқайсысының көңіл күйін, талап-тілегін, мұң-мұқтажын біліп отыру, қажет болған жағдайда оларға тиісті көмек көрсету — үгітшілер мен насихатшылардың, партия ұйымдарының құрметті міндеті.

Бұқаралық-саяси, үгіт-түсінік жұмыстарының өрісін ұдайы кеңейте беру бағытын ұстағанда қиырдағы елді мекендерді, мал жайылым учаскелеріндегі еңбеккерлерді неғұрлым толық қамтуға, олардың өзіне түсінікті тілде лекция оқып, әңгіме өткізе алатын насихатшыларды іріктеп жіберуге ерекше назар аударған жөн. Жер-жерден түсіп жатқан хат-хабарға, мәліметтерге қарағанда колхозшылар, әсіресе малшы колхозшылар арасында қазақ тілінде лекция, баяндамалар аз болатын көрінеді. Партия ұйымдары бұл жайтты ескеруге тиіс.

Бұқаралық-саяси жұмыстың пәрменді жүргізіліп, неғұрлым жемісті болуына жету үшін оған күнбе-күн нақты басшылық жасаудың және оны тыңғылықты ұйымдастырып отырудың маңызы зор. Партия комитеттері бұл жауапты жұмысты көбінесе тек үгіт-насихат бөлімдеріне ғана талсырып қояды. Бұл дұрыс емес. Партия комитетінің әрбір қызметкері алдымен үгітші де насихатшы болуға тиіс. Олар барған жерлерінде алдымен саяси-тәрбие, үгіт-түсінік жұмыстардың жағдайымен танысып, оларды басқаруға, ұйымдастыруға жәрдемдесуі керек.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жұмыстарының барлық саласын да кең өрістетуге, партияның жаңа Программасын іске асыру күресіне жұртшылықты белсенді жұмылдыру негізінде коммунистік құрылыста жаңа зор табыстарға жетейік.



Идеологиялық жұмыс — коммунистік құрылыстың күшті құралы

Қ. АХМЕТОВ,

Алматы қалалық партия комитетінің секретары

Кәзір біздің партияның, оның барлық ұйымдарының алдында тұрған ең басты міндет: елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру, совет адамдарын коммунистік саналылық рухында тәрбиелеу. Бұл міндетті орындауда партияның идеологиялық жұмысы ерекше роль атқарады. Сондықтан да партияның XXII съезінің қарарларында идеологиялық жұмыс елімізде коммунизм орнатудың аса күшті құралы деп атап көрсетілген.

Бұл түсінікті. Өйткені, коммунизмді миллиондаған еңбекшілердің творчестволық еңбегі арқасында ғана орнатуға болады. Еңбекшілер бұқарасының саналылығы неғұрлым жоғары болса, олардың әрқайсысы не үшін, қандай болашақ үшін күресіп жатқанын айқын түсінетін болса, халықтың белсенділігі, коммунистік құрылыстың қарқыны солғұрлым күшті болады. Сондықтан да партияның XXII съезінің қарарларында былай деп көрсетілген: «Коммунизм құрылысының мүдделері еңбекшілерге, ең алдымен жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беру мәселесіне әрбір партия ұйымының, бүкіл совет жұртшылығының баса көңіл бөліп отыруын талап етеді».

Партияның жаңа Программасы—кәзіргі идеологиялық жұмыстың негізі. Онда еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің басты міндеттері көрсетіліп берілген. Партия ұйымдарының алдына мынадай міндеттер қойылған: барлық еңбекшілерді дүниеге ғылыми көзқарасқа дағдыландыру, адамдардың санасындағы капитализмнің сарқыншақтарын жою, еңбекшілерді коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексінде бейнеленген ізгі адамгершілік принциптер рухында тәрбиелеу, коммунистік қоғамның жапжақты жетілген мүшелерін қалыптастыру, адамдарды еңбекке, қоғамдық шаруашылыққа коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу.

Республика астанасының партия ұйымдары партияның XXII съезінің шешімдерін орындай отырып, еңбекшілерге саяси тәрбие беру, оларды коммунистік құрылыстың міндеттерін орындауға бір кісідей жұмылдыру жолындағы идеологиялық жұмыстарды жандандыра түсті.

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіндегі басты мәселенің бірі — еңбек тәрбиесі. Өйткені партия коммунизмді тек қана еңбекпен, бүкіл жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенттердің еңбегімен, творчестволық, жоғары өнімді еңбекпен ғана құруға болады деп есептейді. Партияның XXII съезінің қарарларында: «Адамды еңбек етуге даярлау, өмірдің бірінші қажеті болып табылатын еңбекті сүйіп істеуге және қадірлеуге дағдыландыру коммунистік тәрбие беру жөніндегі бүкіл жұмыстың мәні, өзегі болып табылады» деп көрсетілген.

Халықты творчестволық еңбекке тәрбиелеу жөніндегі партия ұйымдарының жұмысы шақыру, ұран салумен ғана шектелмеуге тиіс. Біздің идеологиялық жұмыс әрбір адамның санасына қонымды болып, оның ойын, жігерін оятуға, әрбір еңбекшінің коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы және халық шаруашылығының

жетіжылдық жоспарын орындау, асыра орындау жолындағы күресте өз орнын таба білуіне көмектесетін болуға тиіс.

Міне, осы мақсатты терең түсінген партия ұйымдары өз коллективдерін жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күреске бір кісідей жұмылдырып келеді. Қаланың кәсіпорындары өткен жылдың — жетіжылдықтың үшінші жылының жоспарын 22 декабрьде орындап, халық игілігіне жоспардан тыс 15 миллион сомның түрлі өнімдерін шығарды. Алматы тұрғын үй құрылыс тресінің және Қазақстан транспорт құрылыс тресінің коллективтері тұрғын үйлерді пайдалануға берудің жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Өткен жылы қаланың барлық құрылыс ұйымдары 229 мың шаршы метр тұрғын үйді халықтың пайдалануына берді.

Партия ұйымдары халықты еңбекке тәрбиелеудің күшті құралының бірі социалистік жарысты және коммунистік еңбек екпінділерінің, бригадаларының жарысын кеңінен өрістетуге деп біледі.

Бізде коммунистік еңбек коллективтері атағын алу жолындағы жарыс барған сайын кең өрістеп келеді. Бұдан біржарым жыл бұрын жарыстың бұл түріне 22 мың адамды қамтитын 15 кәсіпорын, 1 275 цех, смена, бригада қосылған болса, кәзір коммунистік еңбек жолындағы жарысқа 138 кәсіпорын, 3 320 бригада, цех, смена қосылды. Бұл коллективтерде 102 мыңнан астам адам жұмыс істейді. 9 кәсіпорынға, 733 цех пен сменаға, 26 мыңнан астам адамға коммунистік еңбек коллективі және озаты деген жоғары да құрметті атақ берілді.

Коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы жарыстың қандай игілікті нәтиже беретінін кондитер фабрикасы коллективінің тәжірибесінен айқын көруге болады. Бұл кәсіпорын көп уақытқа дейін жоспарлы талсырмасын орындай алмай, артта қалып желген болатын. Сонғы кезде фабриканың партия ұйымы мен дирекциясы социалистік жарысты өрістетуге отырып, еңбек өнімділігін арттыру, өндіріс технологиясын жақсарту, өндіріс жұмыстарын механикаландыру жөнінде бірсыпыра елеулі шаралар белгіледі. Фабрика коллективі коммунистік еңбек кәсіпорны деген атақ алу жолындағы жарысқа қосылды. Партия ұйымы бұл жарыстың мақсаты мен міндетін әрбір жұмысшының санасына жеткізіп, түсіндіру үшін үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен пайдаланды. Партия ұйымы инженер-техник қызметкерлерден үгіт коллективін құрды.

Партия ұйымы жұмысшыларды фабрикадағы пайдаланылмай жатқан резервтерді ашып пайдалануға, жаңа техника мен технологияны енгізуге жұмылдырды. Осымен бірге партия ұйымы еңбектің озат әдістерін насихаттауға, жаңашылдар мен еңбек озаттарын моральдық жағынан көтермелеуге баса көңіл бөлді. Бүкіл коллектив бойынша, цехтар мен сменалар арасында, мамандық бойынша өзара жарыс ұйымдастырылды.

Бұл жұмыс кешікпей-ақ игі нәтиже берді. Фабрика өндірістік жоспарды орындай бастады. Фабрика былтырғы жоспарды 103,2 процент орындап, жоспардан тыс 500 тоннадай өнім шығарды және 600 мың сом қосымша қор жинады. Социалистік жарысты жұмысшыларды еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеудің күшті құралы ретінде шебер пайдаланып отырған партия ұйымдары қалада аз емес.

Дегенмен, адамдарды еңбекке тәрбиелеу ісінде бірсыпыра партия ұйымдарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Ең алдымен, партия ұйымдары мынаны естен шығармауға тиісті: коммунистік еңбек жолындағы жарысқа еңбекшілердің бәрі түгел қатынасып отырған жоқ. Айталық, бір кәсіпорындағы бір цехтың коллективі коммунистік еңбек екпіндісі жолындағы жарысқа қатынасып отырса, оған көрші цехтың коллективі мұндай жарысқа тартылмаған. Сол сияқты кәсіпорындарда-

ғы жұмысшылардың да бәрі бірдей коммунистік еңбек жолындағы жарысқа қамтылмаған.

Кәсіпорындардың, құрылыс және транспорт ұйымдарының коллективтері коммунистік еңбек жолындағы жарысқа едәуір тартылған болса, мекемелер, мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің, ғылыми және творчестволық интеллигенцияның арасында коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс өте нашар тарауда. Қазір коммунистік құрылыс бүкіл еңбекшілердің ісі болып отырған кезде коммунистік еңбек жолындағы жарысқа еңбекшілердің бір бөлегі ғана, негізінен жұмысшылар коллективтері ғана қосылып отыруы жеткіліксіз деп ойлаймыз. Өйткені еңбекшілердің бәрі бірдей коммунизмдегіше еңбек етпейінше, коммунизм орнауы мүмкін емес. Бұл жағдай біздің партия ұйымдарында ғана емес, бүкіл еліміздің көлемінде де орын алуда. Біздіңше, совет интеллигенттерін коммунистік еңбекке тәрбиелеудің жолдары мен әдістерін бүкіл еліміз көлемінде қойып, шешкен дұрыс деп ойлаймыз.

Халықты творчестволық еңбекке тәрбиелеу жөніндегі саяси көзшілік жұмыстарының мазмұнында да елеулі кемшіліктер бар. Кейде коммунистік еңбек жолындағы жарыс нашар ұйымдастырылады. Коммунистік еңбек жолындағы жарыстың негізгі алға қоятын мақсатының бірі — коллективті озаттар мен жаңашылдардың тәжірибесіне үйрету болса, жарысты ұйымдастырғанда істің осы жағына жеткілікті көңіл бөлінбейді, сондықтан көп жерде озат тәжірибе көпшіліктің игілігіне айналдырылмай қалады. Мұндай жағдайда жарыс өзінің алдына қойған мақсатына жетпейді. Мысалы, нақ осындай кемшілік мебель фабрикасының партия ұйымының жұмысында орын алды. Бұл фабрика коллективі бұдан біржарым жыл бұрын коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы жарысқа қосылған болатын. Партия ұйымы фабрика коллективінің әрбір мүшесіне жарыстың мақсатын жеткілікті түсіндіре алмады, жарысты нашар ұйымдастырды. Осының салдарынан фабрика жұмысты бірқалыпты істеуге жетісе алмады, көбінше сапасыз өнімдер шығарады.

Қазір қалалық партия комитеті коммунистік еңбек жолындағы қозғалыстың өрісін кеңейте беру және оны ұйымдастырудағы кемшіліктерді жою жөнінде, озаттардың тәжірибесін кеңінен тарату жөнінде бірсыпыра шаралар белгіледі. Бұл іске біз партия, совет, шаруашылық активтерін жұмылдырдық. Қазір олар қаланың барлық аудандарында коммунистік еңбек коллективтері атағын алу жолындағы жарыстың тәжірибесін зерттеуде. Біз оның қорытындысын партия активінің қалалық жиналысында талқылауды ұйғарып отырмыз.

Қаланың партия ұйымдары озат тәжірибені таратуға насихаттың лекция, әңгіме, радио сияқты құралдарымен бірге, бұл іске жұртшылықтың күшін де жұмылдыруда. Мысалы, қалалық партия комитетінің жанынан құрылған идеологиялық жұмыс жөніндегі комиссияның құрамында еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру саласындағы жұмыстағы озат тәжірибені насихаттаумен шұғылданатын арнаулы секция жұмыс істейді. Ленин және Фрунзе аудандарында коммунистік еңбек жарысы озаттарының слеті өткізілді.

Халықты творчестволық еңбекке тәрбиелеу — идеологиялық жұмыстың негізгі мақсаты. Бірақ еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөніндегі жұмыс мұнымен шектелмейді. Идеологиялық жұмыстың аса маңызды міндетінің бірі — барлық совет адамдарының дүниеге ғылыми көзқарасын өрістетуге, олардың бойына коммунистік моральды сіңіруге. Біздің қоғамда адамгершілік принциптердің ролі барған сайын артып келеді. Коммунизм кезінде қоғам өмірі бүтіндей коммунистік моральдық принциптер арқылы тәртіпке салынып отыратын болады.

Партияның Программасында тұжырымдалған коммунистік моральдың басты принциптері мынадай: коммунизм ісіне берілгендік, қо-

ғаам игілігіне адал еңбек ету, қоғам дәулетін сақтауға және көбейтуге үнемі қамқорлық жасау, қоғамдық борышты терең ұғыну, коллективтік және жолдастық өзара көмек, қоғамдық өмірде және жеке өмірде қарапайым, кішіпейіл болу, әділетсіздікке, арамтамақтыққа, мансапқорлыққа төзбеу. Партия ұйымдары өзінің идеологиялық жұмысында осы принциптерді әрбір адамның бойына сіңіру үшін күресуге тиісті.

Партия ұйымдары еңбекшілерді осы адамгершілік принциптер негізінде тәрбиелеу жолында көптеген жұмыстар жүргізуде. Әрбір коллективтегі тәрбие жұмысының негізгі құралы қоғамдық пікір туғызу — тәртіп бұзғандарды жиналыстарда, жолдастық сотта талқылау, баспасөз бетінде сынау және тағы басқалар болып саналады. Партия ұйымдары тәрбие жұмысының бұл әдістерін шебер қолдана отырып, бір кезде қоғамдық тәртіпті бұзған көптеген адамдарды қайта тәрбиелеп, адал еңбек жолына түсірді.

Қала партия ұйымдарының дүниеге коммунистік көзқарасты қалыптастыру және коммунистік адамгершілік принциптерін орнықтыру жолындағы идеялық тәрбие жұмысы ескіліктің қалдықтарына қарсы күрес жағдайында жүргізілуде.

Еңбекшілерді ғылыми көзқарасқа дағдыландыруға кесірін тигізіп отырған негізгі кедергінің бірі діни көзқарастардың қалдықтары болып отыр. Бізде еңбекшілердің коммунистік саналылығы артқан сайын діншілдер уағызының өрісі тарылып бара жатыр. Партия ұйымдарының лекторлары, насихатшылары мен үгітшілері атеистік насихатты күшейте түсті. Мысалы, өткен жылы қалада атеистік тақырыптарда 500-ден астам лекция оқылды. Ол лекцияларда дінге қарсы күресте совет ғылымы мен техникасының жетістіктері кеңінен пайдаланылды. Біздің атеистер жүргізген жұмыстың нәтижесінде бір кезде діннің шырмауына түскен көптеген адамдар одан арылып, дүниеге материалистік көзқарасты меңгере бастады.

Қаладағы № 22 мектептің үгіт пунктінде атеистік насихат жақсы ұйымдастырылған. Үгіт пунктінде ұйымдастырылған бір атеистік кеште химия пәнінің мұғалімі З. Г. Чалова жолдас баяндама жасады. Ол өзінің баяндамасында химиялық тәжірибе көрсетті. Оның баяндамасы тыңдаушыларға өте ұнады. Мұнан кейін тыңдаушылардың өздері жарыссөзге шығып сөйлеп, олардың кейбіреулері өздерінің дін шырмауынан қалай құтылғандарын айтты.

Партия ұйымдарында атеистік насихатты шебер жүргізетін тамаша насихатшылар көп. Соның бірі насихатшы Б. Р. Мариупольский жолдас. Ол соңғы кезде ғана өзінің дінге қарсы жүргізген шебер насихатының арқасында бес адамды діннің шырмауынан құтқарды.

Алайда, кейбір партия ұйымдарында атеистік насихат әлі де нашар, олақ жүргізіледі. Мысалы, қаланың сауда басқармасының жанындағы құрылыс-монтаж мекемесінің партия ұйымы атеистік насихатты бетімен жіберген.

Кәзір қалалық партия комитеті жақында болып өткен партия активінде айтылған сын ескертпелерді ескере отырып, партия ұйымдарында атеистік насихатты күшейте беру, әсіресе дінге сенуші адамдармен жеке-жеке жұмыс жүргізу жөнінде нақты шаралар белгіледі. Қалалық партия комитеті жанынан ғылыми-атеистік насихаттың советі құрылды.

Адамдардың бойында коммунистік моральдың қалыптасуына кедергі жасайтын кеселдің бірі — капитализмнің сарқыншақтары. Бізде қоғамдық еңбектен жалтаратын, арамтамақтық, жеке меншікшілдік, нысапсыздық пигылға түскен адамдар да жоқ емес. Өткен жылы қалада әкімшілік және қоғамдық ұйымдар 2500-дей адамның қоғамдық пайдалы еңбекпен шұғылданбайтынын анықтады. Бұлардан 250 адам қоғамдық және сот орындарының үкімі бойынша қаладан жер ауда-

рылды, 400-дей адам тәрбие жұмысының нәтижесінде қоғамдық пайдалы еңбекке оралды. Осыған қарамай, арамтамақтарға қарсы күрес әлі де нашар жүргізілуде. Милиция, сот, прокуратура орындары кейбір арамтамақ элементтерге батыл шара қолданбай келеді. Сонымен бірге партия, комсомол және басқа қоғам ұйымдарының идеялық-тәрбие жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Олар тәрбие жұмысын әрбір адамның ерекшеліктеріне қарай жүргізбейді.

Қалалық партия комитеті еңбекшілер арасындағы саяси-тәрбие жұмысын жақсартуды ең бірінші мақсат етіп отыр. Біз бұл жөнінде коллективтің арасындағы тәртіп үшін кәсіпорындардың, мекеме басшыларының жауапкершілігін арттыруды ұйғардық. Кейбір кәсіпорындар мен мекемелердің басшылары өздерін тек өндірісті ұйымдастыру үшін ғана жауап береміз, коллективті тәрбиелеу біздің міндетіміз емес деп санайды. Мысалы, орталық электр станциясының директоры Сариев, механикалық заводтың директоры Стерлев жолдастар өздерін коллективті тәрбиелеуші деп емес, жазалаушы деп ойлайтын болулары керек. Стерлев жолдас еңбек тәртібін бұзған 44 жұмысшының 43-не әкімшілік жаза қолданған да оның біреуін ғана жолдастық соттың талқысына түсірген. Қалалық партия комитеті қоғамдық пікірдің, қоғамдық талқының күшіне сенбейтін мұндай басшыларды қатты сынға алды.

Қалалық партия ұйымы соңғы кезде буржуазиялық моральдың мансапқорлық, нысапсыздық, парақорлық сияқты көріністеріне қарсы күресті күшейтті. Қаланың сауда ұйымдарына кіріп алған бірнеше парақорлар, ұрылар, алаяқтар әшкереленіп, жауапқа тартылды. Сауда басқармасының бұрынғы бастығы Н. Я. Қаң сауда қызметкерлерінің арасында идеялық-саяси тәрбие жұмысымен мүлде шұғылданбаған. Ол өзінің міндетін «сауданы ұйымдастыру» ғана деп білген. Жақында қалалық партия комитетінің бюросы Қаңты қызметінен босатты.

Партияның XXII съезі партия ұйымдарынан идеологиялық жұмыстың өрісін кеңейтіп, әсерлілігін күшейтуді талап етті. Міндет—әрбір адамға саяси, партиялық ықпал жасау. Бұл үшін идеологиялық жұмысты шебер қолдану, бұқараға саяси ықпал жасаудың әдістері мен формаларын жетілдіре беру керек.

Бұқараға саяси ықпал жасаудың, оған маркстік-лениндік ілімді терең үйретудің жолдарының бірі—еңбекшілерді саяси оқу жүйесіне кең тарту. Бұл жөнінде қала партия ұйымдарында бұрынғыдан едәуір алға басқандық бар. Өткен жылға қарағанда саяси оқу жүйесіне биыл 23 мың адам көп тартылды. Саяси оқу жүйесінде партияда жоқтардың саны өсті. Қазір партия ұйымдарының 3 мыңнан астам насихатшылары түрлі үйірмелер мен семинарларда еңбекшілерге партияның XXII съезінің тарихи шешімдері мен теориялық қағидаларын үйретуде.

Бұқараға идеялық ықпал жасаудың маңызды құралдарының бірі клубтар, кітапханалар, кинотеатрлар және телевизия болып саналады. Көптеген мәдени-ағарту орындарының советтік тұрмыс ережелерін, коммунистік адамгершілік принциптерін бұқараға насихаттауда жақсы тәжірибесі бар. Алайда, мәдени-ағарту орындарының жұмысын ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Кейбір мәдени-ағарту мекемелерінің басшылары бұқараға идеялық тәрбие беру мақсатынан гөрі табыс табуды бірінші міндет етіп қояды. Мысалы, «Алатау» кинотеатрының өткен жылдың соңғы тоқсанындағы репертуарына талдау жасағанымызда мынадай жағдай анықталды. Советтік мораль, социалистік тұрмыс ережелері сөз болатын біздің Отандық кинофильмдер сегіз рет көрсетілсе, кейбір шетелдік фильмдер 16 рет көрсетілген. Тіпті совет адамының, советтік ғылым мен техниканың әлемді тандандырған тамаша табыстарын паш ететін «Жұлдыздарға алғашқы сапар», «Адам космостан қайтып оралды» деген отандық фильмдер 1—2 рет

қана көрсетілген. Қалалық партия комитеті мұндай жағдайды түзетті. Театрларда совет кино өнерінің тамаша табыстары болып табылатын фильмдер жиі көрсетіле бастады.

Осымен бірге мынадай бір жағдайды айта кеткен орынды сияқты. Бір кезде совет адамдарына қатты ұнаған «Броненосец Потемкин», «Чапаев» және тағы басқа көптеген кинофильмдердің кәзір ленталары тозған. Олар жұртшылыққа көрсетуге жарамайды. Республиканың Мәдениет министрлігі мұндай фильмдердің жаңартылып, жұртшылыққа қайтадан көрсетілуіне қамқорлық жасағаны дұрыс қой деп ойлаймыз.

Коммунизм адамын қалыптастыруда әдебиет пен көркемөнердің ролі күшті. Әдебиет пен көркемөнер өзінің тәрбиелік әсерін ең алдымен біздің замандастарымыздың — коммунизм құрылысшыларының жарқын образдарын жасау арқылы көрсете алады. Бұл жөнінде соңғы кезде біздің астанада тұратын жазушылар әжептәуір жұмыстар істеді. Мысалы, З. Шашкиннің «Теміртау» романындағы Қайыр мен Дәмештің, И. Щеголихиннің «Қарлы боран» романындағы медсестра Женяның, шофер Сергейдің, Н. Шәкеновтың «Айгүл» атты поэмасындағы Айгүлдің образдары оқушының ойы мен сезіміне күшті әсер етеді. Жазушы Т. Ақтанов пен Ә. Әбішевтің пьесалары бойынша Қазақ драма театрының сахнасында жасалған кәзіргі қазақ әйелдерінің образдары көрушілерден жақсы баға алды. Композиторлар Мұхаметжановтың, Байқадамовтың, суретші Қастеевтің кәзіргі заман тақырыбына жазған шығармалары лениндік сыйлыққа ұсынылды.

Дегенмен, біздің жазушыларымыз, көркемөнер шеберлеріміз, суретшілеріміз, композиторларымыз халықтың ойы мен сезімін билеп әкетерлік Чапаев, Павел Корчагин, Давыдов, Олег Кошевой, Алексей Мересьев сияқты күшті образдар жасай алмай келеді. Мұның басты себебі, біздің жазушылар, көркемөнер қайраткерлері әлі де халықтың өмірін терең зерттемейді, өзінің шеберлігін ұштамайды, маркстік-лениндік білімін арттыру жолында үздіксіз ізденбейді.

Бұл кемшіліктер қалалық партия комитетінің, творчестволық ұйымдардың, ондағы партия ұйымдарының интеллигенция арасындағы идеялық-саяси жұмыстарының тиісті дәрежеде емес екенін де көрсетеді.

Қалалық партия комитеті творчестволық интеллигенттердің маркстік-лениндік білімін арттыруға көмектесіп келеді. Партия ұйымдары творчестволық интеллигенттерді кеңінен қатынастыра отырып, теориялық конференциялар ұйымдастыра бастады. Біз жақында бірсыпыра жазушылардың, суретшілердің, кинорежиссерлардың халық алдында творчестволық есебін ұйымдастырдық.

Астана партия ұйымдары идеологиялық жұмыстардың түрлері мен әдістерін жетілдіре отырып, еңбекшілерді творчестволық еңбектің тамаша үлгілері, коммунистік моральдың принциптері негізінде тәрбиелейді. Сөйтіп еңбекшілердің күш-жігерін коммунистік құрылыстың ұлы жоспарларын толық жүзеге асыруға жұмылдырады.

Капитализмнің жалпы дағдарысының жаңа кезеңі

Ж. ЫБРАШЕВ

Совет Одағы Коммунистік партиясының XXII съезі дүниежүзілік дамудың кәзіргі дәуіріне маркстік-лениндік тұрғыдан терең, жанжақты талдау жасады. Съезде қабылданған жаңа Программа маркстік-лениндік теорияны онан әрі творчестволықпен дамытудың тамаша үлгісі болды, оны бірқатар жаңа қағидалармен байытты. Сол қағидалардың бірі — капитализмнің жалпы дағдарысының жаңа кезеңі жөніндегі тұжырымдар.

«Империализм, — делінген Программда, — күні еңкейіп, апатқа ұшырау дәуіріне аяқ басты. Капитализм іргесінен бастап, шыңына дейін: оның экономикалық және мемлекеттік құрылысы, саясаты мен идеологиясы іріп-шірудің тоқтатуға болмайтын процесінің құшағына енді. Империализм адамзаттың көпшілігіне өктемдік етуінен біржола айрылды».

Капитализмнің жалпы дағдарысы бірінші дүниежүзілік соғыста, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуімен байланысты басталған еді. Бұл революция империалистік құрсауды үзіп, Россияны одан бөліп әкетті, сөйтіп, дүниежүзілік социалистік системаның дамуына қажетті берік база жасады.

Капитализмнің жалпы дағдарысының екінші кезеңі екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында пайда болды. Европа мен Азиядағы жаңа халықтық-демократиялық революциялардың нәтижесінде дүниежүзілік социалистік система құрылды.

Елуінші жылдардың екінші жартысында капитализмнің жалпы дағдарысы жаңа, үшінші кезеңіне енді. Бұл кезеңнің өзіне тән ерекшелігі сол, ол бұрынғыдай дүниежүзілік соғыстың шығуымен байланысты болған жоқ, қайта екі системаның бейбітшілік жағдайда жарысуы үстінде туды.

Капитализмнің жалпы дағдарысының бұрынғы екі кезеңі империалистердің өздері бастаған дүниежүзілік соғыстардың нәтижесінде туып, империалистік майданның әлсіреуіне, бірқатар елдердің социализм жолына түсуіне әкеліп соққан еді. Ал үшінші кезеңде дүниежүзілік социалистік системаның даму процесі шапшаңдады, дүниежүзілік империализм әлсіреді. Мұны дүниежүзілік социалистік системаның табыстарынан айқын аңғаруға болады.

Демек, кәзіргі дәуірдегі қарама-қайшылықтар негізінен дүниежүзілік қоғамдық екі системаның күресінде бар тұлғасымен көрінуде. Дүниежүзілік социалистік система кәзір тарихты қозғаушы және жаңартушы негізгі күш болып саналады. Осыған орай, екі системаның экономикалық жарысы қыза түсті. Бұл жарыс кәзір бүкіл дүниежүзілік тарихтың барысына елеулі ықпал етуде. Осы жарыстың барысында дүниежүзілік дамудың жаңа дәуірі, капитализмнің жалпы дағдарысының жаңа кезеңі туғаны мәлім. Партиямыздың Программасында бұл жағдай былай сипатталған:

«Капитализмнен үсті-үстіне жаңа елдердің бөлініп шығуы; социализмнен экономикалық жарыста империализм позицияларының әлсі-

реуі, империализмнің отарлық системасының ыдырауы; мемлекеттік-монополиялық капитализмнің өркендеуімен және милитаризмнің күшеюімен байланысты империализм қайшылықтарының шиеленісуі; өндіргіш күштерді толық пайдалануға капитализмнің қабілетсіздігінің өткізгіштік алуынан көрініп отырған капиталистік экономиканың ішкі тұрақсыздығы мен іріп-шіруінің күшеюі (өндірістің өсу қарқынының төмендігі, ауық-ауық болатын дағдарыстар, өндіріс қуаттарының үнемі толық пайдаланылмауы; тұрақты жұмыссыздық); еңбек пен капитал арасындағы күрестің өрістеуі; дүниежүзілік капиталистік шаруашылық қайшылықтарының мықтап шиеленісуі; барлық бағытта да саяси реакцияның бұрын-соңды болмаған көлемде өрши түсуі, бірсыпыра елдерде буржуазиялық бостандықтардан бас тартылып, фашистік, озбырлық тәртіптердің орнатылуы; буржуазия саясаты мен идеологиясының тұңғыш дағдарысқа ұшырауы — осының бәрінен капитализмнің жалпы дағдарысы көрініп отыр».

Біздің заманымыздың ең басты ерекшелігі мынада: дүниежүзілік социалистік система адамзат қоғамының дамуындағы шешуші факторға айналды. Ол — халықаралық революцияшыл пролетариаттың аса ірі жеңісі. Бұл система социалистік революцияның одан әрі жеңіспен алға баса беруін қамтамасыз етеді. Олай дейтініміз, социалистік системаның өмір сүруі және оның дами беруі капитализмнің іріп-шіруін, жойылуын тездетеді, капиталистік елдердегі жұмысшы табының революциялық күштерін көбейтіп, нығайта түседі, оның экономикалық және саяси күресін жеңілдетеді, жұмысшы табының өкімет билігін өз қолына алуына жағдай туғызады, ұлт-азаттық қозғалысының дамуына өрсер етеді. Мұны соңғы жылдары социализм мен капитализм арасындағы күштің арасалмағында болған елеулі өзгерістер айқын сипаттайды.

Дәлірек айтқанда, соңғы кезде дүниежүзілік екі системаның арасындағы күштің салмағы социализм жағына қарай ауысты. Экономикалық жарыста социализм барған сайын жаңа жеңістерге жетуде. Совет Одағы коммунистік құрылысты кеңінен өрістетуде дәуіріне енді. Ал капитализмнің іргесі босап, шайқала түсуде. Мұны жауларымыз да мойындауда. АҚШ өнеркәсіпшілерінің конференциясында өткен жылы алтыншы декабрьде сөйлеген сөзінде президент Кеннеди былай деп мәлімдеуге мәжбүр болды: «Коммунистік блок... белгілі жағдайда Батыс Еуропадан кәзірдің өзінде асып түсіп отырған және Құрама Штаттарды қуып жетейін деп отырған экономикалық күш болып табылады».

Экономикалық жарыстағы маңызды мәселе — қарқын. Капитализмнің жалпы дағдарысының жаңа кезеңі басталғаны осы мәселеден де айқын көрініп отыр. Социалистік елдердің экономикалық даму қарқыны капиталистік елдердің даму қарқынынан әлдеқайда жоғары.

Н. С. Хрущев жолдас XXII съезде Орталық Комитеттің есебі жөнінде жасаған баяндамасында социализм елдері мен капиталистік мемлекеттердің өнеркәсіп өнімінің өсуін сипаттайтын қызықты деректер келтірді. Социалистік елдер 1960 жылы өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемін 1937 жылмен салыстырғанда 6,8 есе өсірді. Осы мерзім ішінде капиталистік елдерде бұл өнім небәрі 2,5 есе ғана өсті. Дүниежүзілік өнеркәсіп өндірісінде социализм елдерінің үлес салмағы 1955 жылғы 27 проценттен 1960 жылы 36 процентке жетті.

Капиталистік елдердің экономикалық дамуы өте шабандап барады. Мұны ең алдымен Америка Құрама Штаттарының экономикасынан аңғаруға болады. Американдық экономистерінің өздері АҚШ-тың бүгінгі экономикасын «баяу дамушы экономика» деп атап отыр.

Социалистік елдердің экономикалық дамуының жоғары қарқыны

социализм мен капитализм елдерінің арасындағы экономикалық алшақтықты тездетіп қысқарта түсуде. Мұны, әсіресе Совет Одағы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы арасалмақтан көруге болады. 1956—1961 жылдары СССР-де өнеркәсіп өндірісінің орта қарқыны 10,2 процент болса, АҚШ-та 2,3 процент болды. Жан басына өндірілетін өнімді өсірудің жылдық орта қарқыны бізде 8,2 процент болса, АҚШ-та 0,6 процент болып отыр.

Соңғы жылдары біздің ел өнімінің көптеген маңызды түрлерін өндіру жөнінен Америка Құрама Штаттарынан асып түсті. Мысалы, темір рудасы мен көмір өндіру, кокс пен құрастырмалы темір бетон жасау, тепловоздар мен электровоздар шығару, жүн матасын, қант, мал майын, балық өндіру жөнінде СССР Америка Құрама Штаттарының алдына шықты. Сөйтіп, социалистік лагерь экономикасы капитализм елдерінен әлдеқайда шапшаң дамуда. Социалистік лагерьдің ғылым мен техника саласында да артықшылығы барған сайын айқын көрініп отыр.

Демек, Совет Одағындағы және бүкіл дүниежүзілік социалистік системадағы халық шаруашылығының даму дәрежесі бұдан былай да жоғары бола береді деп зор сеніммен айтуға толық негіз бар. Ал, бұл бейбіт экономикалық жарыс капитализмді мейлінше әлсірете түседі, оның ішкі қиыншылықтарының шиеленісе түсуіне әкел соғады, жұмысшы табының социализм жолындағы революциялық күресіне қолайлы жағдай жасайды.

Капитализмнің жалпы дағдарысының негізгі белгісінің бірі және өзекті өлшемі — отаршылдық системаның күйреуі. Кәзір ұлт азаттық қозғалыс отаршылдық құрсауды күйретіп, империализмнің тұғырын шайқалтуда. Соңғы алты жылдың өзінде 29 мемлекет саяси тәуелсіздікті жеңіп алды. Соның нәтижесінде отаршылдықтың саяси езгісінен 1,5 миллиард адам, яғни адамзаттың тең жартысы азат болды. Сөйтіп, отаршылдық системаның күйреуі өзінің маңызы жөнінен дүниежүзілік социалистік лагерь құрылғаннан кейінгі екінші тарихи оқиға болып отыр.

Алайда күрес әлі аяқталған жоқ. Кәзір отаршылдардың қол астында жер шары халқының 9,8 проценті, яғни 70 миллионнан астам адам бар. Олар өз азаттығы жолында қажырлы күрес жүргізіп жатыр. Ал, саяси тәуелсіздікке қолы жеткен елдер енді өз елінің экономикалық тәуелсіздігі жолында күресуде. Әңгіме отаршылдықтың қалдықтарын жою, сөйтіп экономикалық дамудың тәуелсіздік жолына түбегейлі түсу туралы болып отыр.

Нашар дамыған бірқатар елдер кәзір өзінің халық шаруашылығын жанжақты өркендету жолына, атап айтқанда, ауыр өнеркәсіпті дамыту жолына бет бұрды. Нашар дамыған елдердегі отаршылдық экономиканың жүйесін құрту жолындағы күрес басталды. Мұның өзі капиталистік системаның шаруашылығына күйрете соққы беру болып табылады. Кәзір империализм өндіріс құрал-жабдығы мен қарыз-қаражат берудегі монополиясынан айрылып барады. Оның есесіне нашар дамыған елдердің социалистік лагерьдегі елдермен экономикалық байланысы күшейе түсті. Совет Одағы кәзір нашар дамыған 22 елге экономикалық көмек көрсетіп, оған бірнеше миллиард сом қаржы жұмсауда. Совет Одағының көмегімен 380 кәсіпорны мен басқа да объектілер салынды және салынып жатыр. Ол құрылыстарда 5 мыңға жуық совет мамандары жұмыс істейді. Африка мен Азиядағы және Латын Америкасындағы 35 елмен Совет Одағы екіжаққа бірдей тиімді сауда қатынасын жасайды және сол континенттердің 74 елінен 4 мыңнан астам студент Совет Одағының жоғары оқу орындарында оқып жүр.

Екі жаққа да тиімді негізде қалтқысыз көмектесе отырып, социалистік лагерьдегі мемлекеттер Азияның, Африка мен Латын Америка-

Бұрын отар болып езілген елдерінің экономикалық жағынан өрлеуіне зор үлес қосып отыр. Социалистік мемлекеттермен байланысты онан әрі күшеюі бұл елдер халықтарының мақсат-тілегіне, қызығушылықтарына сай келеді.

Экономикалық тәуелсіздік жолындағы күрес халықтың қалың бұқарасын дүр сілкіндіруде. Жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы дамып келе жатқан капиталистік жолы елді артта қалушылықтан құтқара алмайтындығын барған сайын айқын түсінуде. Коммунистік және жұмысшы партиялар нашар дамыған ел капитализм жағдайында бұрынғысынан артта қалатынын, оның себебі капитализм тұсында еңбектің халықаралық империалистік монополиялардың қанауына негізделетінін көрсетуде. Ал империалистік мемлекеттер өз отарларының артта қалуына себепші болып келеді. Осы негізде кәзір нашар дамыған елдер мен капиталистік ірі елдердің арасындағы қарым-қатынас барған сайын алшақтануда.

Империализмге, феодализмге қарсы күштер демократиялық революция жолындағы күресті ақыр аяғына дейін жеткізуге ұмтылуда. Олар өндіріс және өндіріс-экономикалық өзгеріс жасауды, аграрлық реформаны, елді индустрияландыруды көздеуде, империализмнің халыққа қарсы саясатына, ақшадан асырғандыққа, соғыс блоктары мен базаларына қарсы күресуде. Өйткені, елдің экономикалық және мәдени дамуының жаңа жолы табылмайынша мәселе кәзір нашар дамыған елдер жұртшылығының назарынан тыс қалмайды. Бұл мәселе күрес үстінде шешілуі керек, ал ол күресте коммунистер үлкен роль атқарады.

Капитализмнің жалпы дағдарысының үшінші кезеңі империализмнің барлық қайшылықтарының мейлінше шиеленісе түсуімен де сипатталады. Кәзір капиталистік экономиканың бұрынғысынан бетер шайқалып, іріп-шіріп бара жатқаны айқындала түсті. Капитализмнің басшы елі — АҚШ-та экономиканың құлдырап төмендеуі барған сайын айқын көрінуде. Мұның өзі капитализмнің өндіргіш күштерді толық пайдалана алмайтындығынан болып отыр. Оның үстіне капиталистік экономиканың өсу қарқыны бәсеңдеп кетті. Жиі-жиі қайталанатын экономикалық дағдарыстар және өндірістің төмендеуі капиталистік экономиканы шайқалта түсуде.

Соғыстан кейінгі жылдары Америка Құрама Штаттары 4 рет экономикалық дағдарысқа ұшырады. Елдің өндіргіш күші толық пайдаланылмайды. 1959 жылы өңдеу кәсіпорындарындағы өндіріс қуатының 10 проценттейі пайдаланылмады. Бұл елде кәзір өндірістен қол үзген миллионнан астам жұмыссыз бар.

Соңғы жылдары адамзат ғылым мен техниканың, әсіресе атом қуаты, электрониканы, реактивті және ракета техникасын пайдалану жолында елеулі табыстарға жетті. Бірақ бұл қол жеткен табыстардың өлшемі мен мөлдірін көруге капиталистік өндіріс тәсілі барынша кедергі болып отыр. Рас, ғылым мен техника жаңалықтары капиталистік экономикаға енгізіледі, бірақ олар капиталистік қарама-қайшылықтарды жоймайды, қайта оны бұрынғыдан да шиеленістіре түседі.

Кәзіргі капитализм дүниесінде жеке елдер арасында, ірі-ірі империалистік мемлекеттер арасында қарама-қайшылық барған сайын күшейіп түсуде. Империализмнің экономикалық, саяси және соғыс ортасы болып отырған Америка Құрама Штаттары шикізаттың, товар өндірісін жүзіндегі негізгі аудандарын өз қолына алып, дүние жүзіндегі нағыз басшы елі қанаушы болып отыр. Азаттық пен демократияның жалған жалауын ұсынып, американдық империализмі іс жүзінде дүниежүзілік жандармның ролін атқаруда. Ол өз тәуелсіздігі жолында күрес жүргізіп жатқан халықтарға қарсы агрессиялық соғыстар ашып, демократиялық революцияның қандай түріне болса да қарсы шығуда. АҚШ-тың моно-

полиялық буржуазиясы халықаралық реакцияның нағыз орталығына айналды. Ол өзін капитализмнің «күтқарушысы» ролінде көрсетпекші болады. Бірақ АҚШ империализмінің дүниежүзілік үстемдікке ие боламыз деген үмітінің әлдеқашан үзілгенін өмірдің өзі көрсетті.

Дүниежүзілік империализм өз ішінен де, сырттан да іріп-шіре бастады. Америка Құрама Штаттары дүниежүзілік капиталистік өндірісте де, саудада да өзінің өктемдігінен айрылды. Оның капиталистік дүниенің өнеркәсіп өндірісіндегі үлесі 1948 жылғы 56,6 процентке қазір 47 процентке дейін кеміді. Соның салдарынан АҚШ басқа капиталистік елдер ішінде қазір өзінің соғыстан бұрынғы дәрежесіне қайта түсті. Мұның өзі бүкіл капиталистік системаның жалпы дағдарысының тереңдей түскендігін сипаттайды.

Капиталистік экономиканың тұрақсыздығы жеделдеген сайын буржуазиялық үкіметтер мемлекеттік-монополиялық капитализмнің сұрықиялық шараларына, жаппай қарулануға бет бұрады. Империалистік мемлекеттер бейбіт кездің өзінде көп қарулы күштер ұстайды. НАТОның барлық елдері соңғы он жылдың ішінде жаппай қарулануға 500 миллиард доллардан астам қаржы жұмсады.

Бірақ милитаризм экономиканы көтеру мәселесін шеше алмайды. Бұл жөнінде мемлекеттік-монополиялық капитализм де әлсіз болып отыр. Ол капиталистік дүниенің экономикалық қиыншылықтарын күшейте түсуде. Демек, милитаризм дегеніміз — қазіргі замандағы капитализмнің іріп-шіруі деген сөз. Жаппай қырып-жоятын қарулар шығаруға, қарулы күштерді көбейтуге жұмсалатын қыруар қаржы, шексіз көбейген алым-салық та капитализмнің жалпы дағдарысының жаңа кезеңі туғанын аңғартады.

Капитализмнің іріп-шіруі еңбек пен капитал арасындағы күресті күшейе түскенінен де айқын көрініп отыр. Монополиялық капитализмнің еңбекшілер бұқарасының тұрмыс дәрежесіне барған сайын шабуыл жасауы таптық қарама-қайшылықты күшейте түсуде, жаппай ереуілдерді көбейтуде. Егер 1956 жылы капиталистік елдердегі ереуілдер 13,9 миллион адам қатысса, 1960 жылы 53,2 миллион адам қатысты. Мұның өзі кездейсоқ іс емес. Капиталистік монополияның езгісі ұлтының барлық тобының жағдайын барған сайын ауырлата түсуде. Мұның өзі жұмысшы табын, шаруаларды, интеллигенцияны, қаланың ұсақ және орта буржуазиясын біртұтас майданға бірігіп, монополия өктемдігіне жоюға қарсы күресті күшейтуге итермелейді.

Капитализмнің іріп-шіруінің тағы бір айғағы оның саясатының идеологиясының және сыртқы саясатының терең дағдарысқа ұшырауы болып табылады.

Қорыта айтқанда дүниежүзілік империалистік системаның барлық қайшылықтары барынша шиеленісе түсуде. Мұның өзі ақырында империализмді шайқалтып, оның күйреуіне апарып соғады. Өйткені адамзат өмірі өткен капитализмге, оның кесір-кесапатына енді көңіл алмайды. Қазір Совет Одағының, социалистік лагерьдегі барлық елдердің зор табыстары бүкіл адамзатқа үлгі-өнеге болып, жарқын болашаққа, бейбіт өмірге және коммунизмге жол ашып отыр.

ЕГІНШІЛІКТІҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ

І. КӨБЕНБАЕВ,

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ауыл шаруашылығы
бөлімі меңгерушісінің орынбасары*

Совет Одағы Коммунистік партиясының XXII съезі ел ауыл шаруашылығын мықтап өрге бастырудың да алып жоспарын белгілеп берді. «Қуатты өнеркәсіппен қатар, — делінді партияның жаңа Программасында, — көркейген, жанжақты дамытылған және жоғары өнімді ауыл шаруашылығын жасау — коммунизм орнатудың міндетті шарты».

Жиырма жыл ішінде ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін шамамен алғанда үш жарым есе, астықтың жалпы түсімін екі еседен астам, етті төрт еседей, сүтті үш еседей арттыру көзделген. Совет Одағы бірінші онжылдықтың өзінде ауыл шаруашылығының негізгі өнімдерін жан басына өндіру жағынан Америка Құрама Штаттарын қуып жетіп, басып озады.

Тарихи бұл міндетті орындауға Қазақстанның еңбекшілері елеулі үлес қосуға тиіс. Ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастырудың негізгі түйіні — астық өндіруді онан әрі жедел арттыру. Ал астық өндіруді ұлғайту мал шаруашылығының түбегейлі мәселелерін де неғұрлым жедел шешуге мүмкіндік береді. Әрине, бұл мақсатқа жету мүддесі өндірісті ұйымдастыру дәрежесін көтеруді, партия, совет, ауылшаруашылық органдарының мейлінше күш жұмсауын, колхоз, совхоздарға басшылықты түбірінен жақсартуды, ауыл-село еңбеккерлерінің аянбай жұмыс істеуін талап етеді.

Кәзір мәселенің түйіні қалың бұқара арасында ұйымдастыру жұмысын барынша күшейтуде болып отыр. Ауыл-селодағы барша еңбеккерлердің, мамандардың, коммунистер мен комсомолецтердің күш жігерін партияның XXII съезі шешімдерін іске асыруға бағыттау керек. Коммунистік құрылыстың ұлы жоспарын ойдағыдай орындауға дәл осы күндері берік негіз қаланып жатыр.

Партияның XXII съезінің шешімдеріне сүйене отырып, біздің республика 1962 жылдан бастап астық, мақта, қант қызылшасы және басқа ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді шұғыл арттыруға тиіс.

Астықтың және басқа да бағалы дақылдардың жалпы түсімін өнemi арттыра беру үшін зор мүмкіндіктердің бәрін неғұрлым толық пайдаланбауға тиімді пайдаланбау болмайды. Бұл мүмкіндіктердің ең елеулісі — жалпы егіншілік мәдениетін мейлінше көтеруде, егіс көлемі құрылымын шұғыл жақсартуда, басқаша айтқанда, өнімі аз дақылдардың орнына өнімі берекелі дақылдарды егуде, сондай-ақ суармалы жерді толық пайдалануда болып отыр.

Жалпы егіншілік мәдениетін көтеру, сөйтіп ауылшаруашылық дақылдарының өнімін арттыруда дұрыс ауыспалы егіс жүйесінің шешуші орын алатыны мәлім. Бірақ республиканың көптеген аудандарында ауыспалы егісті игеру қанағаттанғысыз болып келді. 1084 совхоздың 575-інде ғана ауыспалы егіс енгізілген. Сол сияқты колхоздардың 59 процентінде ғана ауыспалы егіс енгізілген. Республика бойынша енгізілген 11 мыңдай ауыспалы егістің 1500-дейі ғана игерілген. Жамбыл облысындағы Шу ауданының колхоздарында енгізілген ауыспалы егістің 28 проценті, Меркі ауданында 38 проценті ғана игерілген. Ауыспалы

егіс атымен болмаған аудандар да бар. Әрине, мұндай жерде ауыспалы егісті игеру туралы сөз болуы да мүмкін емес. Мысалы, Қостанай облысының Пресногорьков, Таран аудандарында ауыспалы егіс енгізілмеген. Осы облыстағы үлгі-тәжірибе шаруашылықтарының жағдайында ғана ауыспалы егіс бар. Павлодар облысының Май, Лебяжье аудандарының, Алматы облысының Алакөл, Кеген аудандарының совхоздарында ауыспалы егіс атымен жоқ.

В. Р. Вильямстің жасаған шөп танапты егіншілік жүйесі жер-жердің бәрінде де қолдануға бағыт ұсталып, мұның өзі ауыл шаруашылығына үлкен зиян келтіргені мәлім. Вильямс шөпті бүкіл егіншіліктің тұғыры, жердің құнарлылығын қалпына келтірудің бірден-бір құрамы деп есептеді. Бұл жүйеге теориялық жағынан да, практикалық жағынан да күмән келтіріп, батыл қарсы шыққандар ішінде академик Д. Н. Прянишников та болды. Ол шөп танапты жүйенің астық және жемшөп өндіруге бөгет болатынын дәлелдеді. Бірақ бұған Вильямс дүрсе қоя беріп қарсылық білдірді, ол Прянишниковке жазған бір хатында: «қысқасы, сен шөп танапты жүйені жақтайтын болсаң, онда бізбен біргесің, ал шөп танапты жүйеге қарсы болсаң — онда сен баррикаданың арғы жағындасың», деді.

Шөп танапты егіншілік жүйесінің зиянды екені айқын еді, бірақ солай бола тұрса да елімізде ол 1953 жылға дейін жаппай енгізіліп келеді. Шөп танапты жүйенің бірсарымен, беталды енгізілуі біздің республикаға зиянын аз тигізген жоқ. 581 колхоз бен совхозда енгізілген шөп танапты ауыспалы егіс 4 миллион гектардан астам көлемді жерді алды жатты. Бірқатар колхоздар мен совхоздарда енгізілген шөп танапты ауыспалы егіс әр гектар жерден өнімді мейлінше аз берді, сөйтіп ауыл шаруашылығы өндірісін өркендетуге үлкен кедергі болып келеді. Шөп танапты ауыспалы егістегі шөп пен пардың үлесі едәуір болды. Бұлардан алынған өнім отамалы дақылдардың ауыспалы егісіндегідей бірнеше есе аз болып жүрді.

Алтай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының және республикадағы озат шаруашылықтардың тәжірибесі көрсеткеніндей, танапты егіншіліктің отамалы дақылдар жүйесі ғана пайдалы екенін дәлелдеді. Отамалы дақылдар — жүгері, асбұршак, жембұршак, қант қызылшасы және басқалары егілгенде олар арамшөпті ығыстырып, құртаданы топырақтың құнарлылығын арттырады, бағалы жемшөп өндірісін ұлғайтуға, дәнді дақылдар өнімін арттыруға мүмкіндік береді.

Никита Сергеевич Хрущев жолдастың XXII съезде жасаған баяндамасында, сондай-ақ ауыл шаруашылығы озаттарының аймақтық конференцияларында берген нұсқауына сүйене отырып, колхоздар мен совхоздарда егіс көлемінің бұрын қалыптасып қалған құрылымын жаппай қайта бағалауды қолға алды. Бұл жұмыста жүгерінің, бұршак тұқымдас дақылдардың көлемін ұлғайтуға баса көңіл бөлінуде. Новосибирскіде өткізілген кеңесте Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Жерді дұрыс пайдалану үшін астықты мейлінше көп, жемшөпті мейлінше көп өндіруге, демек, ет пен сүтті көп өндіруге мүмкін болатындай егіс көлемінің құрылымын белгілеу ең басты резервтің бірі болып табылады».

Қазақстан топырағында жүгері астық өндіруді ұлғайтуға, жемшөптің берік қорын жасауға тұтқа болатын бірден-бір өнімді дақыл екені айқын көрсетті. Өткен жылы бірқатар аудандар, колхоздар мен совхоздар жүгеріден мол өнім алды. Алматы облысындағы Панфилов ауданында 1300 гектар жүгерінің әр гектарынан 50 центнер дән, ал 4500 гектардың әр гектарынан 600 центнерден көк шөп жинады. Осы облыстың ауданында екі мыңнан аса гектар жерден жиналған жүгері дәні гектарына 40 центнерден айналды. Панфилов ауданындағы «Октябрь» колхозы 40 жылдығы» колхозы әр гектар жүгеріден 60 центнер дән, 750 центнерден көкшөп алды. Мұнда жүгерінің дән үшін егілген көлемі 1500 г

тар, көкшөп үшін егілген көлемі 300 гектар еді. Жеке звенолар бұда да жоғары табысқа жетті. Жүгеріден көкшөпті де, дәнді де мол алуға жеткен Мәриям Ниязованың, Тұрсын Ұшуровтың, Макар Кимнің, Қабдыбек Жапаровтың, Сартай Махамбетованың есімдері республика жұртшылығына аян.

Алдыңғы қатарлылар жетістіктерінің сыры неде? Ең алдымен олар озық агротехника әдістерін әрдайым дұрыс қолданады. Жүгеріден мол өнім жинап жүрген шаруашылықтарда әдетте тұқымды іріктеуге, оны егіске әзірлеуге баса назар аударылады. Олар өз ауданына үйлесімді жүгері сорттарын іріктеп, оны қыста мұқият сақтайды. Сондай-ақ жүгері үшін жерді дұрыс іріктеп алу маңызды шарт деп есептеледі. Бұған қоса жүгері егісін күтіп-балтау жұмысы ойдағыдай жүргізіледі, соның нәтижесінде жүгері плантациясы арамшөптен таза ұсталады. Егіске жергілікті және минералдық тыңайтқыш енгізу, суару жұмыстары агротехникалық талаптарға сай, дер кезінде іске асырылып отырады.

Колхоздар мен совхоздар егіс көлемінің құрылымын қайта қарауда жүгерінің көлемін ұлғайтуға баса назар аударуда. Алдын ала шығарылған мәліметке қарағанда, республиканың Тың өлкесінен басқа он облысы дәнге арнап 239 мың гектар жүгері егуді жобалады. Ол өткен жылы 127 мың гектар ғана болатын. Егіс көлемінің құрылымын қайта қарауда өнімді аз беріп келе жатқан сұлы, біржылдық шөп егістерінің көлемі анағұрлым азайтылуда. Тың өлкесінде сұлының егіс көлемін 302 мың гектарға дейін кеміту, ал бүкіл республикада 463 мың гектарға дейін азайту жобаланып отыр. Ал өткен жылы Тың өлкесінде 565 мың гектар, республика бойынша 987 мың гектар сұлы егілген болатын. Біржылдық шөп егісінің көлемін барлық жерде бірдей мейлінше азайту жобаланып отыр. Сонымен қатар егіс көлемі құрылымын қайта қараудың барысында колхоздар мен совхоздар тары, қарақұмық, күріш, қант қызылшасы сияқты дақылдардың егіс көлемін біраз ұлғайтуды көздеуде. Сол сияқты мақтаның егіс көлемі де біраз арттырылмақ.

Өнімі шамалы болып келген дақылдардың орнына асбұршақ, жембұршақ егуге айрықша назар аударылуда. 1962 жылы республиканың колхоздары мен совхоздары былтырғы 107 мың гектардың орнына 709 мың гектарға дәнді бұршақ тұқымдас дақылдар егеді. Мысалы, Семей облысының колхоздары мен совхоздары сұлының егіс көлемін 68 мың гектарға азайтуды, оның есесіне 63 мың гектарға дәнді бұршақ тұқымдас дақылдар егуді ұйғарды. Былтыр мұнда 1,8 мың гектар ғана бұршақ егілген еді. Сол сияқты Шығыс Қазақстан облысының шаруашылықтары да сұлыны ығыстырып, оның орнына 35 мың гектарға бұршақ егуді ұйғарды. Мұндай шаралар басқа облыстарда да қолданылуда.

Егіс көлемінің құрылымын қайта қарауда өнімі аз дақылдардың орнына асбұршақ, жембұршақ егу бағытын ұстау өте орынды. Өйткені дәнді бұршақ тұқымдас дақылдар өнімді мол береді, сонымен бірге олар астық өндіруді арттыруға, мал шаруашылығының берік жемшөп қорын жасауға даңғыл жол ашады. Дәнді бұршақ тұқымдастардың өсу кезеңі өте қысқа болады, көктемгі суыққа төзімді келеді. Мұның өзі республиканың, әсіресе солтүстік облыстары үшін өте-мөте маңызды. Бұршақ тұқымдас дақылдардың ерте пісуі егін жинау жұмысындағы қарбаластықты жоюға, келесі жылдың егісіне жер әзірлеу үшін аңызды ерте босатуға мүмкіндік береді.

Жүгерінің топырақ 10—12 градус жылынғанда сөбілетіні мәлім. Ал бұршақты бұдан ертерек сөбуге болады. Демек, ол ерте піседі. Өнімін жинағаннан кейін бұршақтың орнына жүгері егуге болады. Сөйтіп республиканың оңтүстік облыстарында бұршақ жылына екі өнім алу мүмкіндігін туғызады.

Екіншіден, бұршак тұқымдас дақылдарда белок көп болады. Ал мұның өзі мал шаруашылығын белокты жемшөлпен қамтамасыз етуге жол ашады.

Үшіншіден, бұршак жердің құнарлылығын арттырады, егістікті арамшөлтен тазартады, топырақтағы азотты молықтырады. Өнімі жиналғаннан кейін бұршак егілген жерде гектар басы 70—100 килограмм азот қалады. Мұның өзі 4 центнер аммиак селитрасына немесе 15—20 тонна көнге тең болады. Демек, бұршактан кейін егілген дақылдар азотқа қарық болып, өнімді мол береді.

Дәнді бұршак тұқымдас дақылдардың болашағы зор және экономикалық жағынан өте тиімді. Мысалы, асбұршақтың әр гектары 1 200 сомның және одан да көп сомның табысын бере алады. Республикамызда бұл дақылдарды егу жөнінде тәжірибеге ие болған шаруашылықтар бар. Олар айналысқанына аз уақыт болса да дәнді бұршак тұқымдас дақылдардан біршама тәуір өнім жинап келеді. Шығыс Қазақстан облысындағы Таврия ауданының «Өскемен» совхозында өткен жылы 27 гектар жембұршақтың әр гектарынан 18 центнерден өнім алынды. Семей облысындағы Новошувльба ауданының «Қызыл Қазақстан» совхозында 40 гектар жембұршақтың әр гектарынан жиналған өнім орта есеппен 12 центнерден айналды. Қостанай ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы 15—16 центнерден өнім жинап келеді. Семей облысындағы Шемонайха сорт сынау учаскесі жембұршақтың әр гектарынан алынатын өнімді 22,5 центнерге дейін жеткізді.

Кәзір дәнді бұршак тұқымдас дақылдардың экономикалық жағынан тиімділігі жайында баяндайтын кітапшалар шығарылып, баспасөз, радио арқылы мақала, материалдар көп беріле бастады. Мұны кеңінен пайдаланумен бірге жалпы насихат жұмысында дақылдардың маңызы туралы қалың бұқараға жете түсіндірген жөн. Онда шөл танапты жүйенің өзін өзі ақтамағанын, отамалы дақылдардың егіншілік жүйесінің шаруашылыққа пайдалы екенін нақты фактімен баяндау қажет.

Дәнді бұршак тұқымдас дақылдарды егіс даласына дұрыс орналастырумен қатар олардан өнімді неғұрлым мол алуға мүмкіндіктің бәрін пайдалану керек. Озық тәжірибені таратып, оны кең қолдану арқылы, сондай-ақ жергілікті жағдайды ескере отырып, әрбір шаруашылықта агротехникалық шаралардың комплексін жасаған жөн. Асбұршак, жембұршак және бұршак тұқымдас басқа дақылдарға арнап зябь жыртылған шұрайлы жерді бөлген жөн.

Колхоздар мен совхоздарда бұршақты тарқатарлы әдіспен себу жөнінде Украина дихандары Кавун мен Воловченко жолдастардың және жергілікті сорт сынау учаскелерінің тәжірибесін кеңінен қолдану керек. Сондай-ақ жембұршақты шаршы-ұялы әдіспен еккен жақсы.

Оңтүстік облыстардың суармалы жерлерінде асбұршақты ерте мерзімде егуді кеңінен өрістеткен жөн, сөйтіп оның өнімін жинағаннан кейін орнына жазда жүгері егуге болады. Дәнді бұршак тұқымдас дақылдар егілетін жерлерге қыста қар тоқтатудың маңызы зор.

Дақылдардың өнімін арттыруда тыңайтқыш үлкен орын алады. Қыс кезінде әрбір гектарға есептегенде 10—15 тонна көң және басқа жергілікті тыңайтқыш дайындалуға тиіс. Сонымен қатар жергілікті тыңайтқышты суперфосфатпен қосып пайдалануды да ескермесе болмайды.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, республикалық және өлкелік совхоздар жоғары басқармалары, олардың жергілікті органдары дәнді бұршак дақылдарының егіс көлемін ұлғайту, олардың өнімін арттыру шараларын қолдануға міндетті. Барлық жерде бірдей озат тәжірибе мен ғылымның жетістіктерін насихаттауға назар аударылуы шарт. Бұл үшін баспа орындары шығарған түрлі түсті плакаттарды, листовкаларды, ғылми-зерттеу мекемелерінің ұсыныстарын, киноны,

телевизияны, радионы, баспасөзді кеңінен пайдаланып, түрлі семинарлар өткізген жөн.

Дәнді бұршақ тұқымдас дақылдардың тұқым шаруашылығын көнге салудың, сөйтіп келешекте әрбір шаруашылық өзін жергілікті тұқыммен толық қамтамасыз ету дәрежесіне жетудің маңызы зор. Бұл дақылдар тұқымын сынау жұмысын кең өрістетуге, таяудағы жылдарда республиканың түрлі аймақтары үшін дәнді бұршақ тұқымдас дақылдардың қолайлы сорттарын анықтау — ауылшаруашылық дақылдары сорттарын сынау инспекциясының құрметті ісі.

Егіс көлемі құрылымын қайта қарау кезінде мал азығы үшін қант қызылшасын егуге көп көңіл бөлінуі керек. Қант қызылшасының республиканың оңтүстік-батыс аудандарында және Тың өлкесінің барлық облыстарында жақсы өнім беретінін тәжірибе көрсетті. Целиноград облысының «Вишнево» совхозы былтыр 33 гектар қант қызылшасының әр гектарынан 302 центнер, Көкшетау ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы 40 гектар қызылшаның әр гектарынан 250 центнер өнім алды.

Әрбір шаруашылықта егіс көлемі құрылымын жаппай қайта қарап, өнімі аз дақылдардың орнына жергілікті жағдайға бейім, мол өнімді, экономикалық жағынан тиімді дақылдар егу, жүгерінің, асбұршақтың, жембұршақтың, жемшөптік қант қызылшасының көлемін онан әрі ұлғайту — егіншілікті дамытудағы аса маңызды бағыт. Аудандық партия комитеттері, ауыл-селодағы бастауыш партия ұйымдары бұл шараларды іске асыруға белсене қатысып, егіншілік мәдениетін көтерудің, оның экономикалық пайдасын арттырудың нағыз ұйымдастырушы бола білулері керек.

Астық, техникалық майлы дақылдарды, картопты, овошты, етті, сүтті, жүнді және басқа өнімдерді өндіру мөлшерін арттыруға бар мүмкіндікті сарқа пайдалану, ол жөнінде тапқырлық жасап, жұмыста ширақтық, іскерлік көрсету — партия, совет қызметкерлерінің, әрбір колхоз, совхоз басшыларының, ауыл шаруашылығындағы әрбір еңбеккердің борышы. Ауыл шаруашылығын партияның XXII съезі талабына сай жаңаша өркендету міндетін ойдағыдай орындау алдағы көктемгі егіске сақадай сай әзірленуге байланысты. Егіншіліктің жана жүйесіне орай әрбір шаруашылықтың тұқыммен толық қамтамасыз етілуіне назар аудару керек. Сапалы тұқымның ғана мол өнім беретінін осы бастан ескеру қажет. Сол сияқты әрбір колхоз бен совхозда қысқы агро-техникалық шаралардың мұқият жүргізілуіне зер салу — әсіресе коммунистер мен комсомолецтердің төл ісі.

Аудандық, облыстық партия комитеттері, ауыл-селодағы бастауыш партия ұйымдары колхозшылар, совхоз жұмысшылары, мамандары арасында ұйымдастыру, саяси-үгіт жұмыстарын кеңінен жүргізуге, оларды республика ауыл шаруашылығының барлық саласында жаңа табыстарға жетуге жұмылдыруға міндетті.

Ғылым мен өндіріс—егіз

А. СИРАЗУТДИНОВ,

Қазақ ССР Министрлер Советінің Ғылыми-зерттеу жұмысты ұштастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі

Елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндетін орындау халық шаруашылығының барлық саласында ғылым мен техниканың соны жетістігін жоспарлы түрде қолдануға, өндірістің жұмыс атаулыны жанжақты жетілдіре беруге тікелей байланысты.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ В. И. Ленин: озық техникасыз, ғылым негізінде жасалған қуатты индустриясыз коммунизмге қарай алға басуға болмайды деген еді. Коммунистік партия ғылымды мейлінше дамытуға, ол үшін саналуан мамандықтағы кадрларды тәрбиелеп өсіруге, зерттеу жұмысының өрісін кеңейтуге, ғылымның халық шаруашылығын өркендетудің түбегейлі міндеттерімен, өндірістің өзімен тікелей байланысын нығайтуға әрдайым қамқорлық жасап келеді. Партияның бұл қамқорлығы елімізде ғылымды ұдайы дамытып, алға бастыруға жағдай жасады. Кәзіргі уақытта Совет Одағы дүние жүзіндегі ғылыми-техникалық прогрестің алдыңғы сапында келе жатыр.

Елімізде ғылым мен техниканың шарықтап гүлденуінің айқын бір белгісі—космос корабльдерінің жасалуы, онымен заманымыздың қаһарман ерлері Юрий Гагарин мен Герман Титовтың аспан әлеміне ұшып, салтанатты сапар шегіп қайтуы болды. Бұл ерлердің аспан әлеміне шарықтап қайтқан ұшу сапарлары біздің советтік ғылым мен техниканың керемет жеңісі, сонымен қоса ол біздің бүкіл советтік құрылыстың зор жеңісі, социализм мүмкіншіліктерінің зор екенін айқын көрсететін күдіретті фактор болып саналады.

Мұндай таңғажайып ерлік іс ғылыми ақыл-ойдың барлық салада, әсіресе математика, физика, химия, биология саласында ойдағыдай дамымайынша, өнеркәсіп кемеліне келіп өркендемейінше, ғалымдардың, ғылыми-техник қызметкерлердің, білімпаздардың шарықтаған ұшқыр қиялын іске асыруға атсалысқан басқа да сан мыңдаған адамдардың шабытты еңбек етпейінше жүзеге асырылуы мүмкін емес еді.

Совет ғалымдары атом қуатын бейбітшілік мақсатқа пайдалану жөнінде, кибернетикада, «алғыр», үздік есеп машинасын жасауда, полимер химиясында, автоматика мен телемеханиканы, радиотехника мен электрониканы дамытуда, қоғамдық ғылым және ғылымның, техниканың басқа саласында тамаша табыстарға жетті. Ауыр өнеркәсіп саласында, ауыл шаруашылығында, электр, гидравликалық, атом станцияларын салуда, қазба кендерді кәдеге жаратуда қол жеткен табыстар озық совет ғылымының үздік жетістіктеріне тікелей байланысты болып отыр.

Партияның XXII съезі өз халқына, коммунизмнің ұлы ісіне аянбай қызмет етіп келе жатқан советтік ғылымға жоғары баға берді. Партияның жаңа Программасында білімнің бүкіл саласын оған әрі дамытуға даңғыл жол ашылды.

Ғылымның мәртебесі адам баласының тарихында кәзіргі біздегідей ешуақытта заңғар биікке көтерілген емес. Совет халқының қаһармандық еңбегімен жасалып жатқан коммунистік қоғам әлеуметтік, ғылыми-техникалық прогрестің асқан үлгі-өнегесін көрсетеді. «Шаруашылықтың социалистік системасы жағдайында, — делінген партия Програм-

масында — ғылым мен техниканың прогресі табиғат байлығы мен күштерін халық мүдделері үшін анағұрлым нәтижелі пайдалануға, энергияның жаңа түрлерін ашып, жаңа материалдар жасауға, ауа райы жағдайларына ықпал ету әдістерін жасап шығаруға, космос кеңістігін игеруге мүмкіндік береді. Ғылымды қолдану қоғамның өндіргіш күшгерінің қуатты түрде өсуінің шешуші факторына айналады. Ғылымның дамуы және оның жетістіктерін халық шаруашылығына енгізу бұдан былайғы жерде де партияның ерекше қамқорлық жасайтын ісі болады».

Ғалымдардың, инженер-техник қызметкерлердің, жұмысшылардың күш салуы нәтижесінде жеті жылдықтың соңғы үш жылында ғана машина-жабдықтардың, прибор, аспаптардың мыңдаған жаңа үлгілері жасалып, өндіріске берілді; бу және гидравликалық электр станцияларының мінсіз агрегаттары іске қосылды, дүние жүзінде үлкендігі жағынан теңдесі жоқ домналар, кокс батареялары, прокат және труба-лы стандалар жасалып, автоматты тетіктермен жабдықталды. Ауыл шаруашылығы, құрылыс, транспорт, жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін ондаған жаңа машина жасалды.

Қазақстанда да ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін өндіріске енгізу, өнеркәсіптің техникалық дәрежесін көтеру бағытында біраз жұмыс істелді. 1959—1961 жылдары республиканың өнеркәсібінде 353 автомат және жаппай механикаландырылған үздіксіз желі, 880 автоматты станок және жартылай автомат машина мен станок, 650 жаппай автоматтандырылған қондырғы мен агрегат енгізілді, бұл бұдан бұрынғы төрт жылдағыдан ол екі-үш есе артық. Осы мерзім ішінде жаңа техника енгізуден 54,2 миллион сом үнем жасалды.

Техникалық прогресс саласындағы табыстарға жетуде ғалымдардың, инженер-техник қызметкерлердің, сондай-ақ өндіріс жаңашылдары мен өнертапқыштарының жетекші роль атқарғаны даусыз. Тек жылтыр ғана техникалық прогреске зор үлес қосқаны үшін 14 ғалымға, инженер-техник қызметкерге және жаңашыл жұмысшыға Лениндік сыйлықтар берілді. Оның ішінде Қазақ ССР Ғылым академиясының ғалымдары Мусин, Жақыпбаев, Лениногор полиметалл комбинатының өндірісшілері Малкин, Кутузов, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының инженер-техник қызметкерлері Вартамян, Котов және басқалары бар.

Соңғы жылдары ғылым мен техниканың табыстарын өндіріске енгізу жөнінде істелген жұмыстардан мыналарды атап өтуге болады: кен өнеркәсібінде — Лениногор мен Зырян комбинаттарының рудниктерінде жұмыстың өнімді жүйесі енгізілді, оған бұрғылаудың жаңа техникасы, өздігінен жұмыс істейтін жабдықтар кеңінен пайдаланылды; кен байыту саласында — Мырғалымсай, Зырян, Лениногор және басқа кендерде руданы ұсақтап, байытудың жаңа схемасы енгізілді, Жезқазғанның тотыққан рудаларынан профессор Мостовичтің әдісі бойынша мыс алу; түсті металлургияда — Өскемен, Ертіс, Балқаш комбинаттарында оттегімен үрлеудің байыту әдісі Совет Одағында тұңғыш рет қолданылды, көмір өнеркәсібінде — қосымша жұмыстарды кеңінен механикаландыру есебінен көмір өндіруде еңбек өнімділігі біраз арттырылды.

Халық шаруашылығының өзге де тарауларында бұдан маңызы ешбір кем түспейтін шаралар іске асырылды.

Коммунистік құрылыстың шам-шырақтары — коммунистік еңбек бригадалары, жаңалықтың, озаттықтың жаршылары — тамаша табыстарға жетті. Мысалы, Жезқазған руднигінде Мінібаев, Маныч, Гунтис, Якубович жолдастардың бригадалары әрбір жұмысшыға есептегенде 34—48 тонна руда өндіріп келеді. Лениногор полиметалл комбинатында таңдаулы скреперистер руда тасу жұмысында еңбек өнімділігін екі-үш

есе арттырып келеді. Қарағанды көмір бассейніндегі № 31 шахтада Су-сяков, Омаров, Величкин, Волков жолдастардың бригадалары өткен жылдың апрель айында 48 мыңнан астам тонна көмір өндірді, сөйтіп олар кен комбайнының жұмыс өнімділігі жөнінде дүниежүзілік рекорд жасады.

Бізде коммунистік еңбек бригадасы, цехы, учаскесі, коллективі деген құрметті атақты жеңіп алған жұмысшы, инженер-техник қызметкерлердің қауымы аз емес. Коммунизмдегіше еңбек етіп, коммунизмдегіше тұрмыс құру жолындағы жарысқа қосылушылардың саны барған сайын көбейіп келеді.

Әрине, мұның бәрі республика ғалымдарының, инженер-техник қызметкерлерінің, бүкіл еңбекшілерінің партия Программасы бойынша алға қойылған алып міндеттерді орындау жолында жүзеге асырған шараларының бастамасы ғана болып саналады. Қазақстанда табиғат байлығы, оның, әсіресе пайдалы қазба кендерінің қоры мол. Бүкіл ел алдына қойылған басты экономикалық міндетті орындау ісінде біздің республиканың халық шаруашылығын жедел де кең қанаттата өрбітіп өрге бастырудың маңызы зор. Әсіресе Қазақстанның түсті, сирек, қара металдар өндірісін, химия өнімін, көмір, мұнай өндіру мөлшерін ұлғайтудың мәні ерекше. 1980 жылға дейін түсті металдар өндіруді бірнеше есе көбейту көзделеді. Жиырма жыл ішінде Қазақстанда Бүкілодақтық маңызы бар қуатты металлургия базасы жасалады. Темір рудаларын шығару 1961 жылғы 7 миллион тонна орнына 1980 жылы 120—130 миллион тоннаға жеткізіледі. Шамамен көмір өндіру бес есе артады, оның ішінде жылына 100 миллион тоннадай отын ашық шахталарда өндірілмек. Маңғышлақ түбегінде табиғат байлығын игеру негізінде республикада мұнай өндіретін жаңа база құрылады. 1980 жылға дейін мұнай өндіру 50 миллион тоннаға дейін жеткізіледі, сөйтіп ол кәзіргіден 30—40 есе өседі.

Елдің өндіргіш күштерін жедел де кең өрістете дамытудың алып жоспарларын белгілей отырып, партия ол міндеттерді орындаудың да жолдарын мезгеуде. Н. С. Хрущев жолдас XXII съезде партия Программасы туралы баяндамасында былай деп атап көрсетті: «Қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыру — біздің прогрестің өлшемі және адамдардың тұрмыс дәрежесі артуының аса маңызды көзі, міне, осы. Мәселені бұдан басқаша қоюдың қандайы болса да бос сөз... Жоспарлаушы органдардың жобасына қарағанда, ұлттық табыстың 1961—1980 жылдардағы бүкіл өсімінің оннан тоғызынан астамы еңбек өнімділігін арттыру есебінен қамтамасыз етілуге тиіс».

Партия Программасында көрсетілгеніндей, жиырма жылдан кейін совет өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі Америка Құрама Штаттарындағы еңбек өнімділігінің кәзіргі дәрежесінен шамамен екі есе асып түседі.

Шығарылған кейбір есепке қарағанда кәзіргі уақытта республика бойынша еңбек өнімділігі бүкіл Одақ бойынша қол жеткен дәрежеден төмендеу болып отыр, міне соңдықтан біз еңбек өнімділігін арттыру қарқынын анағұрлым күшейтуіміз керек. Халық шаруашылығын жедел өркендетудің, еңбек өнімділігін арттырудың аса маңызды құралы—өндіріс жұмыстарын жаппай механикаландыру және автоматтандыру, жалпы өндірістің бүкіл саласын ұдайы жетілдіру. Бұл міндетті орындау үшін осы күндері қолданып жүрген құралдар да, жұмыс қарқыны да жеткіліксіз. Өндіріс технологиясын түбірінен өзгертуге, жұмыстың бәрін механикаландырып, автоматтандыруға мүмкіндік беретін мүлде тың жаңалықтар ашу керек. Бұл жөнінен ғылым зор роль атқаруға міндетті.

Ғылми-техникалық прогресте ғалымдардың, инженер-техник қызметкерлердің негізгі назары аударылатын мәселелер мынадай деп есейтейміз:

кен өнеркәсібінде — қуатты жабдықтарды пайдалана отырып, кенді ашық әдіспен шығаруды өрістету, тау жыныстарын қопарудың жаңа тиімді жолдарын табу, руданы ұқсату, тасып жеткізу жөнінде жаңа әдістер қолдану, байыту фабрикаларын жаппай механикаландыру және автоматтандыру, газбен, тозаңмен бірге босқа кететін өнімдерді ажыратып ала отырып, пайдалы қазба кендерді байытудың озық схемасын қолдану;

көмір өнеркәсібінде — көмірді ашық әдіспен шығаруды барынша дамыту, бұған роторлы және шөміші аумақты экскаваторларды, көмір қазып-құлатқыш тетіктерді, үздіксіз жұмыс істейтін транспортты баса пайдалану, көмірді байыту әдісін кең қолдану;

түсті, қара металлургия, химия, мұнай, газ өнеркәсібінде өндірісті жетілдіру, механикаландыру, автоматтандыру бағытында көп шаралар қолданылуға тиіс.

Машина жасау өнеркәсібінде жүзеге асырылатын шаралар да аз емес. Мысалы, өнеркәсіптің бұл саласында халық шаруашылығы үшін жұмысы өнімді жаңа машиналар мен агрегаттар, әсіресе өндіріс жұмыстарының үздіксіз істелуін, механикаландырылуын, автоматтандырылуын қамтамасыз ететін жабдықтар жасау, жасалатын машина-жабдықтардың, аспаптардың сапасын жақсарту, салмағын жеңілдету шаралары іске асырылады;

энергетика өнеркәсібінде — ол бүкіл еліміздің энергетика жүйесінің бөлінбес бір құрамды бөлігі—Қазақстанның бірыңғай энергетика жүйесі құрылады; Екібастұз, Майкөбе, Құсмұрын кендеріндегі арзан көмірлерді электр қуатын өндіруге кеңінен пайдалану, кәзіргі бар электр станцияларында және олардың жаңадан салынатындарында жұмысы өнімді, қуаты күшті агрегаттарды қолдану тағы басқалары;

жеңіл өнеркәсіп саласында — өндірісті жаппай автоматтандыру, жасанды материалдарды (жасанды торқа, былғары, пластмасса және басқалары), технологиялық жаңа процестерді батыл енгізу, аяқ киім шығарудың жаңа әдістерін қолдану, табиғи және жасанды талшықтарды араластырып, матаның жаңа түрлерін шығару тағы басқалары. Сол сияқты тамақ өнеркәсібінде де бірталай жаңалықтар болады. Бұл айтылғандар саналуан өнеркәсіп салаларынан келтірілген жеке мысалдар ғана.

Міне мұның бәрі физика, математика, химия, биология, атом энергетикасы мен радио электроника саласында жаңалықтар ашу негізінде орындалмақ. Сонымен қатар мұның өзі республика өнеркәсібінің техникамен жарақтану жайын өзгертуге, еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырма мөлшерін өсіруге мүмкіндік береді. Республиканың ғылым саласындағы азды-көпті жетістіктері жоғарыда баяндалды. Бірақ соған қарамастан, біздің ғылыми мекемелердің ұшан-теңіз мүмкіндіктері әлі де толық та тиімді пайдаланылмай жүр. Халық шаруашылығының кейбір саласында ғылым мен өндірістің байланысы шамалы, бұл жөнінде әлі де болса шалағайлық, салақтық бар.

Ғылыми күшті бытыратпай, оны ең шешуші маңызды буындарға қарай бағыттап отыру — іргелі міндет болып саналады. Бұл қасиетті міндетті орындауда, ең алдымен Қазақ ССР Министрлер Советінің Ғылыми-зерттеу жұмысты ұштастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне және оның қызметкерлеріне үлкен жауаптылық жүктеледі. Республикадағы ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмысына басшылық ету, Қазақ ССР Ғылым академиясының, халық шаруашылығы советтерінің, министрліктер мен ведомстволардың аса маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұштастырып отыру, ол жұмыстардың нәтижесі халық шаруашылығында қолданғанша үздіксіз жүргізілуін ұйымдастырып, мемлекеттік бақылау орнату, тиісті мекемелермен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарының

перспективалық жоспарын жасау, халық шаруашылығы үшін құнды ғылыми-техникалық проблема, өнертабыс, жаналықтар жөнінде ұсыныс даярлау, өндірісте қолдану үшін ғылым мен техника табыстарын зерттеу, жинақтау — міне, комитеттің атқаратын жауапты міндеттерінің ұзын ырғасы осындай. Сонымен қатар комитет ғылыми-зерттеу мекемелерін қаржыландырудың, оларды материалдық-техникалық жағынан жабдықтаудың, ғылымды дамытуға күрделі қаржы жұмсаудың жылдық және перспективалық жоспарларын да жасап отырады.

Кәзіргі уақытта ғылыми-зерттеу жұмыстарының ойдағыдай ұштастырылмауы елеулі кемшіліктерге соқтырып жүр. Кейде ғылыми-зерттеу институттарына маңызы шамалы ұсақ-түйек тапсырмалар беріледі, зерттеу жұмыстары ұзаққа созылады, ал зерттелген жұмыстар кейде өндіріске енгізілмей, аяқсыз қалып қояды, зерттеу жұмыстарын жүргізуде қосарланушылық, бір мекеменің екінші мекемеге бөгет жасауы сияқты қолайсыз жағдайлар бар. Ғылыми қызметкерлердің күш-жігері кейде дұрыс бағыттталып отырмайды. Оған мынадай жеке мысалды келтіруге болады. Минералды шикізат институтының пайдалы қазба кен байыту лабораториясы, Қазақ ССР Ғылым академиясының металлургия және кен байыту институты, Алтай кен-металлургия институты, металды механикалық жолмен өңдеу институтының Қазақ филиалы, түсті металлургияның бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институты жаңа кендерге технологиялық жағынан баға беру ісімен шұғылданып келеді. Ал оның бержағында бұл жұмыс геология басқармалары жанындағы әр лабораторияның шамасынан әбден келеді. Өйткені сол лаборатория әдейі осыған арнап құрылған. Тағы да бір мысал. Жоғарыеспе, Жәнет, Николаев кендері рудасын байыту технологиясын жасаумен 12 институт шұғылданып келеді. Солай бола тұрса да республикада кен байытудың жаңа тиімді жолдарын тауып, оны енгізумен әдейі шұғылданып отырған мекеме жоқ. Кейде бірнеше зерттеу ұйымдары бір өндіріс үшін түрлі-түрлі әдіс ұсынады, ол ұсыныстар кейде бір-біріне қайшы келеді.

Республикада ғылымды онан әрі дамытудың, ғылыми-зерттеу мекемелерінің жүйесін көбейтіп, олардың жұмысын түбірінен жақсартудың маңызы зор. Бірқатар ғылыми-зерттеу мекемелерін, ең алдымен қара металлургия өнеркәсібі, машина жасау өнеркәсібі, механикаландыру, автоматтандыру жөнінде, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің жеке саласы бойынша ғылыми-зерттеу мекемелерін жаңадан ұйымдастыруды жеделде түпкілікті шешу керек. Өйткені өнеркәсіптің бұл тараулары жөнінде ғылыми-зерттеу мекемесі жоқ. Сол сияқты бұл салаларда зерттеуші мамандар да мүлде аз.

Ғылыми-зерттеу орындарында өндірістік және материалдық-техникалық базаның онша нығайтылмауы немесе әлсіздігі біздің республикаға тән кемшілік болып отыр. Ғылым саласындағы бірқыдыру құнды жетістіктердің өндіріске шабан енгізілуінің басты бір себебі осында. Сондықтан жаңадан ғылыми-зерттеу институттарын ұйымдастыруда, кәзір бар ғылыми мекемелердің жұмысын жақсартуда бұл мәселеге айрықша назар аударған жөн.

Техникалық прогресті шапшандатуда, ғылым мен техниканың табысын өндіріске батыл енгізіп отыруда тәжірибе цехтары, учаскелері, конструкторлар бюросы, лабораториялар маңызды роль атқарып келді және бұдан былай да солай бола бермек. Республикада бұлардың саны аз емес (625 лаборатория, конструкторлардың 205 бюросы, 60 тәжірибе цехы мен учаскесі, 23 топ бар, олар 10 мыңдай адамды, мұның ішінде 4,5 мың инженер-техник қызметкерді қамтиды). Дегенмен, халық шаруашылығы советтері бұл тәжірибе орындарының жұмысын жүйелі тәртіпке салып, ұйымдастыра алмай келеді. Ғылыми лабораториялардың, тәжірибе цех, учаскелерінің жұмысын жанжақты зерттеп, оларды кадр-

жел, материалдық-техникалық базамен нығайту, өндірістегі ролін арттыру шарасын көрген мақұл.

Ғылым мен техника саласындағы жаңалықтың бәрін тек күні бүгін дұрыс жобалау арқылы ғана ойдағыдай іске асыруға болады. Кейде мұның өзі қиыншылыққа килігіп қалып отырады, өйткені бізде жобалаушылар мен зерттеушілер бір-бірімен келісе отырып, жұмыс істемейді. Соның салдарынан жобалау жұмысында жарамсыз жайлар орын алады.

Ғылыми-зерттеу және жобалау институттарының комплексін жасаудың маңызы зор. Міне сонда ғана ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жобалау ісі бір-бірімен дұрыс ұштастырылады. Украинадағы болат пісіру институты, металды механикалық жолмен өңдеу, Шығыс аудандарында мұнай кәсіпорындарын жобалау институттарының тәжірибесі мұны айқын көрсетуде. Өйткені, ғылыми қызметкерлер мен жобалаушылар бір-бірінде жұмыс істеп, өздерінің атқаратын қызметін тығыз байланыстырып отырады. Ал оның бер жағында мұндайда олар бірін-бірі бақылауға, жұмыс үстінде кез болған мәселелерді жедел де дұрыс шешуге мүмкіндік алады. Мұның өзі ғылыми жұмыстың дәрежесін, сапасын арттырады. Осындай институттарда зерттелген жұмыстың нәтижесі бірден тікелей өндіріске енгізіледі. Институттардың бұл сияқты құрылымы өндірісшілерге де ұнайды.

Социалистік экономикамыз техникалық прогрестің барынша жедел дамуына мүмкіндіктің бәрін жасап отыр. Бірақ бұл мүмкіндіктер республиканың көптеген халық шаруашылығы советі мен кәсіпорнында толық пайдаланылып отырған жоқ. Халық шаруашылығы советтерінің бірқатары жетіжылдықтың үш жылында жалпы өнім шығару жоспарын орындады. Бірақ жаңа техниканы өндіріске енгізу жөнінде істің жайы бұдан басқаша болып отыр. Өткен жылы Қарағанды халық шаруашылығы советінің, Қазақ ССР Байланыс министрлігінің, Мәдениет министрлігінің кәсіпорындары мен құрылыстарында жаңа техниканы енгізілуі мүлде қанағаттанғысыз болды.

Совет мемлекеті жаңа техниканы дамытуға және оны өндірісте қолдануға жыл сайын көп қаржы бөліп отырады. Бұл қаржыны ұдайы өнімді пайдаланудың маңызы зор. Жаңа техниканы қолдану нәтижесі әрқашан да жемісті болуы шарт. Халық шаруашылығы советтері жаңа техниканы енгізудің 1962 жылға арналған жоспарын әрбір кәсіпорынға уақытында жеткізуі керек. Партия ұйымдары да бұған назар аударып отыруға міндетті. Барлық халық шаруашылығы советінде, әр кәсіпорын мен құрылыста жаңа техниканы енгізудің мемлекеттік жоспарын сөзсіз орындау жөнінде ұйымдық-техникалық шаралар жасау қажет. Ал оның орындалуына жұртшылық бақылауын ұйымдастырған жөн. Осы бақылаудың жайы туралы баспасөзде үзбей жазып отыру және партия ұйымдарының жиналыстарында талқылау орынды болар еді деп топшылаймыз.

Коммунизм жедел ғылыми-техникалық прогресс негізінде қоғамдық өндірістің үздіксіз дамуын, еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз етеді, адамды жетілдірілген, қуатты жаңа техникамен қаруландырады. Партия, жоспарлау, шаруашылық орындарының, ғылымдардың, инженер-техник қызметкерлердің, кәсіпорын, ғылыми-зерттеу мекемесі басшыларының міндеті—жаңа техниканы өндіріске баяулатпай батыл енгізу, ғылымның коммунистік құрылыс практикасымен байланысын мейлінше нығайту. Мұның халық шаруашылығын үздік жаңа техникамен жарақтандырып, өрге бастыра беруде, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда маңызы зор.

Социалистік мемлекеттіліктің коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруына ұласуы

С. САРТАЕВ,

заң ғылымының кандидаты

Совет Одағы Коммунистік партиясының жаңа Программасы мемлекет және социалистік демократия жөніндегі теориялық мәселелерді онан әрі творчестволықпен дамытты.

Марксизм-ленинизм үйреткендей, мемлекет дегеніміз — таптық қоғамның ең бір ескі саяси ұйымының бірі. Жылдардан жылдар, ғасырдан ғасырлар өтіп, бір билеуші тап екінші тапты ауыстыру арқылы мемлекеттік билік келіп шықты. Ол билеуші таптың екінші тапты езу, қанау құралы болып, еңбекші халықты мемлекет басқару ісіне жолатпайтын таптық саяси ұйым болып алды.

Октябрь социалистік революциясы Россия буржуазиясының елді езуші саяси ұйымы болып келген мемлекеттің күлін көкке ұшырды. Коммунистік партия басқарған жұмысшы табы елімізде буржуазия диктатурасын күйретіп, пролетариат диктатурасын орнату негізінде өкімет билігін өз қолына алды. В. И. Ленин Октябрь революциясының алдында былай деген еді: «Пролетариатқа мемлекеттік өкімет, күштің бір орталыққа бағынған ұйымы, зорлық ұйымы қажет, қанаушылардың қарсылығын басуы үшін де, социалистік шаруашылықты «жөнге салу» ісінде халықтың орасан көп қалың бұқарасына—шаруаларға, ұсақ буржуазияға, жартылай пролетарларға басшылық етуі үшін де қажет» (В. И. Ленин, Шығармалар, 25-том, 418-бет).

Жеңген пролетариатқа өз билігін, өз мақсатын, өз талабын жұмысшы табының мүддесіне сай келетін мемлекет арқылы іске асыру қажет болды. Пролетариат мемлекетінің саяси формасы Советтік мемлекет болды. В. И. Ленин айтқандай, «Капитализмнен коммунизмге өту, әрине, орасан көп, әр алуан саяси формаларды тудырмай тұрмайды, бірақ соның бәрінің мәнісі сөзсіз біреу-ақ болады: Пролетариат диктатурасы болады» (В. И. Ленин, Шығармалар, 25-том, 428-бет). Өмір бұл көрегендікті растады. Біздің елдің тәжірибесі халықтардың социализмге тек социалистік революцияны және пролетариат диктатурасын жүзеге асырудың нәтижесінде ғана өте алатынын көрсетіп отыр.

Социалистік революция негізінде туған пролетариат диктатурасы өзінің негізгі мақсатының бірі етіп қоғамды антагонистік тапқа бөлетін өндіріс құралдарына деген жеке меншікті, қанаушы таптарды жою міндетін алға қойды. Бұл мақсат орындалып, елімізде социализм толық және түпкілікті жеңді. Сөйтіп, социализм жеңген соң, еліміз коммунизм құрылысын кеңінен өрістетудің дәуіріне аяқ басқан кезде пролетариат диктатурасы ішкі даму міндеттерінің тұрғысынан қарағанда қажеттіліктен қалды.

Өзінің тарихи міндетін өтегеннен кейін, пролетариат диктатурасының мемлекеті жалпыхалықтық мемлекетке, ал пролетарлық демократия—бүкіл халықтық демократияға айналып отыр. Әрине, пролетариат диктатурасының мемлекеті мен жалпыхалықтық мемлекеттің арасында

үлкен қайшылық бар деп ойлауға болмайды. Олар біріне бірі ұқсас әрі мүлдемделес. Коммунизм құру дәуірінде туған жалпыхалықтық мемлекетіміз пролетариат диктатурасы мемлекетінің негізінде туып отыр. Сондықтан да ревизияшылдардың оларды бір-біріне қарсы қою жөніндегі ғылымдық «теориясынан» түк шықпайды. В. И. Ленин Совет мемлекетінің жаңа туған кезінде-ақ біздің мемлекетіміз байырғы мемлекеттердей емес. «жартылай мемлекет», коммунизмге өту дәуірінің мемлекеті дегенді. Өйткені, дүние жүзіндегі бірінші пролетарлық мемлекетте азшылық көпшілікке емес, көпшілік езуші азшылық тапқа үстемдік жасап, еңбекші халықты қоғамды басқару ісіне тартты.

Пролетариат диктатурасы өзінің туған күнінен бастап-ақ өз бойында социалистік демократияның ерекшеліктері бар екенін көрсетті. Елімізде социализмнің дамуына байланысты, пролетариат диктатурасы демократиясының ерекшеліктері өрістеп, нығайды және ол салтанат құрды. Осы негізде біздің елімізде мемлекет тап билігінің құралынан бүкіл халықтың еркін, мақсатын іске асыратын орган болуға көшті.

Октябрь социалистік революциясының негізінде туған пролетариат диктатурасы Отанымызда социализмнің жеңісін қамтамасыз етіп, бүкіл дүниежүзілік тарихи роль атқарды. Социализм орнату ісіне бүкіл халқымыз үлес қосты. Социализм жеңіп, салтанат құру процесінде пролетариат диктатурасының өзі де өзгерді. Пролетариат диктатурасының негізгі міндетінің бірі — қанаушы таптарды басып-жаншу қызметі қанаушылардың құруына байланысты жойылды. Шаруашылықты ұйымдастыру және адамдарға мәдени-тәрбие беру міндеттері жанжақты дамып, Совет мемлекеті жаңа кезеңге аяқ басты.

Коммунистік партия әр уақытта қоғам дамуының заңдылықтарын, бұқараның тәжірибесін жете зерттеп, маркстік-лениндік теорияның дамуына жағдай туғызып отырады. Біздің еліміз кәзір өзінің даму жолында халық шаруашылығын, ғылымды, техниканы, мәдениетті өркендетуде үздік табыстарға жетіп, социализмнен коммунизмге бет алып отыр. Коммунизм совет халқы үшін алыстағы келешек емес; оның күнделікті практикалық міндетіне айналды. Бұл пролетариат диктатурасының іске асырылуының негізгі қорытындысы. Партиямыздың Программасында атап көрсетілгендей, пролетариат диктатурасының қажеттігін тудырып келген жағдайлар жойылды, бұл диктатураның ішкі міндеттері орындалды.

Н. С. Хрущев жолдас XXII съезде жасаған баяндамасында былай дейді: «Жұмысшы табы — өзінің үстемдігін мәңгі қалпында сақтау мақсатын көздемейтін тарихтағы бірден-бір тап. Оның диктатурасын өмірге келтірген жағдайлар жойылып, қоғам тек осы диктатураның көмегімен ғана шеше алатын міндеттер тамамдалған кезде, жұмысшы табының басшылығымен мемлекет социалистік қоғам еңбеккерлерінің жалпыхалықтық ұйымына ұласа бастайды».

Шынында да біздегі жағдай осылай болып отыр. Мұның өзі адам баласының тарихында, яғни қоғам даму тарихында бұрын-соңды болмаған жағдай. Мемлекеттің таптық езу құралынан бүкіл халықтың, бүкіл қоғамның коммунизм құру құралына айналуы тұңғыш рет біздің елде басталып отыр.

Пролетариат диктатурасы мемлекетін жалпыхалықтық мемлекетке айналдырған шарттардың, жағдайлардың бірі — социалистік құрылыс процесінде өндіріс құралдары мен жабдықтарды жеке меншіктенудің жойылғаны. Мұнымен бірге адамды адам қанауының негізі де жойылды. СССР-де шаруашылықтың социалистік системасы және құрал-жабдықтарға деген социалистік меншік толық орнықты. Советтік қоғам жедел қарқынмен дамып, өркендеді. Социалистік меншіктің екі түрі

барған сайын жақындасып, бірыңғай коммунистік меншікке ойысты. Қала мен деревняның, дене еңбегі мен ой еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылық бірте-бірте жойылуда.

Біздің елде социализмнің жеңуіне байланысты қоғамның таптық құрылысы да өзгерді. Жұмысшы табы капиталистік қанаудан азат болып, өзінің қоғамдағы басқарушылық ролін көтерумен қатар, саяси толысып, мәдениетін көтеру негізінде бұрынғыдан да ұйымшыл тапқа айналды. Елімізді индустрияландыру саясатына байланысты оның саны да өсті. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясатының негізінде шаруалар бірден бір тура жолға—социализм жолына түсіп, әлді-ауқатты мәдениетті колхозшы шаруаға айналды. Олар өз жұмысын бірлескен еңбекпен, кәзіргі заман техникасына негіздей жүргізеді. Советтік интеллигенция жұмысшылар мен шаруаларға түп тамырымен табиғи байланысты. Бұлардың творчестволық, ерікті еңбегі Отан игілігіне, халық игілігіне бағышталып, еліміздің үздіксіз алға басуын қамтамасыз етеді. Біздің социалистік құрылысымыз бұлардың одағынсыз, ынтымағынсыз өмір сүре алмаған болар еді. Қанаушылық элементтерден, таптық қайшылық пен соқтығысудан азат болған советтік қоғам, міне енді қала мен ауылдың еркін еңбекшілерінің қоғамына айналып отыр.

Жалпыхалықтық мемлекеттің негізгі ерекшеліктері неде? Ол мынада: жалпыхалықтық мемлекет бір таптың екінші тапқа саяси үстемдік жүргізу құралы емес. Өйткені, біздің қоғамда антагонистік қайшылықтар, антагонистік таптар жоқ. Жалпыхалықтық мемлекеттің таптық жауларын басып-жаншу міндеті болмайды. Ол бір таптың ғана еркін мақсатын емес, бүкіл халқымыздың еркін, мақсатын іске асыруды көздейді. Жалпыхалықтық мемлекет—социалистік мемлекеттің дамуындағы жаңа кезең, социалистік мемлекеттің коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруына ұласуы жолындағы аса маңызды белес.

Жалпыхалықтық мемлекет пролетариат диктатурасы мемлекетінің бастаған ісін алға жүргізіп, коммунизм құру мәселелерін шешеді. Демек, біз саяси системамызды жетілдіру міндетіміз кәзірдің өзінде орындалып бітті дей алмаймыз. Советтік қоғам және мемлекеттік құрылысымыз қаншалықты демократияшыл болған менен оларды онан әрі дамыту мәселелері күн тәртібінен түспек емес. Н. С. Хрущев жолдас партиямыздың Программасы туралы XXII съезде жасаған баяндамасында «Жалпыхалықтық мемлекеттің жетіліп, дами беруі үшін, мемлекеттік органдарды басқаруға және бақылауға бұқараны барған сайын көбірек тарту үшін қажетті шараның бәрін де істеу керек» деді.

Ал, осызаманғы ревизияшылдар марксизмді бұрмалап, революция жеңісімен-ақ іле-шала социалистік мемлекет өліп-өшуі керек деп саядырақтайды. Бұл «теорияның» астары аян. Ол жұмысшы табын қарусыздандыруға, қол жеткен жеңістен жұрдай етуге бағытталған. Шынығында тарихи даму мемлекеттің сөзсіз өліп-өшуіне жеткізеді. Бірақ ол өте ұзаққа созылып, тұтас тарихи дәуірді қамтиды. Бұл үшін кемеліне келген коммунистік қоғам орнату керек және халықаралық көлемде социализм жеңіп, нығайуы қажет.

* *

*

Коммунизм құрылысын кең өрістету дәуіріндегі жалпыхалықтық мемлекет социалистік демократияны жанжақты өрістетіп, жетілдіру негізінде мемлекетті басқаруға, шаруашылық пен мәдени құрылысқа басшылық етуге барлық азаматтарды белсене қатыстырады, мемлекеттік аппараттың қызметін жақсартып, оның жұмысына халықтың бақылауын күшейтеді, сөйтіп мемлекет органдарын бірте-бірте коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруына ұластырады.

Демек, мемлекетті басқару ісіне көпшілікті неғұрлым көп тарту— жалпыхалықтық мемлекеттің негізгі принципін бірі. Халқымызды осылай өкімет билігіне неғұрлым кең тартатын саяси ұйымның бірі— Советтер. Өйткені, олар өз бойында мемлекеттік және қоғамдық ұйымның белгілерін ұштастыра отырып, қалың бұқараны өзіне тартатын саяси-қоғамдық ұйымдарға айналып келеді. Сондықтан да партия халық өкілділігінің формаларын жетілдіре беру және социалистік сайлау системасының демократиялық принциптерін дамыта беру қажет деп санайды.

Партия жеке адамға табынудың зардабын жою жөнінде батыл шаралар қолдана отырып, социалистік демократияны онан әрі өрістете түсті. Бұл мәселе партиямыздың Программасында айқын да кең баяндалды.

Үстіміздегі жылғы 18 мартта Қазақстан еңбекшілері бүкіл совет халқымен бірге жалпыхалықтық мемлекетіміздің ең жоғарғы өкімет органы — СССР Жоғарғы Советін сайлайды. Кәзір елімізде сайлау науқаны партиямыздың XXII съезіне байланысты туған зор саяси және өндірістік өрлеу үстінде қызу жүргізілуде.

Сайлауға әзірлік кезінде социалистік демократия бар тұлғасымен айқын көрінуде. Оның ең үлкен жеңісінің бірі—көп ұлтты совет халқының мүддесіне сәйкес, СССР Жоғарғы Советінің екі палатадан құрылуы. Мұның өзі Отанымыздың ұлттары арасындағы достықты нығайтып, оларды ынтымақтастыра түседі. СССР Жоғарғы Советінің Одақ советі мен Ұлттар советі депутаттарының сайлауы жеке сайлау округтері бойынша өтеді. Сайлау округтерінің принципі біздің социалистік демократияның мынадай екі жағын бейнелейді: біріншіден, біздің сайлау правомыз сайлау жасына жеткен барлық азаматтарға, яғни жалғызға бірдей тең екендігін, екіншіден, барлық үлкенді-кішілі ұлттарымыздың тең праволы екендігін дәлелдейді. Еліміздегі әрбір ұлттық мемлекеттер Одақ советіне әрбір 300 мың адамнан бір депутат сайлаумен қатар, Ұлттар советіне әрбір одақтас республика 25 депутат, автономиялы республика—11, автономиялы облыс—5, ұлттық округ—1 депутат сайлайды. Бұл — мемлекетіміздің социалистік демократиясын айқын бейнелейтін фактілердің бірі.

Жақында жарияланған сайлау округтерінің тізімі біздің еліміздің коммунизм құру жолындағы табыстарын көрсетеді. СССР Жоғарғы Советінің 1958 жылы өткен сайлауында Одақ советін сайлайтын 731 сайлау округі құрылған болатын. Ал кәзір Одақ советін сайлайтын 784 сайлау округі құрылып отыр. Мұның өзі еліміздің халқы үнемі өсіп отырғандығын, құлазыған далада жаңа қалалар мен селолар орнап қатқандығын көрсетеді. Мысалы, біздің республикада 1958 жылы Одақ Советін сайлайтын 30 сайлау округі болса, кәзір 38 сайлау округі құрылып отыр. Бұл жаңа сайлау округтері республикамыздың кең байлығын игерудегі, тың және тыңайған жерлерді игерудегі табыстарының айқын белгісі.

СССР Жоғарғы Советінің бұл сайлауы коммунизм құру жолын белгілеп, Советтердің онан әрі даму жолын көрсеткен тарихи XXII съезден соң өтейін деп отыр. Мұнан былай, партиямыздың Программасында көрсетілгендей, әрбір сайлауда Советтердің депутаттары құрамының кем дегенде үштен бірі жаңартылып отырады. Бұл жағдай Советтердің жұмысын жақсартады, жаңадан миллиондаған еңбеккерлерді мемлекетті басқару ісіне тартуға мүмкіншілік туғызып, депутаттардың сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін жоғары көтереді.

Кәзір тек қана біздің республикамызда 84,7 мың депутат бар. Мұның 45 мыңнан астамы жұмысшылар мен шаруалар, басқасы еңбек интеллигенциясының өкілдері. Мұның өзі республикамыздың мемлекеттік өкімет органдарының шын мағнасында халықтың өкілдік органы екендігін бейнелейді.

Ал, капиталистік мемлекеттерде жағдай мүлде басқаша. Олар еңбекші бұқараның мұң-мұқтажын ойлайтын мемлекеттік өкілдік органдар жоқ. Капиталистік елдердегі мемлекеттік өкімет органдары бұжуазия мен помещиктердің саяси және экономикалық үстемдігін негіздейтін, еңбекші халықты қанауды өздерінің тікелей міндеті деп біледі. Миллиондаған жұмысшылар мен шаруалар буржуазиялық елдерде неше түрлі ескертулер мен тежеулер арқылы сайлау правосынан айрылып, өкімет билігіне қатыса алмайды.

Социалистік демократияның тағы бір белгісі, Советтер өздерінің жұмыстарына активистерді кеңінен тартып отырады. Соңғы кезде Советтердің жұмысында да қоғамдық негізде істейтін бөлімдер, комиссиялар пайда болды. Тек Қазақстанда ғана Советтердің жұмысына белсенділікпен қатысатын 350 мыңға жуық актив бар. Республикамыздың облыстарында, қалаларында, аудандарында советтердің атқару комитеттерінің штаттан тыс бөлімдері құрыла бастады. Қостанай, Ақтөбе, Рудный қалалық советі атқару комитеттерінің штаттан тыс бөлімдері кеңілдегідей жұмыс істеп жүр. Аудандарымыз бен қалаларымызда көше комитеттері, мектептер мен балалар мекемелері жанындағы ата-ана комитеттері, жолдастық соттар, халық жасақтары, пенсионерлер советтері секілді халықтың ынталы ұйымдары құлаш жайып, өрістей бастады. Тек Алматы облысының Қаскелең ауданындағы Советтердің жанында ғана 9 пенсионерлер советі, 15 әйелдер советі, 97 көше комитеті, 58 жолдастық сот, 48 халық жасағы жұмыс істейді.

Соңғы үш жылдың ішінде Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік бақылау комиссиясы шаруашылық, сауда, мәдениет мекемелерінің, мемлекеттік аппараттың қызметін бақылау жұмысына 14 мыңға жуық жұмысшылар мен колхозшыларды, қызметкерлер мен мамандарды және оқымыстыларды тартты. Олар Совет үкіметі қабылдаған қаулылар мен қарарлардың іске асырылуын тексеруде көп жұмыс істеді. Қазір Қазақстанның облыс орталықтарында тұрақты қоғамдық бақылау топтары құрыла бастады. Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарында 25—35 адамнан тұрақты қоғамдық бақылау тобы құрылды. Ал, енді облыстық мемлекеттік бақылау тобы жанында партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының өкілдерінен, өндіріс озаттарынан қоғамдық советтер құрылмақшы. Сөз жоқ, бұлар партия совет ұйымдарының кеңесшісі әрі көмекшісі болады.

Партиямыздың жаңа Программасында советтердің тұрақты комиссияларына көп көңіл бөлінген. Өйткені, тұрақты комиссиялар өз жұмысына совет активін, алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен ауыл шаруашылығы озаттарын қатыстырып, депутаттардың белсенділігі мен инициативасын арттыруға, жергілікті советтердің атқару комитеттері бөлімдері мен басқармаларының жұмысына төменнен бақылауды күшейтуге көмектеседі. Қазір республикамызда 12 мыңнан астам тұрақты комиссиялар жұмыс істейді. Бұл тұрақты комиссиялардың құрамында 59 мыңнан аса депутаттар мен 30 мыңға жуық актив—жұмысшылар мен шаруалар, қызметкерлер және үй жұмысындағы адамдар бар.

Коммунистік партия жалпыхалықтық мемлекетті қалыптастырып, жетілдіруде, советтік демократияны онан әрі өрістетуде үлкен роль атқарады. «Коммунистік қоғам орнатып жатқан халықтың алдыңғы қатарлы отряды ретінде,—делінген жаңа Программада,—партия коммунистік қоғамның өзін-өзі басқарудың неғұрлым жетілдірілген формаларын жасап шығарудың үлгісі мен өнегесін көрсете отырып, өзінің ішкі партиялық тұрмысын ұйымдастыруда да алдыңғы қатарда болуға тиіс».

Бұл түсінікті де. Өйткені, қоғамдық ұйымдардың ішіндегі ең жетекшісі, бағыт-бағдар берушісі—Коммунистік партия. Ол мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың жұмысын дұрыс жолға салып оты-

рады. Өзінің күнделікті жұмысын мемлекеттік органдарға, өзінің акти-
вие, қоғамдық ұйымдарға сүйене отырып істейді.

Республикада қоғамдық негізде 670 саяси-ағарту кабинеті жұмыс
істейді. Ал штаттан тыс лекторлар мен насихатшылардың саны 8 мың-
нан асты. Соңғы кезде өріс алған жұмыстың бірі — партия комитетте-
рінің штаттан тыс бөлімдері мен комиссияларын құру. Тек Қостанай
облысының өзінде ғана штаттан тыс 68 бөлім құрылған. Республикамыз-
дың өнеркәсіптері мен құрылыстарында, совхоздары мен мекемелерінде
бір мың партия бақылау комиссиялары жұмыс істейді. Бұл комиссия-
ларда 33 мыңнан аса адам бар. Мұның бәрі қоғамдық негіздегі жұмыс-
тардың кең өрістей түскенін аңғартады.

Партиямыздың Программасында социалистік демократияны өріс-
тету негізінде, жалпы мемлекеттік, сондай-ақ жергілікті маңызы бар
заңдар мен басқа да шешімдердің жобаларын еңбекшілердің талқылауына
беруді әдетке айналдыру қажет деп көрсетілген. Соңғы жылдары
елімізде бұл мәселенің қолға алынғаны мәлім. Қабылданатын заңдар
мен басқа шешімдер ең алдымен бүкілхалықтық талқыға түсуде. Өйт-
кені, партия мен үкіметтің халық мүддесіне қамқорлық жасаудан жоға-
ры тұрған мақсаты жоқ. Баршаға мәлім, СССР Жоғарғы Советінің же-
тінші сессиясында «Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін қайта құру
туралы» заң қабылдардан бұрын бұл мәселе халқымыздың талқылауы-
на қойылды. Өнеркәсіп пен құрылысты басқаруды қайта құру мәселе-
сіне байланысты еліміздің жер-жерінде 40 миллионнан аса адам қатыс-
қан жиналыстар өтті, орталық және жергілікті газеттердің бетінде 68
мың еңбекші пікір алысып, қосымша ұсыныстар жасады.

Жиырмамыншы ғасырдың Коммунистік манифесі деп аталған жана
Программаның жобасын талқылауға да бүкіл халқымыз белсене қатыс-
ты. Мұның ішінде 9 миллионнан астам коммунистер болды. Ал, кәсіп-
орындары мен колхоздарда, мекемелер мен әскер бөлімдерінде, кәсіп-
одақ және комсомол ұйымдарында еңбекшілердің 73 миллиондай адам
қатысқан 500 мыңнан астам жиналыстары өтті. Бұл жиналыстарда
4 миллион 600 мыңнан аса адам шығып сөйледі. Мұнымен қатар 300
мыңнан аса адам өз пікірлерін КПСС Орталық Комитетіне, жергілікті
партия органдарына, газеттер мен журналдардың, радио мен телевизия-
ның редакцияларына жазған хаттары мен мақалалары арқылы жеткізді.

Жалпыхалықтық мемлекетіміздің үлкен, жүйелі мәселелер жөнінен
қабылданатын заңдары мен шешімдерінің ең алдымен халықтың талқы-
лауына салынуы коммунистік құрылысты кең өрістету кезеңінің, бүкіл
халықты мемлекетті басқару ісіне кең тарту арқылы коммунистік қо-
ғамның өзін-өзі басқаруының негізгі принциптерінің бірі.

Қорыта айтқанда, жалпыхалықтық мемлекет—советтік қоғам да-
муындағы тарихи белес. Социалистік мемлекеттің дамуы оны коммунис-
тік қоғамның өзін-өзі басқаруына ұластырады. «Онда,—делінген Про-
граммада, — Советтер, кәсіподақтар, кооперативтік ұйымдар мен еңбек-
шілердің басқа да бұқаралық ұйымдары бірлеседі. Бұл процесс қоғам-
ның барлық мүшелерінің қоғамдық істерді басқаруға белсене қатына-
суын қамтамасыз ететін демократияны онан әрі өрістету болмақ».

Совет халқы кәзір елімізде коммунизм орнатудың ұлы Програм-
масын орындауға тікелей кірісті. Коммунизм алыстағы арман емес,
халқымыздың бүгінгі ісіне, еңбекшілердің күнделікті практикалық жұ-
мысына айналды. Жасампаз совет халқының бұл игі мақсатының да
қайдағыдай іске асырылатыны күмәнсіз.

Лекция және консультация

Қоғамдық қор—коммунистік бөлістің нышаны

Совет елі дүниежүзілік тарихи маңызы бар үлкен міндетті қолға алды. Біздің ел халықтың тұрмысы жөнінде әлемде үздік шығуды көздеп отыр. Жиырма жылдан кейін Совет Одағы халықтың тұрмыс дәрежесі жөнінде бірде-бір елді алдына салмайды.

Партияның жаңа Программасында былай делінген: «Бұл міндет мынадай жолдармен жүзеге асырылады: а) еңбегінің саны мен сапасына қарай бас-басына төленетін ақыны бөлшек сауда бағасының арзандауымен және халықтан алынатын салықтың жойылуымен ұштастыра отырып арттыру; ә) қоғам мүшелерінің тұтынуын қанағаттандыруға арналған қоғамдық тұтыну қорын, яғни тегін қорды (білім беру, емделу пенсиямен қамтамасыз ету, балаларды балалар мекемелерінде тәрбиелеу, коммуналдық қызметтермен тегін пайдалануға көшу және тағы басқалары) олардың еңбегінің саны мен сапасына қарамастан ұлғайту».

Программаның бұл қағидасының үлкен маңызы бар және ол бағам тәжірибеге сүйенеді. Қоғамдық тұтыну қорын үздіксіз ұлғайту және оны адам игілігіне жұмсау социализмнің төл қасиеті. Басқа әлеуметтік құрылыстардың бұл жөнінде социализммен таласа алмайтыны мәлім. Мұны дәлелдеу үшін бір-екі мысал келтірейік. Социализмнің тұңғыш елі тарихи қысқа мерзімнің ішінде халықтың сауатсыздығын жоюды қамтамасыз етті. Халқының үштен екісі сауатсыз болған Россияда мұндай үздік жетістікке социализмнің арқасында ғана қол жетті. Бұл жағдайға үлкен сөбеп болған нәрсе осы қоғамдық тұтыну қоры еді. Ал, капитализм жағдайында сауатсыздықты жаппай жою отар және тәуелсіз елдерді былай қойғанда, белді мемлекеттердің өзінде де жүзеге асырылмай келеді. Мысалы, Италия сияқты ежелгі капиталистік мемлекеттің халқының 12 проценті, Португалия халқының тең жартысы әлі күнге дейін сауатсыз қалып отыр.

Ал, социализм елі кәзір жалпыға бірдей орта білімді жүзеге асыруға білек сыбана кірісті. Совет Одағы маман кадрлар даярлау жөнінде басқа елдердің бәрінен де үздік шықты. Мұнымен қабат Совет Одағында адамның жанжақты жетілуіне қолайлы шарттар барған сайын мол жасалып отыр. Білім алу, денсаулық сақтау, рухани тілекті қанағаттандыру, басқаша айтқанда сегіз қырлы болып өсу мүмкіндіктері біздің елде кенде емес. Әлеуметтік мәдени шараларға жұмсалатын қаржының жыл сайын ұлғаюы осының айқын айғағы. Жұмыс күнінің қысқарту, халықтан алынатын салықты жою, жалақысы төмен қызметкер мен жұмысшының жалақысын көбейту және басқа да осындай шаралар—мемлекеттің адам жөніндегі қамқорлығының көрінісі.

Халықтың тұрмысын мейлінше жақсарту міндетін алға қойған мемлекет оны жүзеге асырудың нақты жолдарын да белгіледі. Халықтың әл-ауқатын арттыру жолының бірі—қоғамдық тұтыну қоры екені мәлім. «...Коммунизмге қарай ілгері басқан сайын,—делінген партиямыздың жаңа Программасында,—адамның жеке басының қажеттері тұтынудың қорлары есебінен барған сайын көбірек қанағаттан-

дырылатын болады, бұлардың өсу қарқыны еңбекке қарай жекелеп төленетін ақының көбеюі қарқынынан асып түседі».

Коммунистік қоғамның бірінші сатысы — социализм тұсында қоғам мүшелері бірігіп тегін тұтынатын қордың қажеттігін Қ. Маркс өзінің «Гота программасына сын» деген еңбегінде дәлелдеген болатын.

Социализм тұсында өнімнің, негізінен, әр адамның еңбегінің саны мен сапасына қарай бөлінетіні мәлім. Бірақ бөліс жайын еңбекке қарай бөлу тәсілімен шектел қоюға болмайды.

Қоғамдық тұтыну қорынан бөлінетін үлес әрбір жұмысшы мен қызметшінің еңбегіне қарай алған ақысының үстіне қосылған табыс болады. Қоғамдық тұтыну қоры, қоғамның жиынтық өнімінің, дәлірек айтқанда — ұлттық табыстың тұтыну қорының бір бөлегі. Қоғамдық тұтыну қоры мемлекеттің, колхоздың және қоғамдық ұйымның қарамағында болады. Ол халыққа әлеуметтік-мәдени қызметті түгел тегін немесе ішінара тегін көрсету үшін пайдаланылады. Қоғамдық тұтыну қорының белгілі бір бөлегі еңбекке қарай емес, тіпті негізінен тегін бөлінеді. Қоғамдық тұтыну қорының тегін бөлінетін бөлегін қоғам мүшелерінің бірігіп тұтынатын қоры деп атайды. Бұған ең алдымен мемлекетіміздің оқу-ағарту және әлеуметтік-мәдени қажеттерге, еңбекшілердің денсаулығын сақтауға, әлеуметтік қамсыздандыру шараларына жұмсайтын қаржылары жатады.

Қоғамдық тұтыну қоры адамдардың керегіне қарай бөлу тәсілінің толық түрі деп айтуға болмайды. Қоғамдық тұтыну қоры арқылы бөлінетін үлес, игілік кей жағдайда еңбекке қарай тәуелденеді, ал қайсыбір ретте тегін беріледі. Қоғамдық тұтыну қоры есебінен алынатын үлесте, сонымен, социалистік және коммунистік бөлістің екеуінің де сипаты бар. Мысалы, еңбекке уақытша жарамай қалғанда көмек аларда немесе пенсияға шыққанда әркімнің еңбек стажының, жалақысының мөлшері, басқаша айтқанда, еңбекке қарай бөлістің шарттары еске алынады. Ал білім беру, емделу сияқты шараларды айтатын болсақ, мұнда еңбектің мөлшері, саны мен сапасы ескерілмейді. Бұл ретте қоғамдық тұтыну қоры керекке қарай бөлудің дәрежесіне жуықтайды.

Бірақ, бұл арада осы мәдени игіліктердің бірсыпырасы жұмысшы мен қызметшінің өз есебінен, өз қалтасынан қанағаттандырылатынын ескермеуге тағы болмайды. Мысалы, халықтың дәрі-дәрмек, оқулық сатып алу сияқты қажеттерін қоғам мойынға алған жоқ. Демек, білім беру, денсаулық сақтау саласында керекке қарай бөлудің коммунистік принципіне түгел көштік деп айтуға әзір ертерек.

Қоғамдық тұтыну қорының өсуін материалдық жағынан ынталандыру және еңбекке қарай бөлу принципімен дұрыс ұштастырудың үлкен маңызы бар. Материалдық жағынан ынталандыру талабын қолдану өндіріс қарқынының артуына, оның ұлғаюына себеп болады, еңбекті ұйымдастыруды жақсартуға, жұмысшы мен қызметшінің мамандығын арттыруға, техникалық прогреске, демек, материалдық және мәдени игіліктердің молшылығын жасауға жағдай туғызады. Еңбекке қарай бөлу әркімді өз еңбегінің нәтижесіне ынталы етеді. Қоғамда материалдық игіліктердің молшылығы жасалмай тұрғанда еңбекке қарай бөлу принципінен бас тарту ағаттық болар еді. Сондықтан да партия адамдарды материалдық жағынан ынталандыру принципін дәйектілікпен қолданып келеді. Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің партияның XXII съезіне есепті баяндамасында былай деген: «Әзірше, материалдық-игіліктер молшылығы жасалмай тұрғанда, әл еңбек әрбір адамның ең бірінші өмірлік қажетіне айналмай тұрғанда, бөлудің социалистік принципінен бас тартуға, еңбек пен тұтыну мөлшеріне қоғам мен мемлекет тарапынан бақылауды бәсеңдетуге негіз жоқ».

Партия мен совет мемлекеті соңғы жылдар ішінде «тең еңбекке тең ақы төлеу» негізінде көптеген жұмыс істеді. Мысалы, тариф системасы реттелді, еңбекті нормалау бірқатар жақсарып, техникалық дәлелденген прогрессивті нормаларға кең өріс берілді. Жалақысы төмен жұмысшы мен қызметшінің жалақысын арттыру шарасы қолданылды.

Еңбекке ақы төлеудің түрлерін жетілдірудің өзі—материалдық ынталандыру принципін шебер қолданудың, демек адамның жеке басының және қоғамның мүддесін дұрыс ұштастырудың көрінісі. Мұның өзі қоғам мүшесін коммунистік рухта тәрбиелеуге үлкен әсер ететін жағдай. Н. С. Хрущев жолдас былай дейді: «Біз моральдық және материалдық жағынан ынталандырып отыру принциптерін бұдан былай да ұштастырып, қоғам үшін өнімді көп өндірушілерді көтермелеп отыруға, жақсы еңбек үлгілері негізінде адамды парасатты тәртіптілік және коммунистік саналылық рухында тәрбиелеуге тиіспіз».

Алдағы жиырма жылда еңбекке қарай бөлудің негізгі талап болып қалатыны мәлім. Сондықтан да еңбекке қарай ақы төлеу қоры және оның дәрежесі жиырма жылдың ішінде материалдық ынталандыру принципін қолданатындай, демек, еңбек өнімділігін арттыруға жағдай жасайтындай болуы керек. Еңбекке қарай бөлу қоры жұмысшы мен қызметшінің еңбегінің сапасы мен санына қарай алған ақысынан құралады. Бұл—социализм тұсында еңбекшілердің жеке басының табысының негізгі түрі. Қоғамдық тұтыну қоры еңбекке қарай ақы төлеу қоры белгіленген соң жасалады. Қоғамдық тұтыну қорының өз алдына дербес категория болып қалыптасуы партияның XXI съезінің марксизмге қосқан үлесі. В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы жылдарында, қоғамдық тұтыну қорының есебінен қоғамдық асхана, балалар бакшасы, яслилер пайда болған кезде бұларды «коммунизм өркендерінің үлгілері» деп атаған болатын.

Коммунистік бөліске толық көшу үшін коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың қажет екені белгілі. Елімізді жаппай электрлендіру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында машинаны, автоматты, ғылым мен техниканың жетістігін мейлінше кең қолдану, химия табыстарын өндіріске, тұрмысқа мол енгізу міндет. Елімізде тұтыну заттарын мейлінше көбейту парыз. Совет халқының тұрмыс дәрежесін көтеру үшін еңбек өнімділігі, бүкіл қоғамдық өндіріс және ұлттық табыс капитализмнің мүмкіндіктерінен асып түсетін дәрежеде өсіріледі. Үздіксіз дамыған өндіргіш күштер мен қоғамдық байлықтар бүкіл халықтың мүдделері үшін пайдаланылады. Тұрмыстың үздік дәрежесін қамтамасыз етудің коммунистік программасы осындай берік тұғырға сүйеніп отыр. Партияның жаңа Программасында коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндеттері, соның негізінде халықтың әл-ауқатын мейлінше жақсарту жолдары айқын көрсетілді.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың барлық қажетті шарттары біздің елде түгел деуге әбден болады. Табиғат байлығы, адамның жасампаз күші, қолда барды үздік пайдаланатын қоғамдық құрылыс, орасан зор өндірістік қуат бар. Біздің елде керемет техника, дүние жүзіндегі ең озық ғылым және бар. Совет Одағының әр саладағы тамаша маман кадрлары талай таңғажайып міндетті орындай алатынын бүкіл әлем біледі. Осындай нақты мүмкіндіктерге сүйенген шараларды жүзеге асыру арқасында өндіргіш күштерді мейлінше дамыту, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының қуатын арттыру, өнімін барынша ұлғайту көзделіп отыр. Бұл шаралардың жүзеге асырылуы—елдің қоғамдық байлығын ұлғайтудың негізгі шарты.

Тұтыну заттарын көбейту, тұрғын үй құрылысын мейлінше кең өрістету, халықтың нақты табысын молайту сияқты тұрмысты көгерту-

те тікелей қатысы бар үлкен міндеттер коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы табыстарға орай орыдалады. Коммунистік қоғамдық қатынастардың қалыптасуы, жаңа адамның өсіп, жетілуі осы коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндетіне сәйкес жүзеге асатын болады.

Ал енді экономикалық осы ең негізгі міндетті — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауды жүзеге асыру жұмысшы мен интеллигенттің, колхозшы мен интеллигенттің өнімді, саналы, жасампаз еңбегіне көптен-көп байланысты. Коммунизм еңбектің арқасында орнайды. Еңбек—бүкіл қоғам тіршілігінің арқауы, бүкіл қоғам игілігінің қайнар бұлағы.

Кәзір коммунизм құрылысын кең өрістетуді дәуірінде партия қоғамдық тұтыну қорын мейлінше ұлғайту жолдарын белгіледі. Қоғамдық тұтыну қорының көбеюі нәтижесінде қоғам өз есебінен мына шараларды қамтамасыз етуге мүмкіндік алады:

— Балалар мекемелері мен мектеп-интернаттар балаларды тегін қосырап, тәрбиелейтін болады;

— еңбекке жарамайтын адамдар материалдық жағынан қамтамасыз етіледі;

— барлық оқу орындарында білім тегін беріледі;

— барлық азаматтарға медициналық қызмет тегін көрсетіледі, бұған ауруларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және санаторийлерде емдеу ісі де жатады;

— пәтер үйлер, онан кейін коммуналдық қызмет тегін беріледі;

— коммуналдық транспортпен пайдалану тегін болады;

— тұрмыс жөнінен көрсетілетін қызметтердің кейбір түрлерін жұрт тегін пайдаланады;

— демалыс үйлерін, пансионаттарды, туристік базаларды, спорт құрылыстарын пайдаланғанда төленетін ақы бірте-бірте азайтылады және олар ішінара тегін пайдаланылады;

— халық жәрдем ақшамен, жеңілдіктермен және стипендиялармен (жалғыз басты және көп балалы аналарға берілетін жәрдемдер, студенттерге берілетін стипендиялар) барған сайын кеңінен қамтамасыз етіледі;

— өндірісте істейтін колхозшыларға және кәсіпорындарда, мекемелерде қоғамдық тегін тамақ (түстік) беруге бірте-бірте көшу басталады.

Қоғамдық тұтыну қорының осындай игі де үлкен міндетіне орай оны үдере көбейтуге партия мен үкімет үздіксіз көңіл бөліп келеді. Қоғамдық тұтыну қорының көбеюі қарқынын мына мәліметтен айқын аңғаруға болады:

	1940 ж.	1950 ж.	1960 ж.	1965 ж.	1980 ж.
Қоғамдық тұтыну қорының бәрі (миллиард сом)	4,2	12,2	24,5	36	шамамен 255—265
Жан басына есептегенде (сом)	21	68	115	155	910—950

Қоғамдық тұтыну қоры ең алдымен балалардың, жас өспірімдердің мұқтажын қанағаттандыруға жұмсалады. Мемлекет балаларды, жас өспірімдерді оқытуды, оларды тәрбиелеуді жыл санап түгел өз мойнына алады. Ал кәзір баланы тәрбиелеудің біраз тауқыметі семьяның мойнында.

Кәзір елімізде балалар бақшасы мен балалар яслиі жеткілікті емес екені жалпы жұртқа аян. Партияның XXII съезінде балалар мекемесін көбейту жөнінде өтініш көп айтылды. Осы өтініштерге байланысты партия балалар мекемесінің жүйесін мейлінше көбейтуге көңіл

бөліп отыр. Біздің елімізде жыл сайын орташа есеппен 500 мың орны бар балалар мекемесі ашылады.

Балалар бақшасы мен балалар яслиінде бір баланы бағуға мемлекет кәзір орта есеппен жылына 300—400 сом жұмсайды. Қоғамдық тұтыну қоры ұлғайған кезде, айталық, екінші онжылдықта бір балаға мемлекет жұмсайтын мұндай қаржы 2—3 есе ұлғаяды. Балалар мекемесін салуға жұмсалатын қаржы мұның ішіне кірмейді. Сонда қоғамдық тұтыну қоры арқылы мемлекет бір балаға қаншама қаржы жұмсайтынын аңғару қиын емес. Алдағы уақытта балалар бақшасы мен яслиінің жабдығы, тамағы, қызметі, тәрбие жұмысының дәрежесі мүлде өзгеше болады.

Ал енді мектеп жасындағы балаларға мемлекет көрсететін қызмет мұнан олқы түспейді. Барлық мектептерде тегін ыстық тамақ беру тәртібін енгізіп, мектеп оқушыға оқулықтарды, мектеп киімін тегін беретін уақыт енді алыс емес. Мемлекеттің балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу жөніндегі шығындары 1961—1980 жылдардың ішінде 10 еседен астам артады.

Оқушылар балаларға арналған кинофильмдерді, спектакльдерді, концерттерді тегін көретін болады. Олардың туристік сапармен саяхатқа тегін барып қайтуына мүмкіндік беріледі. Қоғамдық тұтыну қорының кәзіргі бір оқушыға жұмсалатын бір жылғы шығыны орта есеппен 80—90 сомнан аспайды. Ал екінші онжылдықтың аяқ кезінде әрбір оқушыға жұмсалатын байырғы мектептегі шығын 500 сомға жетеді, ал мектеп-интернаттарда оның мөлшері бір мың 400 сом болады.

Партияның Программасында еңбекке жарамайтын барлық адамдарды қоғамның есебінен толық асырап-сақтау қамтамасыз етіледі деп көрсетілді. Бұл міндет қоғамдық тұтыну қорының есебінен жүзеге асырылады. Коммунизм—адам жөнінде еңбектеген жастан бастап, еңкейген кәріге дейін үлкен қамқорлық жасайтын қоғам. Совет Одағындағы пенсия тәртібінің дүние жүзіндегі ең үздік тәртіп екені белгілі. Біздің елде пенсия мемлекет пен қолхоздың есебінен беріледі. Ал енді капиталистік дүниені алатын болсақ онда пенсияға берілетін қор жұмысшы мен қызметшінің жалақысынан алынған үлестен құралады. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында дәл осындай жағдай бар. Онда пенсия қорының тең жартысы еңбекшілердің жалақысынан алынады. Еңбекшінің жалақысынан пенсияның қорына алынатын үлестің мөлшері 1959 жылы Америка Құрама Штаттарында 2,5 процент болатын, ал 1960 жылы бұл мөлшер 3 процентке дейін өсті. Мұның өзі еңбекші үшін әжептәуір шығын екені белгілі. Оның үстіне Америка Құрама Штаттарында еңбекші емделуге, пәтер үйге қисапсыз көп ақы төлсіді.

Совет Одағында мемлекеттің, колхоздың және қоғамдық ұйымдардың есебінен пенсия алатын 20 миллионнан астам адам бар. Біздің елде 60 жасқа келген еркек, 55 жасқа жеткен әйел пенсия алуға праволы. Ал, енді Америка Құрама Штаттарында бұлай емес, онда еркектер 65 жасқа келсе, ал әйелдер 62 жасқа келсе ғана пенсия алуға праволы. Ал, Норвегияда 70-ке келмей тұрып пенсия жөнінде дәмеленуге де болмайды.

Біздің елде пенсияның мөлшері бірте-бірте арттырылады. Қарттар мен мүгедектерге арналған пансионат үйлердің жүйесі қанша керек болса, ол сол қажеттің бәрін қанағаттандыратындай көлемде өрістетіледі. Екінші онжылдық ішінде еңбекке жарамайтын барлық адамдарды пенсиямен қамсыздандырудың біртұтас жүйесіне бірте-бірте көшеміз. 1963 жылы пенсияның ең төменгі мөлшері (ай сайынғы) 40 сом болса, 1966 жылы 45—50 сомға жетпек.

Қоғамдық тұтыну қорының ұлғаяуы негізінде көрсетілетін игіліктер жалғыз бұл ғана емес. Бұл бүкіл қоғамға игі әсері бар үлкен шара. Еңбекшілердің денсаулығын сақтауға, олардың тынығуына, дем алуына

жағдай туғызуға, мысалы санаторий мен демалыс үйлерін көбейтуге, мәдени мекемелерді көп салуға, халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін орындарды көбейтуге қоғамдық тұтыну қорының негіз болатыны сөзсіз. Баланы күту және тәрбиелеу, сондай-ақ тұрмыс қажетін өтеу міндетін қоғамның барған сайын өз мойнына көбірек алуының арқасында әйелдердің тұрмыстағы теңсіздігінің қалдықтарын толық жоюды қамтамасыз етуге болады. Бұл—орасан зор маңызы бар әлеуметтік міндет.

Қоғамдық тұтыну қоры жаңа адамды тәрбиелеудің үлкен бір жолы десек артық айтқандық болмайды. Адамның мұқтажы мен тілегін бүкіл қоғам болып өтеп отыру өмірдің қоғамдық мәнін ашық көрсетуге, әрбір адамды коллектившіл рухта тәрбиелеуге, еңбекке және қоғамдық меншікке оның көзқарасын шыңдауға үлкен әсер етеді. Сайып келгенде бұл арқылы мақсаты мен мүддесі бір, тілек-талабы бір дос қауым өсіп жетіледі.

Мұның бәрі коммунистік бөлістің жемісі болатыны сөзсіз. Ал бөліс—өндірістің жемісі. Олай болса қоғамдық өндірісті мейлінше өркендету—негізгі міндет. Карл Маркс өзінің «Саяси экономия сынына» деген еңбегінде «Бөлістің өзі мазмұны жағынан ғана емес... түрі жағынан да өндірістің жемісі екені сөзсіз» деген болатын. Қоғамдық өндіріс кемеліне келгенде соған орай бөліс тәсілінің қалыптасатыны сөзсіз. Ол уақытта біздің қоғамда «әркімнен—қабілетіне қарай, әркімге—керегіне қарай» деген принцип қолданылады. Ал қоғамдық тұтыну қоры—соның кәзіргі нышаны.

Әркімге керегіне қарай деген коммунистік бөлісті, әрине, әркім ойына келгенінше алмақ болса, сонша бер деген буржуазиялық-мещандық мағынада түсінуге болмайды. Керекке қарай бөлу коммунистік тұрмыс ережесін құрметтейтін жоғары мәдениетті, жоғары білімді адамның орынды қажетін қанағаттандыруды көздейді.

Осы күндердің өзінде мемлекетіміздің бюджетінде қоғам мүшелері бірігіп тұтынатын қордың бүкіл тұтыну қорындағы үлесі 25 процентке тең болып отыр. Онымен бірге бұл қордың үлесі үздіксіз өсуде. Тұтыну қорының өсу қарқыны ұлттық табыстың өсу қарқынынан едәуір басым. Егер 1940—1959 жылдар ішінде СССР көлемінде ұлттық табыс 4 есе өссе, қоғамның тұтыну қоры 5,5 есе өсті. Жетіжылдық бойынша ұлттық табысымыздың өсуі 62—65 процент, қоғамдық тұтыну қорының өсуі 70 процент болып белгіленді.

Мұнымен бірге халқымыз бірігіп тұтынатын қордың әр бөлегі жыл сайын өсіп келеді. Мысалы, республикамыздың бюджетінде оқу-ағарту жұмысына жұмсалған қаржының мөлшері 1940 жылы 630,1 миллион сом болса, 1960 жылы 3702,8 миллион сом болған (ескі ақшаның есебімен). Ал денсаулық сақтауға жұмсалған қаржының мөлшері 1940 жылы 244,5 миллион сом болса; 1960 жылы — 1743,1 миллион сомға жеткен. Партиямыздың жаңа Программасында қоғам мүшелері бірігіп тұтынатын қорының жалпылама сомасы жиырма жылдықтың қорытындысында халықтың нақты табыстарының барлық сомасының шамамен алғанда жартысындай болады деп көрсетілді.

Еліміздегі халықтың бірігіп тұтынатын қорын, бюджетіміздің қаржылары есебінен орталықтанған бүкіл қоғамдық қормен шектеп қоюға болмайды. Жеке өнеркәсіп орнында, совхоздар мен колхоздарда да еңбекшілердің мәдени тұрмыс қажеттеріне керекті, тек сол кәсіпорынның мүшелері бірігіп тегін тұтынатын қор жасалады.

Әрине, жеке кәсіпорында қоғам бірігіп тұтынатын қордың жасалуында белгілі ерекшеліктер бар. Мысалы, колхоздарда, айталық жыл ішінде тапқан таза табыстарынан бұл қорға заттай және ақшалай үлес қосылып отырылады. Зат күйіндегісі, еңбекке жарамай қалған мүгедектерге, қарттарға, балалар бақшасына жұмсалып отырылады. Ал ақша қаржылары кадр даярлауға, балалар бақшасын ұйымдасты-

руға, клуб, кітапханаға, спорт үйлеріне, оларды ұйымдастыруға жұмсалды. Мысалы, Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданының «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозында 1959 жылдан бастап жасы аскандарға пенсия беру ұйымдастырылды. Бұл колхозда 8 сағаттық жұмыс күні белгіленген. Колхозшылар радиоторабын, электр қуатын тегін пайдаланады.

Колхоздардағы қоғамдық тұтыну қорының жұмсалудың мынандай екі бағытына көңіл бөлгіміз келеді. Бұл қордың белгілі бір бөлегі күнделікті мәдени мұқтажға жұмсалса, белгілі бір бөлегі колхоздардың бөлінбейтін қорына қосылып тұтыну қорының ұзақ уақыт пайдаланатын қаржыларын құрайды. Сонымен, социализм тұсындағы ұдайы өндіріс процесінің негізі—социалистік қор жинау ісіне де әсерін тигізеді. Мұның нақты көрінісі—колхоздарда тұтыну қоры есебінен салынатын отырған мектеп үйлері мен бала бақшалары. Тек қана 1956—1959 жылдар ішінде колхоздарда осы қордың есебінен 9 468 мектеп және 381 мың балалар яслиі салынған.

* * *

*

Елімізде коммунизм құрылысын кең өрістетуге байланысты қоғамдық тұтыну қоры үздіксіз және шапшаң өсіп отырады, осының негізінде халықтың өскелең мұқтажы барған сайын толық қанағаттандырылады. Қоғамдық қор материалдық және мәдени игіліктерді коммунизм галабына орай бөлісудің мықты құралына айнала береді, сөйтіп ол елдің экономикалық және мәдени өміріне үлкен ықпал жасайды. Олай болса қоғамдық қор социализмнен коммунизмге өтуде маңызды роль атқарады.

А. ФАРИЗОВ.

Методикалық кеңес

XXII СЪЕЗД МАТЕРИАЛДАРЫН ОҚЫП-ҮЙРЕНУ ТУРАЛЫ

Коммунистік қоғамдық қатынастардың қалыптасуы

Тақырыпты оқып-үйренуге кірісер алдында кіріспе сөзде тыңдаушыларға коммунистік қоғамдық қатынастар туралы жалпы түсінік берген дұрыс.

Коммунизм тарихтағы ең бай, ең әділ қоғам болмақ. Ең бай қоғам дегенде, біз мынаны айтамыз: коммунизм тұсында ең жоғары еңбек өнімділігіне қол жетеді, өндіріс күштердің мықтап өркендеуі материалдық және рухани игіліктердің молшылығын қамтамасыз етеді, адам табиғаттын нағыз қожасына айналады.

Ал әділ қоғам дегенде, мынаны еске аламыз: коммунизм тұсында бүкіл қоғамның, сондай-ақ оның әрбір мүшесінің жоғары мүдделеріне сай келетін қоғамдық қатынастар қалыптасады. Бұл қатынастардың негізгі белгілері мыналар: адамның бәрі қабілетіне қарай еңбек етеді, еңбек әрбір адамның түсініп сезінген қажетіне, ең бірінші өмірлік қажетіне айналады; қоғамда таптық айырмашылық біткеннің бәрі жойылады, еңбек етушілердің орынды қажеттері толық және тегін өтеледі, адамның бәрі өздерінің жанжақты (рухани, адамгершілік, дене шынықтыруы жағынан) өсіп-жетілуіне керекті бай мүмкіндіктерді бірдей пайдаланады, қоғам істерін басқаруға тең құқылы негізде қатысады; халықтар тату-тәтті бір семьяға бірігеді, ұлттар өзара жақындасып, бірін бірі байытады, ал келешекте қосылып кетеді. Коммунизм адамзатты соғыстан мәңгі-бақи арылтады. Коммунистік қоғамдық қатынастардың осы тамаша белгілерінің бәрі адамдардың бақытты болуына жағдай жасайды.

Тиісті материалдық-техникалық база жасап алмай тұрып коммунистік принциптерді толық жүзеге асыру мүмкін емес. Ал коммунизмнің материалдық-техникалық базасын адамның адамды қанауы, таптық теңсіздік пен ұлт араздығы жойылған қоғамдағы адамдардың нысаналы еңбегі нәтижесінде ғана құруға болады.

Басқа сөзбен айтқанда, коммунистік қоғамның материалдық-техникалық базасы да, қоғамдық қатынастары да тек оның өз негізінде құрылады. Мұндай негіз — социализм. Біздің елдегі жаңа қоғамдық қатынастардың іргетасы Ұлы Октябрь социалистік революциясы жүзеге асырған түбірлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің нәтижесінде қаланған. Осы іргетасқа жаңа қоғамдық тәртіптің сәулетті сарайы бірте-бірте тұрғызылды. Социализмді орнату және баянды ету барысында совет қоғамы өмірінің барлық саласында коммунизм өркендері туып, жетіле түсті. Енді, Советтік Социалистік Республикалар Одағында социализм толық және түпкілікті жеңген кезде, қажетті алғышарттардың бәрі жасалған кезде совет халқы Ленин партиясының басшылығымен коммунизм құрылысын өрістете жүргізуге кірісті.

Осындай шағын кіріспе сөзден кейін, насихатшы коммунистік қоғамдық қатынастардың тақыр жерде пайда болмайтынын, жаңадан құрылмайтынын — қайта олардың социализмнің қоғамдық қатынастарының дамуы мен жетілуінің заңды нәтижесі ретінде пайда болатынын ерекше атап көрсетуге тиіс.

Бұдан коммунизмнің белгілі бір принциптерін біз өз тарапымыздан қалай болса солай енгізе беруге еріктіміз деген қорытынды шықпайды. «Материалдық-техникалық база жасалғанда, адамдардың саналылығы жоғары дәрежелге жеткенде, социализм принциптерінің прогрестік мүмкіндіктері әбден дамып, толық кемеліне келгенде, — делінген Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасында, — сонда ғана коммунистік принциптерге көшуге мүмкін болады» (Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің партияның XXII съезіне есепті баяндамасы, 104-бет).

Сонымен, коммунистік қоғамдық қатынастардың қалыптасуы — коммунистер партиясы бастаған еңбекшілердің саналы қызметі арқылы іске асатын объективті құбылыс. Маркстік-лениндік ілімді басшылыққа алып, оны творчестволықпен дамыта, коммунизм орнатудың жолдары мен әдістерін ғылыми негіздей отырып, партия советтік қоғамның бүкіл дамуына бағыт сілтеп отырады.

Әсіресе соңғы жылдары, партияның лениндік Орталық Комитетінің бастауымен халық шаруашылығының барлық саласының мықтап өркендеуі, социалистік қоғамдық қатынастардың дамып, жетілуі бағытында аса маңызды әлеуметтік-экономикалық шаралар жүзеге асырылған кезеңде коммунизмге қарай ірі қадам жасалды.

Кіріспе сөз шамамен осындай болуға тиіс. Онан кейін сабақ мына төмендегі жоспар бойынша өткізіледі:

1. Социалистік меншіктің екі түрінің біртұтас коммунистік меншікке ұласуы.
2. Еңбекке қарай бөлістің социалистік принципінің онан әрі жетілуі — керегіне қарай бөлістің коммунистік принципіне көшудің аса маңызды алғышарты.
3. Совет қоғамы жұмысшы табы, шаруалар мен интеллигенция арасындағы, қала мен деревня арасындағы, дене еңбегі мен ой еңбегі арасындағы елеулі айырмашылықты жою жолында.
4. Пролетариат диктатурасы мемлекетінен жалпыхалықтық мемлекетке қарай даму. Социалистік мемлекеттіліктің коммунистік қоғамның өзін өзі басқаруына қарай дамуы.
5. Коммунизм орнату жолында Совет Одағындағы ұлттардың жақындасуы және бірін-бірі жанжақты байытуы.

Бір мәселеден екінші мәселеге көшу логикалық жағынан дәлелді болуға тиіс. Өйткені біз әркім өз бетінше оқып-үйрене беруге болатын дербес мәселелердің жаңа ғана жиынтығын сөз етіп отырған жоқпыз. Жоқ, өмір мен ғылым тақырыптағы мәселелерді белгілі бір тәртіппен оқып-үйренуді міндеттейді, себебі бұлардың бәрі өзара байланысты, әрбір жаңа мәселе алдағы мәселеден тікелей туындап жатады. Бұл байланысты, бұл қатаң туындылықты тыңдаушылардың өздері байқаса, әлбетте, жақсы болар еді.

Кіріспе сөзді аяқтағаннан кейін насихатшы тақырыпты оқып-үйрену тәртібін қысқаша дәлелдеп беруге тиіс. Мұны былай істеуге болады. Өндіріс құрал-жабдығына меншіктің бір түрі қандайда болсын әлеуметтік құрылыстағы қоғамдық қатынастардың негізі болып табылатынын еске салып, насихатшы былай дейді: «Социализмнің қоғамдық қатынастарының негізі — өндіріс құрал-жабдығына социалистік меншіктің екі түрі — жалпыхалықтық меншік пен кооперативтік-колхоздық меншік екені бәрімізге мәлім. Демек, біздің сабақты тура меншіктің осы екі түрін жақындастыратын біртұтас коммунистік меншікті құруға әкеліп тірейтін мәселелерден бастағанымыз жөн».

1. СОЦИАЛИСТІК МЕНШІКТІҢ ЕКІ ТҮРІНІҢ БІРТҰТАС КОММУНИСТІК МЕНШІККЕ ҰЛАСУЫ

Социалистік меншіктің екі түрінің жақындасуы туралы мәселе — коммунистік құрылыстың түбірлі мәселелерінің бірі. Ол саяси экономия, философия, марксизм-ленинизм негіздері, партия тарихы, бастауыш экономикалық мектептер жөніндегі үйірмелердің, семинарлардың оқу программасына сөзсіз енгізіледі. Мәселенің барлық жағын түгел қамтып қарау насихатшы үшін қажет емес деп ойлаймыз. Тек бірнеше негізгі мәселені бөліп алып, соларға баса назар аударған тиімді.

Ең алдымен тыңдаушыларға мынаны жете түсіндіру қажет: социалистік меншіктің екі түрінің арасындағы айырмашылық халық шаруашылығының барлық саласында, әсіресе ауыл шаруашылығында өндіргіш күштерді мықтап өркендету нәтижесінде ғана жойылады.

Мұның маңызы ерекше болатын себебі — кейбір жолдастар істің мән-жайын үстірт түсінеді. Олар былай дейді: «Егер коммунизм орнату үшін колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншікке айналдыру керек болса, колхоздың бәрін совхоз етіп қайта құруға неге болмайды, сонымен іс доғарылар еді ғой?» Мұндай қате көзқарасты дәлелмен теріске шығару керек; сонымен бірге, біз, айтыстан қорықпай, тыңдаушыларды талқылауға белсене қатыстыру арқылы, насихатшы материалды дұрыс, неғұрлым терең түсіндіру жөнінде алға қойған мақсатына жетеді деп ойлаймыз.

Әңгіме меншіктің бір түрін екінші бір түрге қауыстыра салу» туралы емес, қайта колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне бірте-бірте жеткізу туралы болуға тиіс. Істің түйінінің өзі осында. Мұндай дәрежеге ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін үздіксіз өркендету негізінде ғана жетуге болады. Артта қалған колхоздың орнына совхоз ұйымдастыру арқылы еңбек өнімділігін бірден арттырып, ауыл шаруашылық өнімдерін көбейте алмаймыз. Бұған жету үшін жұмысты механикаландыру дәрежесін көтеру, егіншілік пен мал шаруашылығына озаттардың тәжірибесін, ауыл шаруашылық ғылымының ең жаңа ұсыныстарын қолдану, шаруашылыққа басшылық етуді жетілдіру, қызметкерлердің мәдениетін көтеру қажет.

Колхоз өндірісінің дәрежесінде мұның бәрін істеу мүмкін бе деген сұрақ туады. Бұл сұраққа өмірдің өзі жауап берді. Партияның қолданған шаралары нәтижесінде соңғы жылдары колхоздардың қоғамдық шаруашылығы едәуір өсті, олардың өнімі көбейді, колхозшылардың әл-ауқаты жақсарды. Бұл арада колхоздарда өндірісті жоспарлаудың жаңа тәртібінің орасан зор маңыз атқарғаны туралы, материалдық ынталылық туралы, МТС-терді қайта құрып, техниканы колхоздарға беру туралы, колхоздардың басшы кадрларын нығайту туралы еске сала кеткен орынды.

Партия Орталық Комитетінің сонау сентябрь Пленумында (1953 жыл) жасалған тұжырымның дұрыс екенін өмір толық дәлелдеді; мұнда: өндірістің колхоздық түрі ескірген жоқ, оның ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін онан әрі өркендету үшін орасан зор мүмкіндіктері бар делінген болатын. Бұл пікірді партияның XXII съезі жаңадан тағы да айрықша атап көрсетті. «Партия деревнядағы коммунизм құрылысы социалистік өндірістің екі түрінің дамып, жетілуі жолымен жүргізіледі деген қағидаға сүйеніп отыр. Шаруашылықтың социалистік бір түрін екінші түріне қа-

рама-қарсы қоюға болмайды. Қолхоздар да, совхоздар да техника мен ғылымның жетістіктерін тиімді қолданып, қоғамдық өндірісті жедел ұлғайтуға мүмкіндік беретін социалистік ірі шаруашылықтар болып табылады. Материалдық мүмкіндіктері бірдей болып, өндіріс жақсы ұйымдастырылып, шебер басшылық жасалатын болса, шаруашылықтың бұл екі түрі де жоғары нәтижеге жете алады» (Н. С. Хрущев. Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы туралы, 63-64-беттер).

Қолхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізудің нақты жолдары қандай? Бұл сұрауға жауап берген кезде, ең алдымен, колхоз өндірісінің онан әрі қоғамдастырыла беретінін атап көрсеткен жөн. Колхоздың бәрі бірте-бірте ірі, бәрінен толық механикаланған шаруашылықтарға айналады. Бөлінбес қорлар үздіксіз көбейеді; колхоз өндірісінің өсуі негізінде қоғамдық шаруашылық бірте-бірте колхозшылардың барлық мұқтажын өтейтін бірден-бір қайнар көзге айналады. Колхозаралық өндірістік байланыс, бір жағынан, колхоздар арасындағы, екінші жағынан, совхоздар мен басқа да мемлекеттік кәсіпорындар арасындағы экономикалық байланыс жөнiмдi сақтап, тасымалдайтын кәсіпорындарды, мемлекеттік-колхоздық электр станцияларын, мәдени-тұрмыс мекемелерін тағы басқаларын бірігіп салу) дами түседі (Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасын, 83, 84-беттерді қараңыз).

Насихатшы жалпыхалықтық меншіктің онан әрі дамып, жетіле түсуінің маңызы ерекше ежеліне тыңдаушылардың назарын аударады. Мұның өзін мынадан-ақ көруге болады: колхоздық меншік жалпыхалықтық меншіктен бөлек жеке дара дами алмайды, ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерінің өркендеуі ауыл-селоға озат техника мен тыңайтқыш жеткізіліп беруші, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуші өнеркәсіптің дамуына тікелей байланысты.

Сондай-ақ өндірісті онан әрі қоғамдастыра беру, өндіргіш күштерді мамандандыру және кооперативтендіру, тиімді орналастыру халық шаруашылығын жоспармен, үйлесімді өркендетудің экономикалық заңының талаптарын неғұрлым толық және дәл есепке алып отыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашып береді. Ал мұның өзі, өз тарапынан, қоғамдық қаржыны үнемдеудің, өндірістің өсу қарқынын тездетудің, еңбекшілердің қажеттерін неғұрлым толық өтеудің жаңа қайнар көзі болып табылады.

Бұл арада насихатшы қоғамдық қатынастардың жетілдірілуі мен қоғамдық байлықтың өсуі арасындағы диалектикалық өзара байланысты нақты мысалдармен көрсетіп беруге мүмкіндік алады. Партияның лениндік Орталық Комитетінің бастауы бойынша өнеркәсіп пен құрылысқа басшылық етудің қайта құрылуы орасан зор экономикалық пайда берді, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауды тездетуге жағдай туғызды. Осы негізде жалпыхалықтық меншіктің онан әрі дамып, жетілуі үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды.

Біртұтас коммунистік меншіктің құрылу жолдары туралы мәселені талдауды аяқтай келе, насихатшы Совет Одағы Коммунистік партиясы XXII съезінің материалдары маңызды қоғамдық мәселелерді шешуге нағыз лениндік тұрғыдан қараудың, теория мен практиканың біртұтас бірлігінің үлгісі болып табылатынын атап көрсетеді.

Халық шаруашылығын өркендету, еңбекшілердің әл-ауқатын жақсарту жөніндегі орасан зор міндеттерді белгілеп, партияның XXII съезі өзінің қарарында мынаны атап көрсетті: бұл міндеттердің ойдағыдай орындалуы бүкіл совет халқының ерлікпен еңбек етуіне, әрбір совет адамының коммунизм орнатуға қосар үлесін арттыра түсуіне тікелей байланысты. Осыған орай материалдық игіліктердің бөлісі саласында қоғамдық қатынастарды онан әрі жетілдірудің, еңбекке материалдық және моральдық ынталандыруды дұрыс ұштастырудың орасан зор маңызы бар.

2. ЕҢБЕККЕ ҚАРАЙ БӨЛІСТІҢ СОЦИАЛИСТІК ПРИНЦИПІНІҢ ОНАН ӘРІ ЖЕТІЛУІ — КЕРЕГІНЕ ҚАРАЙ БӨЛІСТІҢ КОММУНИСТІК ПРИНЦИПІНЕ КӨШУДІҢ АСА МАҢЫЗДЫ АЛҒЫШАРТЫ

Социализмнің қоғамдық қатынастарының дамуы мен жетілуі сайып келгенде бір мақсатқа — адамдардың бақытты тұрмыс құруы үшін жағдай жасауға жеткізеді. Коммунизм орнатудың барысында материалдық және мәдени игіліктерді бөлістің «әркімге — еңбегіне қарай» деген социалистік принципін «әркімнен — қабілетіне қарай, әркімге — керегіне қарай» деген коммунистік принципке көшу бірте-бірте іске асырылады.

Бұл мәселені түсіндіруге кірісе отырып, насихатшы тыңдаушылардың назарын алдымен мынаған аударады: еңбекке қарай ақы төлеу социалистік қоғамдық қатынастар әділеттілігінің айқын бейнесі болып саналады.

Белгілі бір принциптің әділеттілігі салыстыруда айқын көрінетіні мәлім. Өндіріс құрал жабдықтарына жеке меншік үстемдік алған капитализм тұсында материалдық және рухани байлықтар капитал бойынша бөлінеді, қалың көпшіліктің еңбек нәтижесін қоғамның тек аз ғана бөлегі иемденеді. Кәзіргі империалистік мемлекеттерде ұлттық табыстың жартысынан көбі капитал алғауыттарының аттөбеліндей тобы қарамағында (АҚШ-та 60 семья немесе «мың американдық», Францияда 200 семья және тағы басқалары). Тіпті буржуазия статистикасының дерегіне қарағанның өзінде ірі буржуазия мен жұмысшы, шаруа табыстары арасындағы алшақтық ұлғайып барады.

Осы арқылы социалистік құрылыстың зор артықшылықтары өте-өте айқын көрінуде. Социалистік қоғам өзінің әрбір мүшесіне оның еңбек ету, өз еңбегінің саны мен сапасына сәйкес материалдық және мәдени игіліктермен пайдалану правосын алуына кепілдік береді. Оның үстіне қоғамдық байлықтың өсуімен қатар еңбекке сығалық беру мүмкіндігі молайып келеді: СССР-де ұлттық табыстың төрттен үш еңбекшілердің жеке басының қажеттерін қанағаттандыруға жұмсалады, ал соңғы он жылдың ішінде халықтың жан басына есептегенде ұлттық табыс 2,2 есе көбейді. Партияның XX съезінен кейінгі дәуірдің басты ерекшелігі болып отырған коммунистік құрылыстың қарқынын жеделдету нәтижесінде жұмысшылар мен қызметкерлердің нақты табыстары, жұмыс істейтін әр адамға есептегенде, өткен бес жыл ішінде 27 процент, колхозшылардың табыстары 33 процент артты. (ҚПСС Орталық Комитетінің партияның XXII съезіне есебін қараңыз, 92, 93-беттер).

Халықтың әл-ауқаты артуы жөнінде арнаулы тақырып бар екенін ескеріп, насихатшы бұл арада осы мәселе туралы толық мәліметтер келтірмесе де болады.

Еңбекке қарай ақы төлеу принципін іске асыру капитализм тұсында болатын әлеуметтік теңсіздіктің жойылуын көздейді. Еңбек тіршіліктің арқауы. Еңбек ету—әр адамның қасиетті борышы. Демек, еңбек етпеген ішіп-жемейді.

Коммунистік қоғамда барлық адамның орынды керектері қанағаттандырылады, мұнда олардың қоғамдық байлыққа жеке басының қосқан еңбек үлесі қандай екені есепке алынбайды. Сонымен толық әлеуметтік теңдікке қол жетеді, бұдан кейінгі жерде теңдік туралы әңгіме атаулының мәні жойылады: адамдардың талғамы мен қажеті әрдайым түрліше болып қала береді ғой.

Материалдық және мәдени игіліктерді бөлісудің коммунистік принципіне көшу үшін не қажет болады? Біз бұл сұрауға толық жауапты партияның Программасынан Н. С. Хрущев жолдастың баяндамаларынан табамыз. «Біз мынаған сүйенеміз,—дейді Н. С. Хрущев жолдас,—әзірше, материалдық игіліктер молшылығы жасалмай тұрғанда, ал еңбек әрбір адамның ең бірінші өмірлік қажетіне айналмай тұрғанда, бөлістің социалистік принципінен бас тартуға, еңбек пен тұтыну мөлшеріне қоғам мен мемлекет тарапынан бақылауды бәсеңдетуге негіз жоқ» (Партияның Орталық Комитетінің есебі, 105-бет).

Сонымен, бөлістің коммунистік принципіне көшу үшін екі шарт керек. Оның біріншісін түсіндіріп жатудың қажеті жоқ: материалдық игіліктердің молшылығы болмайынша қоғам адамдардың керектерін қанағаттандыра алмайды. Екінші шартқа тоқталып өткен жөн, мұнда қоғам пайдасына істелетін еңбек әр адамның өмірлік қажетіне не айналуға тиіс екенін атап көрсету керек. Шынында да, егер адамдардың белгілі бір бөлегі (аз-ақ болсын) көпшілік игілігіне арналған еңбектің қажетті ісі екенін түсінібесе, жүрдім-бардым еңбек етсе немесе жалпы қоғамдық өндіріске қатысудан жалтаруға тырысса, тиісті материалдық мүмкіндіктер болғанның өзінде де, қоғам бөлістің коммунистік принципін толық жүзеге асыра алмайды. Жатып ішер жалқауларды асырауды саналы еңбекші бұқарасының мойнына арту мүлде әділетсіздік болып шығар еді.

Мәселе мынада болып отыр: коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастырудың барысында партияның орасан зор тәрбие жұмысын жүргізуі арқасында ескіліктің адам санасындағы қалдықтары үнемі жойылып келеді, еңбек әуелі қоғамның озат бөлегінің, ал содан кейін оның күллі мүшесінің өмірлік қажетіне айналады.

Бөлістің коммунистік принципіне көшуге керекті жағдай жасауда қызметкерлерді өз еңбегі нәтижесіне материалдық жағынан ынталандыруды онан әрі нығайтып дамытудың маңызы орасан зор.

Насихатшы тыңдаушылардың назарын мынаған аударуға тиіс: материалдық жағынан ынталандырудың ұлы Ленин ұсынып, негіздеген принципі саясатта бізді реализмге үйретеді. «Нағыз қызғылықты болашақтар бейнесін суреттеуге, экономиканы өркендетудің ең жоғары қарқындарын белгілеуге болады, бірақ, егер еңбекшілердің өздері қоғамды қайта құрудың қажеттігін ұғынбаса, егер олар материалдық жағынан ынталы болмаса, онда белгіленген жоспарларды орындауға болмайды. Материалдық жағынан ынталандыру принципін елемей—субъективтік пікірлерді басшылыққа ала отырып іс жүргізу белгілі даму кезеңінен аттап өту деген сөз, социалистік, коммунистік құрылыс ісін мерт ету деген сөз» (Партияның Орталық Комитетінің есебі, 106-бет).

Мұнда XX және XXI съездердің шешімдері негізінде біздің партияның жүргізген барлық шаралары іске лениндік тұрғыдан қараудың асқан үлгісі болғанын атап өту керек. Ауыл шаруашылығын өрге бастыруды ұйымдастыра отырып, партия материалдық жағынан ынталандыру принципін түгел қалпына келтірді және колхоз практикасынан туған оның жаңа түрлерін дәлелдеп берді. Соның нәтижесінде еңбек өнімділігі артты, еліміз ауыл шаруашылығы өнімдерін жылдан жылға көп алуда. Материалдық жағынан ынталандыру принципін қалпына келтіру халық шаруашылығындағы басқа салалардың да өркендеуіне қолайлы әсерін тигізді.

Колхозшылардың үй іргесіндегі шаруашылығы жөнінде біздің партияның ұстаған бағыты саясаттағы реализмнің үлгісі болып саналады. Кейбір жолдастар үй іргесіндегі шаруашылықты жою керек деп ұсынды, олар мұнда коммунизмге қарай алға басуымызға бұл бөгет жасайды дегенді дәлелге келтірді. Партия мұндай ұсыныстардың қате екенін көрсетіп, колхозшылардың меншігіндегі малын колхоз фермаларына өткі-

руге міндеттеген әпербақан әкімдерге батыл соққы берді, ал өйткені қоғамдық шаруашылық колхозшылардың сүт, сондай-ақ басқа өнімдер жөніндегі барлық керекін әлі қанағаттандыра алмайды.

Партия Программасында қосалқы шаруашылық экономикалық жағынан өзін бірте-бірте жоюға тиіс екені атап көрсетілген. «Колхоздардың қоғамдық шаруашылығы колхозшылар қарамағындағы қосалқы шаруашылықтың орнын толық басқан кезде, өнімділігі аз үй іргесіндегі шаруашылықпен шұғылданудың тиімсіз екеніне колхозшылардың көзі жеткен кезде олар бұл шаруашылықтан өз еркімен бас тартатын болады». (Партияның Программасы, 83-бет).

Материалдық жағынан ынталандырудың маңызын көрсете отырып, насихатшы мынаны еске түсіреді: қандай қоғамдық принцип болса да сайып келгенде ол адамдардың нақты іс-әрекетінде жүзеге асырылады, міне сондықтан оны тиянақты да дұрыс қолданудың маңызы ерекше зор. Материалдық жағынан ынталандыру — коммунизм жолындағы күрестің сенімді және сыннан өткен құралы, бірақ оның бірден-бір құралға айналуына жол беруге болмайды, әйтпесе ол қолайсыз жағдайға, атап айтқанда, еске меншіктің далиып кетуіне әкеліп соқтырмай қоймайды.

Біздің қоғамда әркімнің еңбекпен тапқан меншігі қатаң қорғалады. Жеке тұтынуға керекті заттар коммунизм тұсында да адамдардың жеке иелігінде қала беріледі. Алайда жеке адамның ұлғайып кеткен меншігі толық кемеліне келген коммунизм принципіне қайшы болады, сонымен бірге оған коммунистік қоғам орнату дәуірінде де жол беруге болмайды, өйткені «Жеке адамның тым ұлғайып кеткен меншігі белгілі бір жағдайда қоғамдық прогреске кедергі болуы, жеке меншікшілдік пиғылды туғызуы және ұсақ буржуазиялық азғындыққа әкеліп соқтыруы мүмкін» (Н. С. Хрущев. Партияның Орталық Комитетінің есебі, 107-бет).

Еңбекке деген материалдық көтермелеумен қатар моральдық көтермелеуді онан әрі дамыту ерекше маңыз алады. Біздің елде еңбек әлдеқашан абырой әперетін, ерлік жасайтын іске айналды, адамдардың басым көпшілігі еңбектің тіршілік арқауы екенін айқын көрумен бірге, оны коммунизмнің алып сарайын салу жолындағы бүкілхалықтық іске қосылған үлес деп біледі. «Еңбегімнің республика еңбегіне ұласқанын мен жақтан етемін» деп жазды В. Маяковский. Тек өз еңбегінің игілікті мақсаты мен қоғамдық маңызын жете ұғыну ғана еңбекте ерліктің үлгісін көрсетуге жетелейді, ол заманымыздың тамаша қозғалысы — коммунистік еңбек бригадалары, екпінділері мен бүтіндей кәсіпорындары атағын алу жолындағы қозғалыстың идеялық арқауына айналалы отыр.

Бұл арада өмірдің өзінен мысалдар келтірген пайдалы, ал оның бер жағында бүкіл елге мәлім атакты адамдардың есімдерін айтып қаңа қою жеткіліксіз болады, тыңтаушылардың өздеріне де белгілі өндіріс озаттары мен жанашылдарын, коммунистік құрылыс ісіне барлық күш-жігерін, жалын атқан жүрегін бағыштаған адамдарды мысалға алып көрсету керек. Егер насихатшы әңгімеге сабаққа қатысушылардың өздерін тартса, олардан еңбекке коммунистік көзқарастың өздері байқаған үлгілері туралы айтуын сұраса, тым жақсы болады.

— Кәзір, — дейді насихатшы, — біз партияның Программасын оқып үйреніп жүрген кезде бүкіл совет халқының күшімен орнатылып жатқан сәулетті болашақ өзінің бар тұлғасымен алдымыздан айқын көрінеді. Әрине, баріміздің бұл болашақты жақындата түскіміз келеді. Біздің әрқайсысымыз жұмысты жақсы істеуге, коммунистік қоғам орнату ісіне лайықты үлес қосуға талаптануымыз керек, ұлы жұмыстардың жоспарын оқып-үйренудің ең көрнекті нәтижесі міне осы болмақ.

Егер әр адам өзінің жеке үлесін ғана місе тұтып, жолдастарына көмектеспесе, бүкіл еңбекші коллектив алдында тұрған міндеттердің орындалуына қамқорлық жасамай, біз қоғам алдындағы өз борышымызды толық өтеген болып шығамыз ба?..

Өндіріс қызметкерлерінің өзара қатынасындағы коллективтіліктің онан әрі дамуы еңбек сипатындағы коммунистік, жаңа өркендердің нығайуымен тығыз байланысты деген мәселені түсіндіруге насихатшы шамамен осындай тәртіппен көше алады.

Коллективтілік, жолдастық, ынтымақ және өзара көмек социалистік өндірістік қатынастың анағұрлым ерекше сипаты. Коммунистік қоғамның ең жоғары сатысын орнатудың барысында бұл қатынастар жаңа мазмұнмен байи түседі. Валентина Гаганова шын мәнісінде коммунистік, коллектившіл саналылықтың үлгісін көрсетті, кәзір оның ізін қушылар мыңдап саналады. Марк Посмитный мен Павл Ведутаның үлгісі бойынша озат колхоздардың артта қалған колхоздарға көмектесуі жөнінде ерістетілген қозғалыстың маңызы орасан зор. Біздің күнделікті өмір күн сайын, сағат сайын коллективтіліктің жаңа үлгілерін туғызып келеді.

Мәселені түсіндіруді аяқтай отырып, насихатшы бөлістің коммунистік принципіне көшудің бірден жүзеге асырылмай, жоғарыда айтылғандай, алғышарттардың жасалуына қарай бірте-бірте жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Біздің елде бөлістің коммунистік нышандары Октябрь революциясынан кейін ілсіншала пайда болды. Олар қоғамның халыққа білім беруге, дәрігерлік көмек көрсетуге қамқорлықты өз міндетіне алуынан айқын көрінді. Міне содан бері бұл нышандар өсіп, адамдардың бірқатар керекін қанағаттандыратын коммунистік тұрпаттағы мекемелердің тұтас жүйесіне айналды. Керектерді қоғамдық қор арқылы қанағаттандыру жолын

біз неге коммунистік жол деп атаймыз? Өйткені, оның игілігін негізінен еңбегінің саны мен сапасына қарамай-ақ, барлық еңбекшілер пайдаланады. Партия Программасында көрсетілгеніндей, тұтынудың қоғамдық қорының өсу қарқыны еңбекке қарай жекелеп төленетін ақынның көбею қарқынынан асып түседі де, екінші онжылдықтың аяғында өзінің сомасы жағынан халықтың нақты табыстарының барлық сомасының шамамен алғанда жартысындай болады. Партияның Программасы қоғамдық қорды үздіксіз молайтумен бірге ақын аз алатын қызметкерлердің жалақысын онан әрі көбейтуді, еңбекшілердің түрлі тобының табысындағы айырмашылықты бірте-бірте кемітуді жобалап отыр.

Осының бәрінде де коммунистік бөліске көшу еңбекке қарай бөліс принципі сарқай пайдаланылғаннан кейін ғана аяқталады. «Алдағы жиырма жылдың ішінде еңбекке қарай ақы төлеу еңбекшілердің материалдық және мәдени керектерін қанағаттандырудың негізгі көзі болып қала береді» (Партияның Программасы, 91-бет).

3. СОВЕТ ҚОҒАМЫ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ, ШАРУАЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ АРАСЫНДАҒЫ, ҚАЛА МЕН ДЕРЕВНЯ АРАСЫНДАҒЫ, ДЕНЕ ЕҢБЕГІ МЕН ОЙ ЕҢБЕГІ АРАСЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ АЙЫРМАШЫЛЫҚТЫ ЖОЮ ЖОЛЫНДА

Біртұтас коммунистік меншіктің қалыптасуы, бөліс саласында әлеуметтік теңдіктің бірте-бірте орнығуы тарихи ұлы міндеттің орындалуына — таптық өзгешеліктердің біржолата жойылуына жеткізеді.

Капиталистер мен помещиктердің қанаушы таптарын жойған Октябрь революциясының жеңуі нәтижесінде тапсыз қоғам құру жөнінде шешуші қадам жасалған болатын. Ең ақырғы қанаушы тапты — кулактарды жоюмен қоғамның антагонистік таптарға бөлінуі жойылды. Совет қоғамы жұмысшылар мен шаруалардың еңбекші таптарынан, сондай-ақ әлеуметтік топ — еңбекші интеллигенциядан құралады. Олардың арасында ешбір әлеуметтік алауыздық жоқ және болуы да мүмкін емес, оған керісінше, социализмнің бүкіл қоғамдық құрылысы осылардың ынтымағы мен достығына негізделген.

Мәселені түсіндіруді міне осыдан бастаған жөн.

Жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар өз еңбегін социалистік қоғамдық меншікке негіздейді. Социализм тұсындағы социалистік меншіктің екі түрі совет қоғамындағы таптардың түбірлі мүдде бірлігін ешбір бұзбайды, өйткені меншіктің жалпыхалықтық түрі де, кооперативтік түрі де адамның адамды қанауына жол бермейді, еңбекке қарай ақы төлеудің социалистік принципі бұл екеуіне толық сай келеді.

Экономикалық түбірлі мүдделердің бірлігі және ортақ мақсаттылығы жұмысшы табы мен шаруалардың мызғымас одағы үшін негіз болып саналады. Бұл одақ пролетариат диктатурасының негізгі арқауы болды, таптық айырмашылық тіпті біржолата жойылғанға дейін ол өзінің барлық маңызын сақтайды.

Социализмнің толық жеңуі нәтижесінде совет қоғамындағы барлық топтардың әлеуметтік-саяси және идеялық бірлігі нығайып, одан әрі дамып келеді. Енді біздің елдің дамуында тарихи кезең басталды: ерікті де саналы еңбекшілердің тапсыз коммунистік қоғамын орнату міндеті тікелей орындалып келеді. Өндіргіш күштер мен социалистік өндірістік қатынастың жоғары дәрежеде дамуы негізінде жұмысшылар мен шаруалардың арасындағы таптық айырмашылық, қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылық бірте-бірте жойылады ой еңбегі мен дене еңбегінің бір-бірімен тығыз ұштасуына жағдай жасалады. (Н. С. Хрущев, Партияның Программасы туралы, 81-бет).

Бұл қариданы түсіндіре отырып, насихатшы ең алдымен мынаны атап көрсетеді: бірыңғай коммунистік меншіктің қалыптасуы нәтижесінде өндіріс құрал-жабдықтарына барлық адамның біркелкі қатынасы орнығады, демек, тап болмайды.

Өндіргіш күштердің қаулап өрге басуы совет деревнясының коммунистік қатынастарға ұласуын, қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықтардың жойылуын қамтамасыз етеді.

Біздің елде бұл жағдай көздің өзінде бар, болашақты неғұрлым айқын көру үшін күнделікті өмірден факті келтіру, тыңдаушылардың жеке тәжірибесі мен байқарандарын айтқызу пайдалы. Соның өзінде мына жағдайды ескеру керек.

Ауыл шаруашылығы өндірісін жаппай механикаландыру нәтижесінде колхозшының еңбегі фабрика, заводтағы инженер-техник еңбегіне жақындай түсуде. Мынаны айтсақ та жеткілікті, 1960 жылдың аяғында бүкіл ауыл шаруашылығындағы тракторшылардың, комбайншылардың, шоферлердің саны 2579 мың адам болды. Бірақ техникаға қатысы бар адамдардың саны осы айтылған мамандықтардың әкілімен тіпті де шектеліп қоймайды. Мысалы, автосуат және сирды электрмен сауатын машинаның қолдалылуына орай шошқа бағушы немесе сауышы жөніндегі ескі ұғым енді өзгереді, олардың мамандығы да механизаторлардың мамандығына теңелуі мүмкін. Өндірістің өсуімен және оның мамандандырылуымен байланысты колхоз, совхоздар астықтың, сүттің, еттің және ауыл шаруашылығы басқа өнімдерінің нағыз фабрикаларына айналууда. «Фабрика» деген ат — бұл әншейін бейнелі сөз емес: ол коммунизмге

қарай алға басқан сайын совет деревнясында болып жатқан өндірістің шоғырлану, ұйымдастырылу процесін бейнелейді.

Партияның ауыл шаруашылығы өндіргіш күштерін мықтап өрге бастыруды және колхоздардың қоғамдық байлығын өсіруді ұйымдастыруы жұмысшылар мен колхоз деревнясы еңбеккерлерінің арасындағы айырмашылықтың еңбек жағдайы жөнінен ғана емес, сонымен қатар еңбекке ақы төлеу жөнінен де бірте-бірте жойылуына жеткізеді. Колхоздардың бірсыпырасы кепілді ақы төлеуге кәзірдің өзінде көшті, ол өзінің түрі жағынан өнеркәсіп орындары мен совхоздардағы жалақыға жуықтайды. Көптеген, әсіресе озат колхоздарда колхозшылардың бірқатар керегін (тұрғын үй, балалар бақшасы мен яслилерін, тым қартайғандар үшін пансионаттар, демалыс үйлерін салу, қартайғандарға пенсия төлеу және басқа жәрдемдер көрсету) қоғамдық қор арқылы қанағаттандыру жүйесі ойдағыдай өріс алуда. Партия Программасынан көрініп отырғанындай, алдағы жиырма жылда еңбекшілердің керектерін қоғамдық қор арқылы қанағаттандырудың барлық түрін колхозшылар да пайдаланады. Мұның өзі колхоздар қаржысы есебінен де, мемлекет қаржысы есебінен де қамтамасыз етіледі.

Соңында, насихатшы халықтың мәдениеті мен тұрмысы саласында қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықтың жойылуына тоқталады. Бұл арада біздің деревняның совет өкіметі жылдарында қол жеткен тамаша табыстарын бейнелейтін айқын цифрлар келтіру орынды болады. Мынаны айтудың өзі жеткілікті: кәзір колхозшылардың 23 проценттен астамының орта және жоғары білімі бар, ал ауыл шаруашылығында жұмыс істеп жүрген мамандардың саны 400 мыңға жетті. Селода 100 мыңдай клуб, мәдениет үйі, оқу үйі және клуб тәрізді басқа мекеме, 65 мыңнан астам көпшілік кітапханасы жұмыс істейді, оның ішінде 10 мыңдай колхоз кітапханасы бар. Деревня еңбекшілерінің тұрмысына радио мен телевизия, физкультура мен спорт берік енді.

Жалпы мәлімет келтірумен қанағаттанбау керек, өз ауданының, облысының, республиканың өмірінен мысалдар келтіру қажет. Әрине, егер мұндай мысалдарды тыңдаушылардың өздері келтірсе, тым жақсы.

— Осындай тамаша жетістіктердің өзінде де, — дейді бұдан кейін насихатшы, — тұрмыс жағдайы және мәдениет дәрежесі жағынан деревняның қаладан әлі де біраз артта қалып келе жатқаны жасырарлық құпия емес. Кәзір партия осы артта қалуды түпкілікті жою міндетін қойып отыр. Селоны электрлендіру аяқталып келеді. Көркейген колхоз, совхоз поселкелерінде кәзіргі талапқа сай коммуналдық қызмет көрсету жүйесі жасалады. Селода сауда онан әрі дамытылады.

Сабактың қызықты өтуі үшін партияның Лениндік программасы бойынша халқымыздың еңбегімен жасалып жатқан сәулетті болашақты тыңдаушылардың көзіне айқын елестету үшін оқтын-оқтын бейнелі салыстыру, көркем суреттеу әдісін қолданған жөн.

— Мынаны айтыңызшы, — деп сұрайды насихатшы тыңдаушыларға қарап, — егер қаланың алыс шетінде тұрса да адамның магазиннен бастап кино-театрға дейінгі барлық қолайлы жағдайы болса, онда тұрмыс күйі жөнінен оның қала орталығы тұрғынынан қандай айырмашылығы бар? Қала шетінде көгалдың көптігі, аныр-топырдың, айғай-шудың аздығы болмаса, ешбір айырмашылығы жоқ. Село тұрғындары жөнінде де істің жайы осылай болады. Ал егер қалаға барып қайту керек болса, оған уақыт көп кетпейді.

Келешекте қала мен селоның тұрмыс жағдайы архитектуралық бейнесі жағынан да бір-біріне жуықтай түседі. Қалалар бау-бақшаға оранады, олар кәзіргі деревнялардың орнына қалаша салынып көркейтілген елді мекендерге іргелес орналастырылады.

Қала мен деревня арасындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық айырмашылықтардың жойылуы, — делінген партияның Программасында, — коммунизм құрылысының ұлы нәтижелерінің бірі болып табылады.

Ой еңбегі мен дене еңбегі қызметкерлерінің арасындағы елеулі айырмашылықтардың жойылуы туралы мәселеге көше отырып, насихатшы СССР-де ой еңбегі мен дене еңбегі арасында болған қарама-қарсылықтың әлдеқашан жойылғанын атап өтеді. Мұның өзі ой еңбегімен шұғылдану белгілі бір әлеуметтік топтың артықшылығы болып есептелмейтінінен және дене еңбегімен шұғылданумен салыстырғанда оған артықшылық берілмейтінінен айқын көрінеді.

Адамның өндірістік іс-әрекетінде ой еңбегі мен дене еңбегінің тығыз ұштасуы үшін алғышарттар қандай болады? Бұл алғышарттар социалистік қоғам дамуының экономикалық жағдайына негізделеді; ол коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың заңдылығына сүйенеді. Өндіріс жұмыстарын жаппай механикаландыру және автоматтандыру, ғылым мен өндірісті байланыстыру ауыр жұмыстың жойылуына, дене еңбегі мен ой еңбегінің ұштастырылуына жеткізеді. Механиктер, наладчиктер және күрделі механизм мен автоматты тетіктер жұмысын басқаратын өзге қызметкерлер өндіріс жұмыстарының технологиясын, ғылыми негізін жетік білуге міндетті.

Мұның мәнісі, өмірдің өзі, экономикалық жағдайдың өзі барлық еңбекшілердің мәдени дәрежесін көтеру қажеттігін талап етіп отыр деген сөз. Біздің елде жұмысшылардың жартысынан көбі келкі мектептерде, техникумдарда, жоғары оқу орындарының сырттан оқитын бөлімдерінде оқитын кәсіпорындар аз емес екені мәлім. Оқудың барлық түрімен 52 миллионнан астам адам қамтылған. Міне осыған қарап, біздің бүкіл елді үлкен құрылыстың да, үлкен мектептің бірі деп атауға болады. Жұмыс күнінің

қысқаруы халыққа білім беру ісін дамытуға, жұртты ғылымға, әдебиетке, өнерге кенелтуге жаңа мүмкіндіктер ашады. СССР-де миллиондаған жұмысшы мен колхозшылар кәзірдің өзінде ой еңбегі адамдарынан бірде-бір кем түспейді, кітап оқушылар немесе көрушілер де рухани байлыққа кенелген жағдайда өмір сүруде. Коммунизм тұсында адамдардың өндірістік іс-әрекетінде ой еңбегі мен дене еңбегі тығыз ұштасатын болады.

Партияның Программасы туралы Н. С. Хрущевтің баяндамасында (81-бетті қараңыз) өз іс-әрекетінде дене еңбегі мен ой еңбегін ұштастыратын адамдар жөнінде мастерлер (инженер-техник қызметкерлер және сонымен бірге жұмысшылар), өндіріс жаңашылары, рационализаторлар мысалға алынған. Егер насихатшы мен тыңдаушылардың өздері байқаған осы тәрізді мысалдар келтірсе және сол тұрғыдан өз қызметтеріне талдау жасаса жақсы болады.

Мемлекеттің бірте-бірте өліп-өшуіне, қоғамның өзін-өзі басқаруына көшуге қажетті ішкі жағдай жасау таптық айырмашылықтардың жойылуымен, тапсыз қоғам құрылуымен тығыз байланысты.

4. ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ МЕМЛЕКЕТІНЕН ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАРАЙ ДАМУ. СОЦИАЛИСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ КОММУНИСТІК ҚОҒАМНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУЫНА ҚАРАЙ ДАМУЫ

Соңғы жылдары партия маркстік-лениндік теорияны дамытуға үлкен үлес қосты. Атап айтқанда, социалистік мемлекеттің өліп-өшуінің шарттары мен жолдары талдан көрсетілді. Мемлекеттік құрылыс саласындағы аса бай тәжірибені жинақтап қорытып, партия бұрынғы көзқарас негізсіз және дәлелсіз деп көрсетті. Бұрын мемлекеттің өліп-өшуі және қоғамның өзін-өзі басқару жүйесін жасау мәселелерін бір-бірінен ажырату, өзін-өзі басқаруды іс жүзінде мемлекетке қарсы қою сияқты көзқарас бар-ды.

Рас, коммунизм тұсында мемлекет өліп-өшеді, бірақ коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруы тақыр жерде пайда болмайды, ол мемлекеттік құрылыстың, мемлекеттік істерді халық басқаруының аса бай тәжірибесі негізінде құралады, соған сүйенеді. Тапсыз қоғамға қарай аяқ басқан сайын коммунизм тұсында да сақталатын қоғамдық міндеттер (шаруашылық-ұйымдастыру, мәдени-тәрбие және тағы басқалары) өзінің саяси сипатын жояды, бұл міндеттерді жүзеге асыруға қоғамдық ұйымдар мейлінше кең қатыстырылады. Сонымен, мемлекеттің өліп-өшуі дегеніміз социалистік мемлекеттің дами келе коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруына ұласуының диалектикалық процесі екенін көреміз.

Партияның XXI съезі ұсынған, КПСС жаңа Программасында толық тұжырымдалған осы маңызды идеяларды айта келіп, насихатшы Программаның мына тарихи байламын түсіндіреді: социализмнің толық және түпкілікті жеңіп шығуын және қоғамның коммунизм орнатуды кеңінен өрістетуге көшуін қамтамасыз еткен пролетариат диктатурасы ішкі даму міндеттерінің тұрғысынан қарағанда СССР-де қажеттіліктен қалды және жалпыхалықтық саяси ұйымға ұласты. Бұл қорытынды Н. С. Хрущев жолдастың партия Программасы туралы баяндамасында жанжақты негізделген (82—90-беттер).

Мұны айта келіп, насихатшы пролетариат диктатурасын орнату социалистік революцияның мақсатын жүзеге асырудың, капитализмнен социализмге өтудің қажетті шарты екенін атап көрсетуге тиіс. Капитализмнен социализмге өту жолында жұмысшы табына, еңбекшілерге қайткен күнде де ескі тәртіпті қайта орнатуға тырысқан құлатылған қанаушы таптардың сұрапыл қарсылығын тойтаруға тура келеді. Қоғам өмірінің барлық саласындағы терең әлеуметтік өзгерістер, экономиканы социалистік негізде қайта құру сияқты шаралар пролетариат диктатурасынсыз, жұмысшы табының бүкіл еңбекшіні мемлекет арқылы басқаруысыз мүмкін емес.

Қанаушы таптар жойылып, совет халқының әлеуметтік-саяси және идеялық бірлігі дамып, нығайған сайын мемлекеттің әлеуметтік базасы мейлінше кеңі түседі, пролетариат диктатурасын қажет еткен шарттар бірте-бірте құриды, сөйтіп жұмысшы табы өз ықтиярымен пролетариат диктатурасын жалпыхалықтық саяси ұйымға айналдырады.

Бұл арада мына жағдайға көңіл аударудың маңызы бар. Оқушылардың хаттарына, лекция үстіндегі сұрақтарға қарағанда Программаның осы мәселе жөніндегі идеясын бірсыпыра жолдастар теріс ұғынады. Олардың ойынша пролетариат диктатурасының жалпыхалықтық мемлекетке айналуының нақты бір жылы бар көрінеді.

Мемлекеттің дамуы тарихи процесс. Ол экономикалық және әлеуметтік қатынастардың дамуына сәйкес өркендейді. Сондықтан оның даму шегін белгілі бір жылға тәуелдеу мүмкін емес. Партияның Программасында қанаушы таптардың жойылуына байланысты ғана «мемлекеттің социалистік қоғам еңбекшілерінің бүкілхалықтық ұйымына ұласу процесі басталды» (КПСС Программасы, 100-бет) деп тегін атап көрсетілмеген. Бұл процесс социализм толық және түпкілікті жеңіп шыққан соң және қоғам коммунизм құрылысын кең өрістетуге көшкен соң аяқталады.

Жалпыхалықтық мемлекет — социалистік мемлекетті дамытудағы жаңа кезең, «социалистік мемлекеттің коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруына ұласу жолындағы аса маңызды белес» (Н. С. Хрущев, КПСС Программасы туралы, 82-бет). Социалистік демократияны барынша дамыту, халықтың нағыз қалың бұқарасын мемлекетті басқаруға тікелей қатыстыру міндеті осыған орай туады. Қазір совет қоғамы үлкенді-кішілі қоғамдық мәселені реттеуге, шешуге еңбекші біткенді түгел тарту туралы, әрбір еңбекшіні басқару ісіне үйрету, жаттықтыру, оны басқаруға шын мәнінде қатыстыру туралы лениндік идеялар жүзеге асырыла бастаған тарихи кезеңге енді.

Насихатшы партияның XX съезінің саяси бағытының зор маңызын көрсетуге тиіс. Өйткені социалистік демократизм осы бағытқа сәйкес өріс алды. Партия Сталиннің жеке басына табынудың зардабын жойды, догмашыл және ревизияшыл антипартиялық топты әшкерелеп, талқандады, өкімет билігін теріс пайдалануға жол бермегендей шараларды қолға алды, социалистік заңдылықты, мемлекеттік өмірдің лениндік нормаларын түгел қалпына келтірді. Осының нәтижесінде бұқараның өндірістік және саяси белсенділігі мейлінше шарықтады.

Партия Программасында социалистік демократияны барған сайын дамыту және жетілдіру жөнінде жүйелі шаралар белгіленген. Бұл шаралар мыналар: — Советтердің және қоғамдық ұйымдардың ролін арттыру, өкімет органдарының жұмысына жасалатын халық бақылауын күшейту, мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің сайлану, ауыстырылу және есеп беріп отыру принципін мейлінше толық қолдану, басқарудың түрлі саласына қоғамдық негізді кең енгізу және тағы сондайлар.

Бұл шаралардың мазмұнын түгел тәптештеп көрсетудің қажеттігі жоқ, өйткені ол әркімге аян. Бұл жерде маңызды нәрсе мынау: партия белгілеген шаралар басқару ісіне бұқараны мейлінше көп қатыстыруға бағытталған, ал осы шаралардың нақты жүзеге асуы еңбекшілердің бастамасы мен іскерлігіне көптен-көп байланысты. Әрбір тыңдаушы осы жайды мықтап ұғынуға тиіс. Өндірісте адал және қажырлы еңбек етіп, өз тұрмысында коммунистік мораль талаптарын мүлтіксіз атқаратын адамдар бізде көп-ақ. Ал дәл осы адамдардың бірсыпырасы қоғамдық талсырмадан ат-тонын ала қашатыны, қоғамдық жұмыстан аулақ жүретіні, тек жеке басының уақытын, ісін құнттайтыны сыр емес.

Әрбір жұмысшы мен еңбекшіні қоғамдық жұмысқа бейімдеу, басқаша айтқанда, оларды қоғамдық жұмысқа еліктіріп әкету коллективтің үлкен борышы. Коммунизм тұсында еңбектің әркімнің өмірлік қажетіне айналатыны мәлім. Қоғамның өзін-өзі басқаруына қатынасу да дәл сондай дәлдікке айналған өмірлік қажет болуы шарт. Сондықтан біз қоғамның өзін-өзі басқаруына кәзірден бастап даярлануымыз керек: коммунизмнің әрбір саналы құрылысшысы бос уақытының бір бөлегін қоғамдық міндетке арнауды моральдық парыз көруге тиіс. Бұл — адамның жанжақты жетілуінің үлкен бір шарты.

Мұнан кейін насихатшы социалистік мемлекеттің дамуындағы жаңа кезең, сонымен бірге, советтік правоның дамуындағы жаңа кезең екенін атап көрсетеді. Қоғамдық байлықтың көбеюі негізінде адамның әлеуметтік правосы (еңбек ету, демалу, білім алу, қартайғанда немесе еңбекке жарамай қалғанда материалдық көмек көру, медициналық жәрдем алу правосы) үздіксіз кеңейіп, мағынасы жағынан байн түседі.

Совет азаматтарының әлеуметтік правосымен қатар саяси правосы мен бостандығы (сайлау правосы, сөз бостандығы, баспасөз бостандығы, жиналыс бостандығы және тағы сондайлар) кеңейіп, нығаюда. Бұл арада насихатшы аса маңызды заңдардың жобасын бүкіл халық болып талқылау мысалдарын келтіріп, халықтық өкіметтің ерекшелігін көрсете алады. Партияның XX съезінен бергі уақытта партия халықпен үнемі ақылдасып отырады, халықпен ақылдасу — социалистік демократизмнің ерекше бір сипаты. Совет демократиясының бұл қасиеті партия Программасында атап көрсетілді. Программа жобасының өзін талқылауға 9 миллионнан астам коммунист қатынасты, еңбекшілер жиналыстарында 73 миллионға жуық адам болды, газет, журнал редакцияларына, радио мен телевизияға 300 мыңнан астам мақала, хат-хабар келіп түсті, оның көбі жарияланды. Жалпыхалықтық мемлекетте халықтың өз тағдырына өзі қожа екенін көрсететін мұнан артық дәлел болар ма!

Жеке адамның бостандығы жөнінде айтқанда насихатшы право мен міндеттердің тұтастығын, бірлігін атап көрсетуді естен шығармауға тиіс. Жеке адамның правосын кеңейту, оның өзінің және оның жолдастарының жұмыста, сондай-ақ тұрмыста қоғам мен мемлекет алдындағы міндеттерін адал орындауына түп-түгел байланысты екенін әрбір совет адамы білгені абзал. Мұны білген адам тек өзі ғана адал еңбек етіп, қоғам мүлкін сақтап, совет заңын бұлжытпай орындап қана қоймайды, оны сонымен бірге, басқадан да талап етеді.

Коммунизмге қарай алға басқан сайын қоғамдық тәртіп адамдардың саналылығына сүйенеді де басқарудың өкімшілік әдістері адамшылық әсер әдістеріне бірте-бірте әбден жол береді деп партияның XXII съезінің документтерінде атап көрсетілді. Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексін тұжырымдап, партия коммунистік тұрмыс ережесінің жеңісі жолындағы күрестің құралын жасап берді. Бұл құрал — ескіліктің адам санасындағы қалдығына қарсы күрестің мықты қаруы. Әрбір совет адамының мораль кодексін біліп алуы және өзінің міндетін, жүріс-тұрысын кодексте бейнеленген асыл нормаға үнемі шақтап отыруы парыз.

Насихатшының қорытынды сөзі мынадай болғаны жөн:

— Коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруға көшуі оп-оңай іс емес, ол көптеген күрделі міндетті жүзеге асыруды, толып жатқан әлеуметтік және идеологиялық алғышарттар жасауды талап етеді. Сондықтан да партия: «Мемлекеттің өліп-өшу процесі өте ұзаққа созылып, тұтас тарихи дәуірді қамтиды да тек қоғам өзін-өзі басқаруға толық есейіп жеткен кезде ғана аяқталады» (Н. С. Хрущев. КПСС Программасы туралы, 85-бет) деп көрсетеді. Мемлекеттің өліп-өшуі үшін халықаралық көлемде социализмнің жеңуі және нығаюы сияқты сыртқы жағдайлардың да жасалуы қажет екенін естен шығаруға болмайды.

Социалистік мемлекеттің даму келе коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруына ұласуында Коммунистік партия жетекші роль атқарады. Коммунизмге жетудің ғылыми негізделген жолдарын ашып беретін, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметін бағыттап отыратын Коммунистік партия бүкіл халықтың қоғамдық-саяси ұйымына айналды.

Партияның басшылығы — коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастырудың, коммунизмнің жеңісіне жетудің айқын кепілі.

5. КОММУНИЗМ ОРНАТУ ЖОЛЫНДА ҰЛТТАРДЫҢ ЖАҚЫНДАСУЫ

Коммунистік қоғамдық қатынастардың қалыптасуына орай еліміздегі халықтардың достығы нығаяды, ұлттар оған сайын жақындасады.

Насихатшының алдымен лениндік ұлт саясатының табыстарын қысқаша баяндап өткені жөн. Бұл саясаттың негізгі нәтижесі мынау: СССР-ді мекендейтін барлық ұлттар мен ұлттық топтардың экономика, саясат және мәдени дамуында толық теңправолылық орнады. Кәзір одақтас республикалардың бәрінде де жоғары өркендеген өнеркәсіп және машиналанған ауыл шаруашылығы, керемет маман кадрлар бар. Партияның XXII съезі делегаттарының — одақтас республикалар компартиясы өкілдерінің кеңесінен насихатшы экономикалық және мәдени дамудың тамаша мысалдарын тауып алады. Насихатшының өз республикасының, өз облысының өміріне көбірек көңіл бөлгені абзал.

Социализм жағдайындағы ұлт мәселесінің бір-бірімен тығыз байланысты ажыраспас екі прогресшіл бағытын түсінуге ерекше көңіл бөлу керек. Біріншіден, әрбір ұлт барлық жағынан бірдей қарыштаран қарқынмен өркендеп, одақтас және автономиялы республикалардың праволары кеңейіп келеді. Екіншіден, пролетарлық интернационализмнің туы астында социалистік ұлттар барған сайын тығыз жақындасып, олардың өзара ықпалы және бірін бірі өзара көркейтуі күшейіп келеді (Н. С. Хрущев. КПСС Программасы туралы, 90-бет).

Бір қарағанда бұл екі бағыт бір-біріне қарама-қарсы сияқты. Насихатшы мұндай дүдәмал туғызатын мәселені аттап өтуге тиіс емес. Бұл екі бағыттың өзара байланысын құр айту жеткіліксіз, оны дәлелдеп көрсету керек.

Ол үшін коммунистік құрылыс тұсында ұлттардың дамуы қандай болатынын дәйектілікпен анықтау қажет.

Біріншіден, барлық одақтас, автономиялы республикаларда, ұлт аймақтарында өндіргіш күштер мейлінше өседі, экономика мен мәдениеттің барлық саласында ұлт кадрлары өсіп, жетіледі. Еліміздің қоғамдық байлығына әр республиканың қосар үлесі неғұрлым мол болса, басқа туысқан халықтардың; бүкіл совет қоғамының игілігі солғұрлым мол болатыны өзінен өзі түсінікті. Партия одақтас республикаларды СССР-дің біртұтас экономикасының өзектес, құрамды бөлегі деп біледі. Партия Программасы одақтас республикаларды тұтас дамытуды және олардың шаруашылығын мамандандыруды көздейді.

Екіншіден, одақтас және автономиялы республикалардың праволары кеңейтіле береді. Соңғы жылдары лениндік Орталық Комитеттің бастамасы бойынша бұрын одақтық үкіметтің билігінде болған бірсыпыра маңызды мәселелер республикалық органдардың толық билігіне берілді. Өнеркәсіп пен құрылысты басқаруды қайта құрудың нәтижесінде республика жерінде орналасқан өнеркәсіп орындарының басым көпшілігін одақтас республикалардың Министрлер Советі басқаратын болды. Жергілікті өкімет органдарының инициативасын барынша өрістетуге, олардың правосын кеңейту жөніндегі партия ұстаған жалпы саяси бағыттың бір бөлегі осы. Ұлт республикаларындағы мемлекеттік органдарға қатысты бұл шаралардың ерекше мағынасы тағы бар: бұл шаралар, ұлттардың теңправолылығы туралы лениндік принципті толық жүзеге асыруға және еліміздің халықтарының достығын нығайтуға көмектеседі.

Бұл арада Молотовтың, Маленковтың, Кагановичтің және басқаларының антипартиялық тобының «Одақтың бірлігін әлсіретеді» дегенді сылтауратып, одақтас және автономиялы республикалардың праволарын кеңейту саясатына қарсы шыққанын еске салу керек. Жеке адамға табынушылық тұсындағы жалаң ұғымнап жаза алмаған дүмшеслер совет халықтарының достығы пролетарлық интернационализмнің ұлы принциптеріне, ортақ мүдде мен тарихи тағдырға сүйенетінін білмеді, білгісі де келмеді. Бұл дүмшелер мен фракцияшылдарды ысырып тастады да, партия бүкіл халықтың қызу қолдауымен, белгіленген шараларды іске асырды. Одақтас және автономиялы республикалардың праволарын кеңейту ұлттардың туысқандық қарым-қатынасын

бұрынғыдан да нығайтты, олардың экономикалық және мәдени құрылыс саласындағы ынтымағын мейлінше күшейтті.

Үшіншіден, социалистік ұлттардың дамуына орай ұлт мәдениеті де мықтап өркендейді. Мәдени қазына алмасу, мәдени байланыстарды күшейту арқылы социалистік ұлттар бір-бірін байытып отырған жоқ па?! Ұлттардың өміріне игі әсер еткен осындай өзара байланыстың нәтижесінде «совет адамдарының жаңа типті қоғамдық қатынастардан туған және СССР халықтарының ең жақсы дәстүрлерін жинақтаған рухани байланысының ортақ сипаттары қалыптасты» (КПСС Программасы, 113-бет).

Ұлттық дәстүр әртүрлі. Әңгіме ең жақсы, ең үздік дәстүр жайында болып отыр. Насихатшының мұны есте тұтқаны дұрыс. Ұлттық дәстүрдің қайсыбірі ескі салт-санамен тырыз байланысты болып, қанаушы қауымның мөрін арқалап жүр. Мұндай зияны бар дәстүрлер коммунистік құрылыстың тұсында әбден жойылуға тиіс.

Сайып келгенде әрбір ұлттың гүлденіп, жанжақты өркендеуі бүкіл қоғамға пайдалы, бүкіл халыққа пайдалы құбылыс. Әрбір ұлттың гүлденіп, өркендеуі ұлттардың мейлінше жақындасуына, олардың достасқан үлкен семья құрауына көмектеседі. Ұлттарды бір-біріне жақындастыру негізінде оларды керемет өркендету, осы өркендету негізінде оларды жақындастыру — СССР-дегі ұлттық қарым-қатынастың жаңа кезеңінің сыры осындай.

Коммунизм құрылысы — барлық совет халықтарының ортақ ісі. Коммунизм сайып келген совет халықтарының жаппай күш қосуымен салынады. Совет Одағында өмірдің барлық көріністері кенде емес. Біздің елде көптеген ұлттардың күш қосуымен, өзара салтқисыз көмегімен салынған құрылыстар көп-ақ. Бірде-бір ірі құрылыс халықтардың түгел қатысуынсыз салынған жоқ десек артық айтқандық болмайды. Тың жерлерді игеру халықтар достығының тамаша көрінісі болды.

Лениндік ұлт саясатын дәйектілікпен жүзеге асыра отырып, партия СССР халықтары тілдерінің еркін дамуын қамтамасыз етеді. Халықтардың туыскандық достығы мен өзара сенім жағдайында ұлттық тілдер теңдік және бірін-бірі байыту негізінде дамиды. Сонымен бірге мына тарихи құбылысты ескеруі жөн: ұлы орыс тілі еліміздің барлық халықтарының ұлтаралық қатынасының тілі болды және ол дүние жүзі мәдениетіне әрбір ұлттың қолын жеткізуге жәрдемдеседі.

Коммунизм кемеліне келген сайын ұлт айырмашылығы бірте-бірте жойылады да ортақ тіл қалыптасады. КПСС Программасында былай делінген: «Алайда ұлт айырмашылығының, әсіресе тіл айырмашылығының өшуі, талтық шектердің өшуінен гөрі ынағұрлым ұзағырақ процесс» (113-бет).

Насихатшы мына жағдайға көңіл аударуға тиіс: совет адамдары қай ұлттан болса да, өзін жалпыұлттық совет семьясының бір мүшесі көреді. Қызмет бабымен немесе саяхат сапарымен шет елге бара қалған біздің адамнан «Сіз кімсіз?» деп сұрай қалса, — ол: «Мен совет адамымын» деп жауап қайырады.

Сабақты таяқтай келіп, насихатшы совет халықтарының достығын нығайту, ұлттық түйықталудың қандай да болмасын көріністеріне қарсы батыл күресу — әрбір совет адамының борышы деп түйеді.

* * *

Жаңа адамды тәрбиелеу мәселесі коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру проблемасының үлкен бір саласы. Бұл мәселе өз алдына бір тақырып.

Коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру тақырыбы бойынша түрлі үйірмелер мен семинарларда өтілетін сабақ уақыты әртүрлі. Қайсыбір үйірме мен семинарда бұл сабақ 2 сағат, ал басқа үйірме мен семинарда 8 сағат уақыт алады. Егер тақырып екі сабаққа бөлінетін болса, бірінші сабақта осы тақырыптың 1-ші және 2-ші мәселелерін, ал екінші сабақта — қалған мәселелерді оқып-үйрену жөн. Экономикалық үйірмелер мен семинарларда біртұтас коммунистік меншікті қалыптастыру және материалдық ынталандыру принципі онан әрі дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөлу қажет екені өзінен өзі түсінікті. Село мен ауылдағы үйірме мен семинарда, мұнымен қатар қала мен деревня арасындағы елеулі айырмашылықты жою жолдарын көбірек оқып-үйрену абзал.

Партия тұрмысы

Тың байлығы — Отан игілігіне

П. ФИЛИППЕНКО,

Қазақстан Компартиясы Совет аудандық комитетінің секретары

Мен партиямыздың тарихи XXII съезіне қатысқан бақытты жандардың бірімін. Бұл өз өмірімнің аса елеулі бір кезеңі болмақ. Н. С. Хрущев жолдастың съезде жасаған тамаша баяндамалары мен жарқын қорытынды сөзі менің жадымда мәңгі сақталады. Мен өзімді партиямыздың жаңа Программасын, коммунистік қоғам орнату Программасын қабылдауға тура араласқаным үшін шексіз бақыттымын деп санаймын.

Осы тарихи съезге біздің аудан еңбекшілері қандай жетістіктермен келді, алда тұрған міндеттер қандай дегенді осы мақалада сөз етпейтін.

Біздің ауданда тың жер игергеннен бері көптеген өзгерістер болды. Жаңа сәнді поселкелер орнап, аудан көркі көз тартардай құлпырды. Ауданда 100 мың гектар жаңа жер игеріліп, егіс көлемі екі еседей ұлғайтылды. Тек өткен жылы ғана 153 мың гектар жерге дәнді дақыл егілді.

Астық өндіру еселеп артты. Егер 1953 жылға дейін ауданның 35 колхозы мен 2 совхозында, егін ең бітік шықты деген жылдың өзінде мемлекетке небәрі 600—700 мың пұт қана астық тапсырылып келген болса, тың игерілгеннен кейін аудан жыл сайын 6—7 миллион пұт, ал кейбір жылдары 8—9 миллион пұтқа дейін астық тапсырып келеді.

Ауа райы қолайсыз болған өткен жылдың өзінде аудан еңбекшілері Отан қоймасына 6 миллион 800 мың пұт астық құйып, өзінің XXII съезд құрметіне алған міндеттемесін абыроймен орындап шықты. Колхоздар мен совхоздар қажетті тұқымды толық құйып алды, жеткілікті зябь жырты.

Жыл сайын тұрақты да мол өнім алып келе жатқан шаруашылықтың бірі — «Қиялы» совхозы. Бұл совхоздың өнегелі ісі туралы Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде жасаған баяндамасында айтып кетті. Қиялылықтар егіншілік мәдениетін көтере отырып, жылма-жыл мол өнім алып келеді. Былтыр совхоз мемлекетке жоспарда белгіленген 900 мың пұттың орнына 1 миллион 300 мың пұт астық тапсырды.

Совхозда егіншілік тетігін жақсы білетін, іскер де талапты маман механизаторлар өсіп жетілген. Шаруашылықтың трактор-егіс бригадаларын Н. Булавкин, В. Малюк, В. Снегирев, И. Лайс, Б. Эске сияқты тәжірибелі, кәнігі механизатор — егіншілер басқарады. Олар диханшыларды агротехникалық ережелерді дұрыс қолданып, үнемі сақтап отыруға үйретіп келеді.

Совхоз механизаторлары ішінде коммунист комбайншы Қасем Нұтбаев, әкелі-балалы Дмитрий және Виктор Терскийлер бар. Бұлар Лев Вагнер, Лаврентий Браун, Отто Вагнер, Андрей Оберцайгер сияқты көптеген жас механизаторларды баулып өсіруге мөмектесті.

Айта кететін бір жай, қиялылықтар жыл сайын мол өнім алумен бірге астықтың түсер құнын кемітіп келеді. Мысалы, өткен жылы бір центнер астықтың түсер құны жоспарда белгіленген 3 сом 50 тиынның

орнына 2 сом 50 тиыннан келді. Бір центнер сүрлемнің түсер құны жоспардағы 56 тиынның орнына 46 тиынға түсті.

Қиялылықтар соңғы жылдарда сортты тұқыммен өздерін өздері қамтамасыз етіп отыр, сырттан тұқым әкелінбейді, демек бұған қаржы жұмсалмайды. Екіншіден, егістік жер күз басынан бапталады, тұқым қатар аралығы сиректеу етіліп, қарама-қарсы бағытта себіледі. Мұндай агротехникалық шаралардың қолданылуы егіннің түсімділігін арттырумен бірге оның түсер құнын да кемітуге көмектесіп келеді.

Совхозда, әсіресе, егін ору мен жинау кезінде қаржы көп үнемделеді. Совхоздың бас инженері, коммунист М. Пальяновтың ұсынысы бойынша егін оруға қосарланған агрегат пайдаланылды. Биыл осындай 56 агрегат егін оруға қатысты. Мұның өзі 40 тракторды басқа жұмысқа босатты. Осындай агрегатпен егін жинағанда гектар сайын 2 сом 50 тиын қаржы үнемдегені есептеліп шығарылды.

Астықтан мол өнім алып келе жатқан шаруашылықтың бірі—Ленин атындағы совхоз. Бұл совхоз өткен жылы Отан қоймасына 1 миллион 150 мың пұт астық құйып, мемлекеттік жоспарды асыра орындады.

Совхоздың партия ұйымы (секретары И. Жадан жолдас) мол өнім үшін күресті тыңғылықты ұйымдастыруда. Партия ұйымы әрдайым жаңалықтың жақтаушысы, қамқоршысы болып келеді. Өткен жылы партбюроның ұйымдастыруымен оқытушы, қызметкер, шофер сияқты әртүрлі мамандықтағы 22 адам комбайншы мамандығын үйрететін курста оқыды. Олар егін орағының нағыз қызу кезінде комбайн штурвалына отырып, шаруашылыққа үлкен көмек көрсетті. Мысалы, Аралағаш жеті-жылдық мектебінің мұғалімі О. Ғабдуллин комбайншы, оқытушылар О. Макшеев пен С. Тастамбеков жолдастар комбайншының көмекшісі, тракторшы болып жұмыс істеді. Осылардың көмегі арқасында совхоз басқа жақтан механизаторлар шақырған жоқ.

Егін орағы кезінде совхоздың бас инженері коммунист В. Кутьин жолдас та тамаша тапқырлық көрсетті. Инженер көптен-ақ мал фермасы мен малға жемшөп дайындаудағы қолмен атқарылатын ауыр жұмыстарды механикаландыру жөнінде талай ұсыныс жасап, оны жүзеге асырып келе жатқан жаңашылдың бірі еді. Ал, өткен жылы ол өздігінен жүретін комбайнмен үш жатқаны біріктіріп бір агрегат жасады. Бұл агрегатпен кей күндері 100 гектарға дейін егін орылып жүрді, ал маусымда барлығы 1 150 гектар жердің егіні орылды. Егінді осындай агрегатпен орудың арқасында оған жұмсалатын шығын 3 есе кеміді. Виктор Кутьин жолдастың бұл агрегатына Н. С. Хрущев жолдас жоғары баға берді.

Ауданда «дала падишасы»—жүгеріден алынған өнім де еселеп артып келеді. Біз жүгерінің көлемін 13 785 гектарға жеткіздік. Біздің жүгерішілер өткен жылы жаңа табысқа жетті. Былтыр әр гектардан 199 центнерден көк құрақ жиналды. Аудан бойынша 1 миллион 947 мың центнердің құнарлы сүрлемі салынды. Сөйтіп, жүгеріден алынған орташа өнім бойынша біздің аудан облыста бірінші орынға шықты.

Жүгері өсіруден де «Қиялы» совхозының жұмысшылары алда келеді. Олар орта есеппен гектарынан 252 центнерден көк құрақ жинады. Ал, Г. Бауман басқарған звено әр гектардан 424 центнерден, О. Брайден-бихердің звеносы 319 центнерден, Д. Шашериннің звеносы 314 центнерден, П. Вильгельмнің звеносы 380 центнерден көк құрақ алды.

Иванов совхозы мен Шағалалы ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясында да жүгеріден мол өнім алынып келеді. Ендігі жерде біздің аяға қойып отырған мақсатымыз—жүгері егісінің өнімділігін арттыру, барлық жерде озаттардың дәрежесіне жету. Бұған біздің мүмкіндігіміз мол. Қазір ауданда жүгеріні егуді, агротехникалық ережеге сай күтіп, баптауды жақсы меңгерген тұрақты механизатор кадрлар бар.

Біздің шаруашылықтар мал шаруашылығын өркендетуде де кейбір табыстарға жетті. Аудан мемлекетке етті, сүтті, жұмыртқаны, жүнді жоспардағыдан анағұрлым көп тапсырды, мал басының өсуі де жамаан емес.

Партияның XXII съезінің шешімдеріне жауап ретінде «Қызыл жұлдыз» совхозының жұмысшылары малды қыстан шығынсыз алып шығу жолындағы тыңғылықты күрестің мұрындығы болды. Аудандық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары Советінің атқару комитеті бұл талапты мақұлдап, аудан малшыларына таратты. Қазіргі кезде біздің мал өсірушілер қолда бар барлық мүмкіндікті пайдалана отырып, малды қыстан шығынсыз шығару үшін, сөйтіп өздерінің мемлекет алдындағы парызын — ет, сүт, жүн, жұмыртқа өнімдерін молайту үшін күресуде.

Партиямыздың тарихи XXII съезі елімізде коммунизм құрудың ұлы Программасын қабылдады. Осы ұлы Программаны жүзеге асыру ісіне біздің ауданның еңбекшілері де тиісті үлес қосады. Партия бізді: іске жұмылайық!—деп шақырып отыр.

Никита Сергеевич Хрущев жолдастың Тың өлкесіне екінші рет келуі, ауыл шаруашылығы озаттарының Целиноград қаласындағы кеңесінде сөйлеген жарқын сөзі аудан еңбекшілеріне жаңа жігер беріп, оларды жаңа бедестерге көтерілуге бастауда.

Елімізде азық-түлік молшылығын жасау сықылды жалпыхалықтың іске лайықты үлес қосу үшін біздің аудан еңбеккерлері егіннің түсімділігін арттыруға тиіс. Біздің өндіретін астығымыз жылына 24—25 миллион пұтқа жетуі керек, оның 14—16 миллион пұтын мемлекетке беруіміз шарт.

Аудан малшыларының өсебі бойынша жетіжылдықтың аяғына дейін етті көзіргіден 9 есе, сүтті 8 есе молайту көзделіп отыр. Бұл үшін бізде керекті жағдайдың бәрі бар.

Партияның XXII съезінің қорытындылары мен Н. С. Хрущев жолдастың Целиноград қаласында өткен кеңесте тың игерушілер алдында қойған міндеттерді талқылай келіп, аудан коммунистері мен жастары, барлық еңбекшілер болып ашылмай жатқан қорлар мен мүмкіндіктерді пайдаланудың нақты жолын белгіледі.

Ауданның барлық совхоздарында ашық партия жиналыстары өткізіліп, онда партияның XXII съезінің қорытындылары және аудан еңбекшілерінің алдында тұрған міндеттері туралы баяндама жасалды. Бұл жиналыстарда совхоз жұмысшылары алда тұрған ұлы міндеттерді ойдағыдай орындап шығу үшін аянбай еңбек ететіндіктерін білдірді.

Бұдан кейін ауыл шаруашылығы мамандарының, трактор егіс бригадалары бригадирлерінің қатысуымен жүгері өсірушілердің жиналысы болып өтті. Мұнда жұмыс қорытындысы жинақталып, алда тұрған жаңа міндет айтылды. Биыл біз жүгерінің әр гектарынан 300 центнерден, ал озат жүгерішілер 350—400 центнерден көк құрақ аламыз деп міндеттеніп отырмыз. Жақында біз ауыл шаруашылығы озаттарының кеңесін өткіздік. Онда дәнді дақылдардың түсімділігін арттыру мәселесі кең сөз болды.

В. Р. Вильямс дәріптеген шөл танапты ауыспалы егісті кеңінен және жер-жердің бәрінде жаппай қолдану біздің ауданға да зиянды әсерін тигізбей қойған жоқ. Ол кезде шөл егу—топырақтың құрылымы мен құнарлылығын жақсартудың бірден-бір жолы деп саналды. Ал, шындығында жердің құнарлылығын көлжылдық шөл егу жолымен емес, отамалы дақылдар егу, тыңайтқыштар енгізу арқылы да арттыруға болатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Ендігі жерде біз, Н. С. Хрущев жолдас айтқандай, жердің құнарлылығын сақтау үшін егіншіліктің отамалы дақылдар жүйесіне көшуді ұйғарып отырмыз.

Былырдан бастап аудан шаруашылықтары бұрын егілмеген, не егілсе де көп көңіл бөлінбеген жембұршақ, асбұршақ, қант қызылшасы, арпа, тары, қарақұмық, сәбіз сияқты дақылдарды еге бастады.

Алғашқы тәжірибенің өзі бұл дақылдардың біздің жағдайымызда өте жоғары өнім беріп, жүгерімен қосылғанда мал үшін берік жемшөп қорын жасауға негіз болатынын дәлелдеді.

Мұндай игі іске бірінші болып ат салысқандар да қиялылықтар болды. Өткен жылы совхозда 210 гектар жерге асбұршақ, 80 гектар жерге жембұршақ, 28 гектар жерге қант қызылшасы, 10 гектар жерге сәбіз егілді. Жембұршақ ерте пісетін болғандықтан оның күтіп-баптауы жүгеріден анағұрлым ерте болады. Совхоз диханшылары отамалы дақылдардан тәп-тәуір өнім алды.

Жұртқа айқын, осы күнге дейін тың жерде ылғи бидай егіліп келді. Сөз жоқ бидай бағалы да басты дақыл. Бірақ біздің жағдайымызда жыл сайын бидайды еге беру, оның өнімділігін төмендетуге, арамшөптердің қаптап кетуіне әкеліп соқтырды. Біз келешекте мұны ескере отырып, бидаймен бірге басқа да дақылдар егуді қолға алып отырмыз. Біздің жағдайымызда, жердің құнарлылығын сақтау үшін бидайдан басқа жүгері, асбұршақ, жембұршақ, арпа егу өте қолайлы.

Бұл дақылдарды егу жөнінде бізде кейбір тәжірибе де бар. 1966 жылы Шағалалы тәжірибе станциясының екінші бөлімшесінде 322 гектар жерге пардан кейін арпа егілген еді. Август айының екінші жартысында жиналып алынған сол арпаның әр гектарынан 28 центнерден өнім алынды. Сол пардың 115 гектарына егілген бидайдың әр гектарынан 19,5 центнерден өнім алынды. Болмаса асбұршақты алайық. Тәжірибе станциясында 1958—1960 жылдары оның әр гектарынан орта есеппен 21,4 центнерден өнім алынды.

Бұл дақылдар өнімді болумен қатар тез піседі. Мұның өзі август айында зябь жыртуға мүмкіндік береді, ал август айындағы зябь біз үшін таза пармен бірдей. Бидайдың алдында егілетін асбұршақ пен жембұршақ жердің құнарлылығын анағұрлым жақсартады.

Біз алдағы 2—3 жылдың ішінде аудандағы егістік жердің 20 проценттейіне асбұршақ пен жембұршақ екпекшіміз. Ал, шындап келгенде мұның өзі негізгі дақыл — бидайдың өнімділігін арттыруға жағдай жасайды. Сондықтан да таза пардан гөрі жоғарыда аталған дақылдарды егудің пайдасы өте мол.

Тың жағдайында жүгері, асбұршақ, жембұршақ егу 100 гектар егістік жерден бұрынғыдай 549—764 центнер астық емес, енді 2000 центнерге шейін астық алуға жағдай жасайды. Біздің ауданның дихандары биылдан бастап таза пардан бас тартады. Оның орнына отамалы дақылдар егуді ұйғарып отыр.

Барлық шаруашылықтарда егістік жердің құрылымы қайта қаранып жатыр. Мысалы, Ленин атындағы совхозда биыл бидаймен бірге 3900 гектар жерге арпа, 1380 гектар жерге бұршақ тұқымдас дақылдар, оның ішінде 1000 гектар жерге жембұршақ, 1865 гектар жерге жүгері, 150 гектар жерге тары, 120 гектар жерге қарақұмық, 250 гектар жерге зығыр егілетін болады.

Совхоз жұмысшылары бұл дақылдардан мол өнім алуды кәзірден бастап қолға алуда. Механизаторлар күзде зябь жыртып болысымен-ақ техника жөндеуге кіріскен еді. Қәзір жөндеу аяқталуға жақын. Бұл күндері егістік жерге көң тасылуда, қар тоқтатылуда.

Мұндай шаралар ауданның барлық шаруашылықтарында дерлік жүргізілуде. Сөйтіп, аудан еңбекшілері өздерінің биыл барлық егістіктің әр гектарынан кемінде 13 — 14 центнерден өнім аламыз деген міндеттемесін абыроймен орындап шығу үшін күресуде.

Астықты молайтуда, мал үшін берік жемшөп қорын жасауда бұдан былай да жүгері шешуші орын алмақ. Болашақта да бұл бағалы дақылдың түсімділігін арттыра беруге, сүрлем сапасын жақсартуға көңіл бөлінеді.

Бірақ, мына жағдайды айтпаса болмайды. Біздің жағдайымыз жүгерінің «Букавинская-2», «Воронежская—76» деген сорттары көк күрәктан да, дәннен де мол өнім береді. Алайда, жүгерінің мұндай тұқымы бізде жетімсіз. Ал, Тың өлкелік совхоздар басқармасы бізге бұдан жөнінде көмектеспей келеді.

Қолда бар мүмкіндіктерді дұрыс жүзеге асыра білсек, біздің ауданда таяудағы жылдардың ішінде астықты 2 есе көбейтуге болады. Бұл үшін озат тәжірибе мен ғылым жетістігін кеңінен пайдаланудың керектігін біз жақсы білеміз.

Аудандық партия комитеті бұл мәселеге бұрын да ерекше көңіл аударып келген болатын. Совхоз директорлары, ауыл шаруашылығы мамандары, малшылар мен дихандар көрші аудандарда болып, ондағы озат тәжірибемен танысып, оны өздеріне кең пайдаланып отырады. Біз мезгіл-мезгіл малшылардың, құс өсірушілердің, шошқа бағушылардың, сауыншылардың кеңестерін өткізіп, онда озат тәжірибені көп талқысына салып отырдық. Шағалалы тәжірибе станциясы трактор-егіс бригадаларының, Ленин атындағы колхоздың сауыншысы И. Штейнердің «Черкас» совхозының шопаны И. Янлидің озат тәжірибелері аудандық комитеттің бюросында қаралды. Бұл жөніндегі жұмысты біз бұдан былай да өрістете бермекпіз.

Таяуда ауданның шошқа өсірушілерінің бір тобы «Мамлют» совхозына барып, онда шошқа өсірудің озық тәжірибесімен танысып қайтпақ. Сондай-ақ келешекте Ленин ауданындағы Воровский атындағы колхоздағы маңдай алды шопандардың, «Заградов» совхозының тәжірибелерінің озат тәжірибелерін де егжей-тегжейлі зерттемекпіз.

Асбұршак, қант қызылшасы, жүгері, жембұршак өсірудің агротехникасын үйрететін семинарлар ұйымдастырылуда. Бұл семинарлар шаруашылық басшылары, дихандар, бөлімше бастықтары, трактор-егіс бригадасының бригадирлері қатысуда.

Астық өндіру мен мал шаруашылығы өнімдерін арттыруды қолға ала отырып, біз ауыл шаруашылығы өнімдерінің түсер құнын кеміт беруді, егіншілік пен мал фермаларындағы ауыр жұмыстарды механикаландыра түсуді естен шығармаймыз. Мысалы, тың игерген аудандар үшін В. Кутын жолдастың құрастырған агрегатының үлкен мәні бар. Егер тек біздің ауданда ғана осындай 150 агрегат жұмыс істесе, онда 400 трактор, 450 лафетті жатқа басқа жұмысқа босайды. Ең бастысы мұндай агрегатпен егінді 10 күннің ішінде орып бітіруге болады. Мұның өзі егіннің шығынсыз жиналып, астықтың арзанға түсуіне көмектеседі.

Ауданның партия ұйымдары егін шығымдылығын арттыра бері мал өнімдерін молайта беру жолындағы күресті өрістете береді. Келешекте тың жерге отамалы дақылдарды неғұрлым мол егіп, онан жөнінде өнімді қамтамасыз етеміз. Сөйтіп, біз тыңның бар мүмкіндігін Отан игілігіне жұмылдырамыз.

Солтүстік Қазақстан облысы.

Қоғамдық негізде

Қ. НҰРБИКЕНОВ,

Шығыс Қазақстан облыстық партия комитеті партия органдары бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Коммунизм құрылысының кең өріс алған кәзіргі кезеңіне партия өз дамуындағы, оның саяси, идеологиялық және ұйымдастыру жұмысындағы жаңа, неғұрлым жоғары дәрежесі сай келеді. Партия, — көрсетілген КПСС Программасында, — өзінің бұқараға, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау ісіне, қоғамның рухани өмірінің дамуына жасайтын басшылығының дәрежесі коммунизм құрылысы заманының өскелең талаптарына сай келуі үшін өз қызметінің формалары мен әдістерін үздіксіз жетілдіре береді.

Кәзір партияның Программасы мен Уставында тұжырымдалған талаптарға сай партия жұмысында қоғамдық бастамалар кең өріс ала бастады. Бұл жергілікті партия ұйымдары жұмысының түрі мен мұңын байытуға күшті ықпал етуде, ең бастысы, партия бұқарасының іскерлігі мен белсенділігін арттырып отыруға жағдай жасауда. Партияның XXII съезінен бергі аз уақыттың өзінде-ақ партия ұйымдарында қоғамдық негіздегі жұмыстар қаулап өріс ала бастады. Мұның бірі партия тұрмысының лениндік нормаларының қалпына келтіріліп, шытыла түскендігінің тағы бір жарқын белгісі.

Коммунистерді қоғамдық негізде партия комитеттері мен партия ұйымдарының күнбе-күнгі қызметіне белсенді қатыстырып отырудың түрлі түрлері бар. Мұны біздің облыстың аудандық, қалалық партия комитеттерінің жұмыс тәжірибелерінен де көруге болады. Бұлар штаттан тыс нұсқаушылар, бөлімдер, уақытша және тұрақты комиссиялар, секестер және басқалары сияқты қоғамдық негіздегі жұмыс түрлерін ұйымдастырған сайын кең өрістетуде. Кәзір аудандық, қалалық партия комитеттерінде үш жүздей коммунист штаттан тыс нұсқаушы болып істейді, партия аппаратына қоғамдық негіздегі жұмысқа мыңдаған коммунист жұмыс аталған.

Өскемен қалалық партия комитеті қоғамдық негіздегі жұмыстарды жақсы ұйымдастырды. Мұнда елуге тарта штаттан тыс нұсқаушы қызмет істейді.

Қалалық партия комитетінде штаттан тыс нұсқаушылар тағайындалып, жұмыс істей бастағанына екі жылдан асты. Осы мерзім ішінде ел жөнінде елеулі тәжірибе қалыптасып отыр. Штаттан тыс нұсқаушылардың атқарып жүрген қызметтері сан алуан: олар партия ұйымдарына ұйымдастыру және саяси жұмысты жолға қоюға нақтылы көмектеседі, қалалық партия комитетінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады, қадағалайды, бюроға мәселе әзірлеседі.

Мұнда штаттан тыс нұсқаушылар неғұрлым дұрыс іріктелген, партия негізінен өндірісті жетік білетін, партиялық тапсырманы орындауға ынтасы күшті, ұйымдастыру жұмысына қабілеті бар коммунистер тағайындалған.

Алтай қорғасын құрылыс тресінің инженері Любовь Андриановна Рычагова жолдастың Өскемен қалалық партия комитетінде штаттан тыс нұсқаушы болып істей бастағанына көп уақыт болған жоқ. Ол өзі тапсырылған осы үлкен сенімді адал ақтауға тырысады. Рычагова

жолдасқа құрастырмалы темірбетон заводының, ағаш өңдеу комбинатының және жөндеу-механика заводының партия ұйымдары бекітіліп берілген.

Рычагова жолдас өзіне бекітілген осы партия ұйымдарының өміріне қызу араласып отырады. Ол өз жұмысына бұл партия ұйымдарының коммунистерін, партияда жоқ қалың активін тірек ете біледі. Олардың өндіріс жұмысын жақсарту жолындағы күреске белсенді жұмылдырылып отырады. Штаттан тыс нұсқаушының көмегімен бұл ұйымдарда партиялық-ұйымдастыру, бұқаралық-саяси жұмыс, қоғам ұйымдарына басшылық жақсарып келеді.

Қалалық партия комитеті штаттан тыс нұсқаушыларға нақтылық басшылық етіп отырады. Әрбір бөлім штаттан тыс нұсқаушыларға нұсқау-кеңес береді, олардың жұмыс жоспарларын қарайды. Штаттан тыс нұсқаушылардың кеңестері тыңғылықты өтіп тұрады.

Қалалық партия комитетінде мұнымен бірге қоғамдық негізде құрылған әртүрлі комиссиялар жұмыс істейді. Коммунистердің дербес істерін қарау жөнінде құрылған комиссия елеулі қызмет атқарып келеді. Оның құрамы партия жұмысынан тәжірибесі мол коммунистерден іріктелген. Бұл комиссия әрбір дербес істі мейлінше зер салып қарайды, терең талдап анықтайды. Комиссия қалалық партия комитетіне коммунистердің дербес істерін неғұрлым терең зерттеп, дұрыс шешуге көмек көрсетуде.

Өскемен қаласының партия ұйымдарында қоғамдық негіздегі жұмыстардың түр-түрлері көбейіп, барған сайын кең өріс алып келеді. В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинатының партия комитеті тұрғын үй басқармалары жанынан партия топтарын құрып, жақсы іс бастады. Олар металлургиялардың тұрғын жерлері бойынша бұқаралық-саяси жұмысты қызу жүргізуде. Мұның өзі идеялық-тәрбие жұмысының өрісін кеңейтіп, ықпалын күшейтуге елеулі көмегін тигізуде. Комбинат партия ұйымы қоғамдық негізде жас коммунистер мектебін ұйымдастырды. Партия жұмысындағы қоғамдық бастамалар қаланың басқа партия ұйымдарында да кең өрістей бастады.

Шаруашылыққа партиялық басшылықты жақсарту ісінде қоғамдық негізде құрылған штаттан тыс бөлімдер үлкен көмек бере алады. Аудандық партия комитеттерінде құрылған штаттан тыс бөлімдердің жұмысы осыны көрсетіп отыр. Шемонайха аудандық партия комитеті өткен жылғы күзде штаттан тыс ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт пен байланыс бөлімдерін құрған еді. Ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі болып «Красный партизан» совхозының бас агрономы Н. И. Ефремов жолдас бекітілді. Бөлімнің жеті нұсқаушысы бар олардың барлығы да ауыл шаруашылығының маманы.

Штаттан тыс бөлім өз жұмысын жоспармен жүргізіп келеді. Бөлім өткен жылғы октябрьде «Аврора» ауылшаруашылық артелінде мал қыстатуға әзірліктің жайы туралы мәселе әзірлеп, аудандық партия комитетінің бюросына қойды. Бұл мәселе алдын ала тыңғылықты дайындалды. Осы бөлімнің нұсқаушылары Убинск совхозының бас зоотехнигі Файков, дайындау инспекторы, зоотехник Абросимов, Вавилонск селолық Советінің председателі, құрылысшы-техник Короткий жолдастар «Аврора» колхозында болып, мал қыстатуға әзірліктің маңжайын талдап тексерді. Осы зерттеудің барысында ашылған кемшіліктерді дереу жоюдың нақтылы шаралары қолға алынды. Мәселе аудандық партия комитетінің бюросында іскерлікпен талқыланып, қажетті шаралар белгіленді. Міне, осының нәтижесінде колхозда мал қыстатуға әзірліктегі кемшіліктер дер кезінде жойылды.

Бұл бөлім социалистік міндеттемелердің орындалуын ұйымдастыру ісіне де қызу араласып келеді. Бөлім сауыншылардың аудандық кеңесін әзірлесіп өткізді. Онда қысқы маусымда сүт саууды арттыру же

інде қабылданған көтеріңкі міндеттемелерді жүзеге асыру жолдары сөз болды.

Кәзір бөлім, оның меңгерушісі Н. И. Ефремов жолдас егіс көлемі құрылымын жақсарту жолындағы жұмыстарға қызу араласуда. Бөлім егіс құрылымын қайта қараудың шаруашылық-экономикалық маңызы деген тақырыпта экономикалық конференция әзірледі. Штаттан тыс бөлімнің нұсқаушылары аудан колхоздары мен совхоздарында ауыл шаруашылық техникасын көктемгі егіске әзірлеудің барысын тексеруді ұйымдастыруда. Олар жарысушы шаруашылықтардағы техниканың әзірлігін өзара тексерудің қорытындыларын колхоз басқармасында, совхоз дирекцияларында, партия ұйымдарында талқылауға қояды. Мұның өзі ауданның колхоздары мен совхоздарында ауылшаруашылық техникасын алдағы көктемгі егіске әзірлеу ісін неғұрлым қызу жүргізуге ықпалын тигізуде.

Зайсан және Тарбағатай аудандық партия комитеттерінде құрылған штаттан тыс бөлімдер де белсенді қызмет атқаруда. Бұларда ауыл шаруашылық және мектеп бөлімдері бар. Зайсан аудандық партия комитетінің штаттан тыс ауылшаруашылық бөлімін Ленин атындағы колхоздың бас агрономы Құнафин жолдас басқарады. Бөлімнің нұсқаушылары негізінен ауыл шаруашылығы мамандары және озаттар. Тарбағатай аудандық партия комитетінің штаттан тыс мектеп бөлімін Ақжардағы Абай атындағы орта мектептің директоры, тәжірибелі педагог Қамажанов жолдас басқарады. Бөлім құрамы тәжірибелі мұғалімдерден іріктеліп алынған.

Облыстың аудандық және қалалық партия комитеттерінде жиырмаға тарта штаттан тыс әртүрлі бөлімдер жұмыс істейді. Кәзір барлық жерде дерлік штаттан тыс бөлімдер мен комиссиялар құрылуда. Бірақ кейбір аудандық партия комитеттері партия аппаратындағы қоғамдық негіздегі жұмыстарға әлі де жете мән бермей келеді. Бұқтарма, Таврия және Предгорный аудандық партия комитеттері штаттан тыс нұсқаушыларды дұрыс іріктей алмаған. Олардың штаттан тыс нұсқаушыларының арасында мамандар тым аз. Бұл дұрыс емес. Аудандық партия комитеттерінің штаттан тыс бөлімдері мен нұсқаушылары негізінен ауылшаруашылық мамандары, озаттар, идеология майданының қызметкерлері есебінен құрылуға тиіс.

Партия ұйымдарының қоғамдық негіздегі жұмыстарының күшті ықпалын әкімшілік жұмысын бақылау жөніндегі комиссиялардың істерінен де көруге болады. Олар партия ұйымдарының ең мықты тірегіне айналды. Кәзір облысымыздың өнеркәсіп орындары, құрылыс, транспорт, сауда және совхоз партия ұйымдарында әкімшілік жұмысын бақылау жөнінде бес жүзден аса комиссия жұмыс істейді. Олардың құрамында екі мыңнан астам коммунист бар. Бұлардың дені тікелей өндірісте істейтін адамдар. Әкімшілік жұмысын бақылау жөніндегі комиссиялар қоғамдық ұйымдармен, сол сияқты қоғамдық негізде құрылған басқа комиссиялармен бірлесе отырып техниканы жетілдіру, еңбек өнімділігін арттыру, өнімдердің түсер құнын кеміту, ауылшаруашылық өнімдерін молайту жөнінде күрделі жұмыстар жүргізіп келеді.

Қоғамдық негіздегі жұмыстар партия насихатын жүргізуге де кеңінен пайдаланылуда. Бастауыш партия ұйымдары жанынан қоғамдық негізде құрылған саяси оқу кабинеттері, штаттан тыс лекторлар тобы, қалың активтің қатысуымен өтетін лекциялар, консультациялар, методикалық кеңестер — міне осының мысалы.

Зайсан ауданының партияның XXII съезі атындағы колхозы және Шемонайха ауданының Убинск совхозы партия комитеттерінің қоғамдық негізде құрылған саяси оқу кабинеттері жақсы жұмыс істейді. Убинск совхозының партия комитеті идеологиялық жұмысты ұйымдастыратын комиссия құрды. Оны партия комитеті секретарының орынба-

сары С. А. Теплов жолдас басқарады. Комиссия құрамында жеті адам бар. Бұл комиссия үйірмелер мен семинарлар жұмысын жақсартуға, бұқаралық-саяси жұмысты пәрменді, мақсатты етіп жолға қоюға күш салуда. Ол саяси-тәрбие жұмысының өрісін кеңейтіп, ықпалын күшейтіп, түр-түрін байыта беруді мақсат етіп отыр. Кәзір совхоздың фермаларында партия XXII съезінің материалдары бойынша әр жексенді сайын лекция оқылып тұрады. Бұл лекциялар совхоз коллективінің алдында тұрған міндеттермен тығыз ұштастырылады. Әрбір лекциядан соң оның тақырыбына байланысты кинофильмдер көрсетіледі.

Шығыс Қазақстан облысының партия ұйымдары штаттан тыс қызметкерлерді неғұрлым көбейте түсуге, тәрбиелеуге, партия аппараттары атқаратын қызметтің неғұрлым қалың актив күшімен қоғамдық негізде орындалып отыруына ерекше мән беріп келеді. Олар партия аппаратындағы қоғамдық негіздегі жұмыс іскер кадрлар тәрбиелеудің, партия, совет және шаруашылық қызметкерлерін даярлаудың тамаша мектебі деп біледі.

Біздің облысымыздың партия ұйымдарының күнделікті қайнаған өмірі де жаңаның өркендеріне толы. Міне бұларды дамытып отыру, қоғамдық негіздегі құнды бастамаларды ілім әкету — партия ұйымдарының үлкен міндеті бола бермек.

Коммунистік еңбек шахтасы

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау сияқты басты экономикалық міндетті орындауда көмір өнеркәсібі жұмысшыларының атқаратын қызметі үлкен. 20 жылдың ішінде еліміздегі өндірілетін көмір 2,34 есе көбейтілуге тиіс. Оның ішінде біздің республикада шығарылатын көмір 1980 жылы 146,1 миллион тоннаға жеткізіліп, 1960 жылмен салыстырғанда 4,52 есе өсетін болады.

Партия Программасы бойынша алға қойылған мұндай ұлы мақсатқа жету үшін еліміздің кеншілері кәзірдің өзінде жемісті жұмыс атқарып жатыр.

Республиканың маңдай алды шахталарының бірі—Қарағанды бассейніндегі коммунистік еңбек коллективі деген құрметті атаққа ие болған № 35 шахта. Бұл шахтаның ұйымшыл, ынтымағы күшті коллективі жетіжылдықтың алғашқы үш жылында жоспардан тыс 110 мың тонна көмір өндірді. Кеншілердің қажырлы еңбек етуі арқасында өткен жылы 1958 жылмен салыстырғанда көмір шығару 34 процент өсті. Еңбек өнімділігі 59 процент артты. Өнімнің түсер құны 12 процент кеміді. Әрбір тонна көмірдің түсер құны тапсырмадағыдан 21 тиынға кеміп, соның нәтижесінде былтыр мемлекеттің 146 мың сом қаржысы үнемделді.

Мұндай табысқа шахта коллективінің қолы бірден жете қойған жоқ. 1960 жылдың аяғында өткізілген бір жиналыс шахта коммунистерінің әлі есінде.

...Қоңыр күз болатын. Сентябрь айының аяқ шені. Шахта партия ұйымының ұйғаруы бойынша барлық учаскелер мен бригадаларда жалпы жиналыстар өткізіліп, онда жұмыс қорытындылары, алда тұрған келесі міндет сөз болған-ды. Сол жеке учаске, бригада бас қосуында айтылған бағалы ұсыныс, тың пікірлер енді күллі шахта коммунистерінің жиналысында талқылашып отыр.

Сөйлеген коммунистер пікірінің тоғысқан түйіні біреу еді. Ол—бүкіл шахта кеншілері болып коммунистік еңбек коллективі деген абыройлы атақты жеңіп алу үшін күресу. Бұл жиналыстан барша коммунист осындай берік байламға келіп тарасқан болатын.

Келер жылдың басынан бастап туысқан Коммунистік партияның XXII съезі ашылу құрметіне еңбек вахтасына тұрған коллектив жаңа табысқа ие болды. Кеншілер тарихи съезд ашылардан үш күн бұрын өз міндеттемелерін орындап шықты. Қажырлы күрес, қарқынды қимыл нәтижесі тамаша болды. Жоспардан тыс 27 мың тонна отын шығарылып, көмір комбайнының өнімділігі жоспардағыдан 19 процент артты, 150 мың сомның қаржысы үнемделді. Бұл шахта өмірінде бұрын-соңды болып көрмеген еңбек жеңісі еді.

Партиямыздың тарихи XXII съезі ашылар күні № 35 шахтаның кеншілеріне Қазақ халық шаруашылығы советі мен Қазақстан кәсіподақтары советінің ұйғаруы бойынша коммунистік еңбек кәсіпорны деген құрметті атақ берілді.

Бұл абыройлы атақты алу жорығында коммунистер бірінші сап болды. Шахтаның бастауыш партия ұйымы (секретары Түсінов жолдас) коллективтің күш-жігерін алда тұрған асқар міндетті орындау жұмылдыру бағытында қыруар жұмыс жасады. Партбюро мүшелері шахта бастығы Т. Қасымов, шахта кәсіподақ комитетінің председатели Н. Ковалев, партия топтарының жетекшілері М. Тойғанбаев, Н. Лукашев, Н. Ольховиков, А. Михаэльс, А. Сенонос жолдастар жаңада жарышы болған кеншілерге көп көмек көрсетті.

Партия ұйымы әрбір коммунистің өзіне тапсырылған іске, ондер кезінде мүлтіксіз орындауға асқан жауапкершілікпен мұқият қарайды. Бұл бір.

Екіншіден, әрбір коммунистен жеке өз басы үшін емес, қатар жұмыс істейтін әр кеншінің артта қалмауын ескеру талап етіледі. Шыңтап келгенде мұның өзі бүкіл шахта коммунистерінің беделін көтеруге жәрдем етіп отыр. Кәзір бұл шахта коммунистерінің жолдас үшін жауап беруі дәстүрлі әдетке айналуда. Әрбір коммунист еңбектегі көрсеткіші төмен, тұрмыста, семьяда о жар мінез көрсете бастаған жолдастары үшін жауап береді.

Бүкіл шахтадағы 132 коммунистің тек 30-ы ғана басқару аппаратында жұмыс істейді. Ал қалғандары көмір шығаратын шешуші буында еңбек етеді. Шахтада өз жоспарын орындамайтын бірде-бір кенші учаске, бригада жоқ.

Шахтада өз жұмысын жетік білетін мамандар көптеп саналады. Солардың қатарында учаске бастықтары И. Гердт, Т. Сексенбаев, А. Қаймолдин, И. Бражников, Ш. Минеев жолдастар бар.

Жаңалыққа әрдайым бой ұру кеншілердің бойына берік сіңірілген қасиет. Сондықтан да шахтада талай жаңа, соны ұсыныстар айтып, оны өндіріске енгізіп, қыруар қаржыны үнемдеген, Қазақ ССР-ының Еңбек сіңірген шахтер, 2-учаскенің комбайн бригадасының бригадирі Әбілқасым Әбдіресев, комбайншы көмекшісі Андрей Михаэльс, комбайншы Төкеш Нубаев, ағайынды забойщиктер Даниил мен Иван Маладюкилер, электровоз машинисі Иван Фрайс сияқты өнертабушылар бар. Міне, партия ұйымы осындай озат кеншілер түсірген жаңашыл ұсыныстарды үнемі реттеп, бір жүйеге келтіріп, өндіріске енгізуге көмектесіп отырады.

Учаскелердегі бірсыпыра жұмыстарды тұтас механикаландыру арқасында лава отырғызушылар мен конвейерлерді ауыстырушылар қысқартылды. Сол сияқты ағаш қоймасы мен шахта ішіндегі транспорт учаскелері тәрізді көмекші буындар біріктірілді. Көмір шығаратын учаскелер түгелімен дерлік кен мастерінсіз жұмыс істеуде, бақылау жұмыстарын учаске бастықтарының жәрдемшілері атқаруда.

Шахта коллективі өндіріс жұмыстарын механикаландыру мен автоматтандыруда, жаңа механиканы өндіріске мол пайдалануда бірінші шараларды жүзеге асырды. Кәзіргі кезде көмір тек комбайнмен ғана қазылып шығарылады. Кен қопару жұмысы толық механикаландырылған. Әрбір комбайнның ай сайынғы орташа өнімділігі жоспардағы 530 тоннаның орнына 12 мың тоннаға жеткізілді.

Коммунистік кәсіпорны деген құрметті атаққа ие болған коллектив өмірінде, тұрмыс құру салтында көптеген жаңалық нышан бар. Әрбір кеншінің алдына қойып отырған мақсаты — коллектив даңқына дақ түсірмеу.

Кеншілер абыройлы атақты алғанға дейін-ақ моншада өздерінің өзі қызмет ете бастады. Бұрынғы тәртіп былай болатын: кенші шахтаға түскенге дейін моншаға баратын, таза киімін шешіп, орап, оны өткізу үшін кезекке тұратын. Одан кейін екінші кезекке тұрып кеншінің арнаулы жұмыс киімін алатын, содан соң барып үшінші кезекке тұрып шам алатын. Осынша кезекті адақтап болғаннан кейін барып қай

шахтаға түсуге ыңғайланатын. Кәзір кеншілер бұл тәртіпті түбірінен өзгертті. Әр жерге тұратын кезек деген атымен жойылды. Кәзір әрбір кеншінің киімі мен шамы тұратын жеке-жеке шкафы бар. Бүгіндері шахта үйінде темекі тартылмайды, оған арнайы бөлінген бөлме өз алдына бөлек.

Коллектив өндіріс мәдениетін көтеру үшін де күресіп келеді. Монаша, әкімшілік үйлері, тұрмыс комбинаты бұл күндері тап-тұйнақтай таза.

Шахта маңайындағы 1900 метр жерге тас төселіп, 5600 түп ағаш, 1600 түп әртүрлі жеміс түбірлері отырғызылды. Сондай-ақ көмір шығарылатын жерлерде де тазалық күшті. Мұның барлығы еңбекке, адамдардың бір-біріне деген коммунистік көзқарасының берік қалыптасқанын дәлелдейді.

Шахта кеншілері түгел оқуда. Коллектив ішінде Кен техникумының кешкі бөлімінде оқитын комбайншының көмекшісі Кабанов, Политехникалық институттың кешкі бөлімдерінде оқитын десятник Танатаров, кенші Гуров сияқты жастар көптеп саналады. Сондай-ақ әрбір кенші ұқсас бірнеше мамандықты игеруге көп көңіл бөлуде. Кеншілердің қатарынан бірнеше мамандықты меңгеруі — еңбекті ұйымдастырудың сменалық-бригадалық түрінен учаскелік күрделі түріне көшуге жағдай жасады. Ал, мұның өзі коллективтің әр мүшесінің учаскенің жалпы табысына мүдделі болуына, еңбекке деген күштарлықтың өсуіне әкелі соқтырды, осы жерден келіп коммунистік еңбек кәсіпорны коллективінде коммунизм құрылысшысының моральдық кодексіне айтылған «бірі көп үшін, көп бірі үшін» деген қағиданың берік орын тепкені айқын көрінуде.

Шахтада қоғамдық негізде құрылған саяси оқу кабинеті мен учаскелік кітапханалар бар. Кәзіргі кезде кеншілер партиямыздың XXII съезінің материалдарын терең оқып-үйренуде. Бұл күндері шахтада 40 насихатшы съезд материалдары туралы сабақ өткізіп жүр.

Коммунистік еңбек коллективі деген абыройлы атаққа ие болған республикамыздың бұл әйгілі шахталарының бірі кәзір жетіжылдықтың төртінші жылында да жаңа табыстарға жете беру үшін аянбай еңбек етуде.

Бұл коллективтің биыл да өздері қабылдаған көтеріңкі социалистік міндеттемесін ойдағыдай орындап шығатынына күмән жоқ. Бұған шахта кеншілерінің кәзіргі еңбек қарқыны, алға бастар абыройлы атағы куә.

Х. ҚОЖАХМЕТОВ

Қарағанды қаласы, № 35 шахта.

Жұртшылық күші осындай

Коммунистік партия: совет адамдарының кәзіргі ұрпағы коммунизм тұсында өмір сүретін болады! — деп салтанатпен жариялады. Бұл жаңа жайлы, жүрекке жылы тиетін игі сөз халқымыздың күш-жігерін тасытты, ұлы Отанға, Коммунистік партияға деген сүйіспеншілік сезімін жоғары көтеріп шарықтатты. Кәзір XXII съезд тудырған осындай саяси өрлеу халық шаруашылығының барлық саласында да өндірістік өрлеуге ұласты. Мұның өзі жеңімпаз совет халқының партиямыздың жаңа Программасы — коммунизм орнату Программасын ойдағыдай іске асыруға берік бел байлап отырғанын сипаттайды.

Әрине, коммунизм материалдық-техникалық байлықпен қатар адамдардың рухани, мәдени байлығын да керек етеді. Партиямыздың жаңа Программасында айтылғандай, коммунизм — ерікті және саналы еңбеккерлердің жоғары дәрежеде ұйымдасқан қоғамы. Онда қоғам өзіне өзі басқарады. Демек, коммунистік жоғары саналылық, еңбек сүйгіштік пен тәртіптілік, қоғамдық мүдделерге адал берілгендік — коммунистік қоғам адамдарының негізгі қасиеттері болып саналады.

Адамдардың мінез-құлқына мұндай қасиеттерді енгізіп, қалыптастыру бұл үшін капитализмнің адам санасындағы қалдықтарын жою — партия және басқа қоғамдық ұйымдардың кәзіргі басты міндеттерінің бірі. Бұл, әрине, оң-оңай іс емес. «Жаңа адамды тәрбиелеу, — деді Н. С. Хрущев жолдас XXII съезде, — күрделі де ұзақ процесс. Адамдарды капитализм дүниесінен коммунизм дүниесіне қалай болса солай көшіре салу мүмкін емес. Капиталистік соқыр сенімдердің торына шырмалған адамдарды коммунизмге апаруға болмайды. Ең алдымен оны ескілік зілінен арылту жөнінде қамқорлық жасау керек».

Бұдан шығатын қорытынды, жаңа адам тәрбиелеу үшін ең алдымен оны ескінің сарқыншақтарынан арылту қажет. Бұл жөніндегі күрес құралының өткір ұшын жалқаулық пен арамтамақтыққа, маскүнемдік пен бұзақылыққа, саудагерлік пен парақорлыққа, төрешілдік пен әйелдер жөніндегі теріс көзқарасқа қарсы бағыттаған жөн. Қоғам өміріндегі мұндай «арамшөптерге» қарсы аяусыз күрес жүргізбейінше, социалистік заңдылықты, советтік право тәртіптерін қатаң сақтауға болмайды. Ал, социалистік заңдылық дегеніміз — социалистік демократияның негізгі буыны. Ол — коммунистік қоғам құруға қажетті жағдайдың бірі. Социалистік заңдылық қатаң сақталмайынша, мемлекеттік органдардың ойдағыдай қызмет атқаруы, демократиялық централизмнің және совет адамдары праволарының жүзеге асырылуы, қоғамдық тәртіптің нығайуы мүмкін емес.

Осыған орай республикамыздың билеу органы — Қазақ ССР Жоғарғы Советі соңғы жылдары социалистік заңдылықты нығайтуға, қоғам өміріндегі «арамшөптерге» қарсы күресті күшейтуге бағытталған бірқатар заңдар қабылдады. Әсіресе маскүнемдікке, самогон қайнатуға қарсы күрес жүргізу жөніндегі, жолдастық соттар туралы, қоғамдық тәртіпті сақтауға жұртшылықты қатыстыру жайындағы, арамтамақтарға қарсы күресу жөніндегі заңдар қалың бұқараны еңбекке комму-

нистік көзқарас рухында тәрбиелеуде, капитализмнің адам санасындағы арқыншақтарын жоюда, қоғамдық тәртіпті нығайтуда үлкен роль атқарып келеді.

Партиямыздың жаңа Программасында коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі белгіленді. Онда адамгершілік принциптердің бірі—«Қоғам игілігіне адал ниетпен еңбек ету; коллективтілік және жолдастық өзара көмек: бірі көп үшін, көп бірі үшін; адамдар арасындағы адамгершілік қарым-қатынастар және бірін бірі сылаушылық, адам — адамға дос, жолдас және туыс; әділетсіздікке, арамтамақтыққа, арамдыққа, мансапқорлыққа, нысапсыздыққа төзбеу» деп атап көрсетілген.

Адамдардың санасында мұндай коммунистік моральді қалыптстыруда қоғамдық ұйымдар да үлкен роль атқарады. Олардың бұл жөніндегі міндеттері партиямыздың жаңа Программасында айқын баяндалған. «Партия, — делінген онда, — еңбек жарысын барынша өрістетуге, еңбектің коммунистік формаларын көтермелеуге, еңбекшілердің коммунизм құрылысындағы белсенділігін арттыра беру, бұқараның материалдық-тұрмыс жағдайын жақсартуға және олардың өсіп отырған рухани тілектерін қанағаттандыруға қамқорлық жасау — қоғамдық ұйымдардың аса маңызды міндеті деп санайды. Қоғамдық ұйымдардың мәдениет, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерін басқару ісіне қатынасуын ұлғайта түсу керек, ойын-сауық орындарын, клубтарды, кітапханаларды және мемлекет қарамағындағы басқа да мәдени-ағарту мекемелерін басқару ісін таяудағы жылдардың ішінде қоғамдық ұйымдардың қарамағына беру қажет; олардың қоғамдық тәртіпті нығайту, әсіресе халық жасақтарын, жолдастық соттарды нығайту жөніндегі жұмысын ұлғайту керек».

Программаның бұл талабын орындау үшін күресе отырып, республикамыздың қоғамдық ұйымдары өз жұмыстарын жақсартып түсуде. Әсіресе, халық жасақтары мен жолдастық соттар қалың бұқараны пайдалы еңбекке қатыстыру, социалистік заңдылықты, право тәртіптерін нығайту, жалқаулар мен арамтамақтарға, маскүнемдер мен бұзақыларға, алаяқтар мен ұрыларға қарсы күресу ісінде елеулі роль атқаруда. Мұны мынадай фактілерден айқын аңғаруға болады.

Кәзір Қазақ ССР-інде 5 мыңдай жолдастық сот жұмыс істейді, олар 35 мыңнан астам адамды қамтиды. Ал, 7 162 халық жасақтарының құрамында 347 633 жұмысшы, шаруа, қызметкер, пенсионер, студент бар. Тек 1961 жылдың алғашқы жартысында халық жасақтары 558 қылмысты ашты; 429 қылмысты әрекеттен өнеркәсіп, ауылшаруашылық, мәдениет орындарының және жеке азаматтардың мүддесін, мүлкін, өмірін қорғап қалды; право тәртіптерін бұзған адамдарды милиция органдарына апарып тапсырды. Сонымен қатар 618 қылмысты адамды ұстады; қоғамдық тәртіпті бұзған көптеген адамдармен жасақшылар штабында әңгіме өткізді, тәртіпке шақырды.

Көптеген халық жасақшылары социалистік заңдылықты нығайту, совет адамдарының праволарын қорғау, бұзақылар мен қоғам мүлкін ұрлаушыға қарсы күрес жүргізу ісіне үлкен үлес қосуда. Мысалы, Целиноград облысының Атбасар ауданындағы «Сочи» совхозының кассасынан бір талай ақша қолды болды. Совхоз жасақшыларының командирі дереу шара қолданды. Ол ең алдымен оқиға болған жерді тергеу орнының адамдары келгенше қорғап тұруды ұйымдастырды. Сонан кейін жасақшылар ұрылардың кімдер екенін зерттестірді. Мұның нәтижесінде олар ақша ұрланған күні совхоз жұмысшылары Қостенко, Ходов және Чеганның аяқ астынан жоқ болғанын білді, үш топ жасақшылар көрші совхоздарға ұрылардың түр-түстерін хабарлады. Ал келесі күні осы хабар бойынша ұрылар Атбасар совхозынан ұсталып, ақша түп-түгел совхоз кассасына қайтарылды. Ал, бір күні Семей облысы-

ның Аякөз станциясында тұратын Шатырованы ұры тонады. Оның жәрдем сұраған даусына жасакшы, комсомол мүшесі Сорокин келді. Ол тонаушыны ұстап, милиция органына тапсырды. Мұндай мысалдар көп-ақ.

Социалистік заңдылықты, қоғамдық тәртіпті сақтау жөнінде жолдастық соттар да үлкен роль атқаруда. Семей облысының Ауыл станциясында тұратын бірқатар адам қоғамға пайдалы еңбек етпеген. Бұл жердегі еңбекші бұқара арамтамақтардан құтылу жолын іздеді. Станция тұрғындарының жалпы жиналысы Орехов пен Аққұсовтың ісін қарады. Еш жерде жұмыс істемей, ұдайы ішкілікке салынғаны үшін жиналыс Ореховты бес жылға жер аудару туралы жұртшылық үкімін шығарды. Ал, Аққұсов қателескендігін мойындағандықтан жиналыс оған ескерту берді. Аққұсов уәдесін орындап, көп ұзамай жұмысқа кірді. Осы жиналыстан кейін Ауыл темір жол станциясында тұратын осындай басқа да кісілер қоғам өміріне қатысып, пайдалы еңбекке араласты. Бұл сияқты жиналыстар Жамбыл облысының Луговой ауданында да болып, арамтамақтықпен айналысқан бірқатар адамдар дұрыс жолға түсірілді.

Алматының ауыр машина жасау заводындағы жолдастық сот (председателі коммунист М. М. Жуков) өзінің мәжілісінде көптеген істер қарап, қоғамдық тәртіпті нығайтуға үлкен үлес қосуда. Бұл жолдастық сот істерді цехтардың коллективтері жиналысында, демократиялық принциппен қарайды. Мәселе егжей-тегжейлі талқыланады. Оған мынадай мысал келтірелік. Транспорт цехында жүк тиеуші болып істейтін, 1927 жылы туған Т. Бекмансұровтың жұмысқа өнебойы кешігіп, кейде тіпті көзі бұлдырап келетіндігі жөнінде іс қаралды. Жиналысқа 30 адам қатысты. Шығып сөйлегендер Бекмансұровтың теріс қылығын бетіне басты. Жүк тиеушілер бригадирі Лукин жолдас айыпкерді қатты сынап келіп, «Бекмансұровтың түзелуіне біз көмектесеміз, сондықтан оны жұмыстан шығармау керек» деді.

Өзінің соңғы сөзінде Бекмансұров айтылған сынды мойындап, оны қайталамау жөнінде уәде берді. Сондықтан жолдастық сот Бекмансұровқа қатал сөгіс жариялаумен ғана тынды. Бекмансұров өз уәдесін орындады, ол кәзір озат жұмысшылардың бірі болып отыр.

Осы жолдастық сот бір күні қырық адам қатысқан мәжілісінде Р. Валиева деген болат құю цехындағы жас жұмысшының ісін қарады. Ол өз жолдастарының заттарын, киім-кешектерін ұрлаған. Тексеру кезінде ол заттар Валиеваның үйінен табылған. Мәжілісте шығып сөйлеген Завизинская, Заболотный, Кудрявцева, Андреевко жолдастар Валиеваның масқара қылығын қатты сынады. Сот мәжілісі Валиеваны жұмыстан шығару жөнінде үкім шығарды. Завод басшылары мен кәсіподақ ұйымы бұл шешіммен келісті. Бұл оқиға коллективке үлкен әсер етті. Ұрлық жойылды. Мұның өзі жолдастық соттың бұқараны тәрбиелеу жөніндегі ролінің өсіп келе жатқанын дәлелдейді.

Міне, осының бәрі социалистік заңдылықты нығайту ісіне жұртшылықтың кең қатысып отырғанын сипаттайды.

Жаңа Программада атап көрсетілгендей, «социалистік заңдылықтың қатаң сақталуын, право тәртіптерін бұзуға жол бермей, қылмыс жасаудың және оны туғызатын барлық себептердің жойылуын қамтамасыз етуді партия өзінің міндеті етіп қояды». Сондықтан да социалистік заңдылықты мейлінше нығайта беруге атсалысу — барлық қоғамдық ұйымдардың, бүкіл жұртшылықтың, әрбір совет азаматының ардақты борышы.

Сын және библиография

Өмірмен өлшесек...

(1961 жылғы партия-бұқаралық кітаптарға шолу)

Коммунистік қоғам орнатудың асқан зор Программасын орындау- бұл бүкіл халқымыз жұмылулы. Коммунизмнің сәулетті сарайын салу асуындағы осы ұлы күресте жергілікті партия ұйымдары жетекшілік етіп отыр. Олар өздері бөлген үгітшілер, насихатшылар, саяси баянда- шылар арқылы халықтың қалың бұқарасына Коммунистік партияның өсиеттік идеяларын жеткізеді, оларды ерлік істерге жігерлендіреді.

Әдетте, партия ұйымдарының басшылары да, олардың сүйеніші, бұқарамен байланысты күшейте түсетін дәнекері — үгітшілер мен на- сихатшылар құрамы да үнемі жаңарып отырады. Бұқара арасында партиялық-ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыс жүргізетін осы үлкен өмір өзіннің күнделікті ісінде көмек күтеді, басқалардың тәжірибесін алады, баспасөзге—газет-журналдарға, кітаптарға үніледі, радиоға шықпалақ тігеді. Біздің осы мақалада сөз еткелі отырғанымыз төменгі пар- тия ұйымдарына, үгітшілер мен насихатшыларға кітап көмегінің жайы.

Қазақ мемлекет баспасы 1961 жылы коммунистік тәрбие берудің, бұқаралық-саяси жұмыстың тәжірибесін жинақтайтын бірсыпыра әде- бет басып шығарды. Олардың ішінде саяси үгітке арналған шағын кі- тапхана да, еңбек озаттарының өнегесін көрсететін жеке кітапшалар да, партиялық жұмыстың әртүрлі саласын қамтитын мақалалар жинақта- ны да бар. Мәселен, «Жастар жетіжылдық асуында» деген очерктер жинағында коммунистік еңбек майданындағы жастардың—металлург- рдің, шахтерлердің, мұнайшылардың, егіншілер мен малшылардың еңбектік еңбегі көркем тілмен біркелкі жақсы суреттелген.

Теміртаудың атақты металлургі, Социалистік Еңбек Ері Елеман Байғазиев «КПСС XXII съезіне менің тартуым» деген кітапшасында өзі- нің өмір жолын, өндірістік табысын, жолдастарының қызметін әңгіме- лайды. Н. Дроздецкаяның «Ыстық жүректер» деп аталатын кітапшасы өмірлік Қазақстан облысындағы әйелдер туралы—сауыншылар, құс- құрушілер, өнеркәсіп жұмысшылары, мұғалімдер тағы басқалары ту- ралы, партия ұйымдарының әйелдер арасындағы бұқаралық-саяси жұ- мысының тәжірибесі туралы қызықты етіп айтып береді.

Өткен жылы партиялық-ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыс та- ырыбына шыққан әдебиетті алатын болсақ, «Партия сөзі—табыс кілті» атты кітапшысы тілінде «Живое слово—в массы») деген жинақ алдымен көзге тү- ді. Бұл кітаптың маңызы жөнінде мемлекеттік баспа былай деп жа- ыпты: «Партия сөзі—табыс кілті» атты жинақ Қазақстан партия ұйым- ының кәзіргі кезеңдегі идеологиялық жұмыс мәселелеріне арналған... тапта бұқара арасындағы жұмыстың бүкіл күрделі саласы—партия- ымы мен саяси үгіт, көрнекі үгіт пен қабырға газеті, жарысты ұйымдас- ыру мен озат тәжірибені енгізу, техникалық прогресс жолындағы кү- ыс мәселелері сөз болады». Жинақтың беташары Қазақстан КП Орта- ық Комитетінің секретары Н. Жанділдин жолдастың «Кәзіргі кезеңде- ы идеологиялық жұмыс мәселелері» деген мақаласы. Бұл мақалада ы идеологиялық жұмыстың жай-жапсары байыпты түсіндіріліп, алдағы ындеттер толық қамтылады.

Жинаққа енген 28 автордың мақалалары ішінде, әсіресе, Рудный қаласындағы коммунистік еңбек шеберлері университеті Советінің председателі В. Пасько жолдастың «Елімізде бірінші», Целиноград облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Ф. Доринский жолдастың «Озат тәжірибе насихатын жетілдіре береміз», Семей облыстық партия комитетінің лекторлар тобының жетекшісі В. Акимов жолдастың «Советтік шындық жеңе береді», Көкшетау облыстық партия комитетінің нұсқаушысы А. Толчева жолдастың «Қоғамдық негізде», Балқаш кен-металлургия комбинатының партия комитеті секретарының орынбасары Р. Кенбаев жолдастың «Өндірісті жақсы білейік» деген мақалалары тартымды жазылғанын атап көрсету керек.

Идеологиялық жұмыс тәжірибесіне арналған бұл кітаптан үгітші мен насихатшы, партия қызметкері көптеген пайдалы кеңес таба алады. Рас, жинақ кемшіліктерден де құр емес. Қайталаулар кездесіп қалады. Мәселен, кітаптың 35-бетінде келтірілген бір экономикалық мектептің жұмысы жөніндегі мәліметтер 45-бетте сол күйінде тағы алынған. Мұндай қайталау басқа да кейбір беттерде ұшырайды. Бірақ осындай жеңе кемшіліктеріне қарамастан бұл жинақ идеологиялық майдан қызметкерлеріне әбден пайдалы құрал.

Өткен жылдың сентябрінде Қазақ мемлекет баспасы «**Партия жұмысында лениндік стиль үшін**» деген мақалалар жинағын дербес кітап етіп шығарды. Осы кітапта Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері басшы қызметкерлерінің, сондай-ақ бастауыш партия ұйымдары секретарьларының мақалалары жинақталған. Мақала авторлары партиялық жұмыстың тәжірибесін ортаға салған, партиямыздың ХХ және ХХІ съездерінің, КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының, Қазақстан Компартиясы Х съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолындағы еңбекшілердің күресін баяндаған. Жинақта советтердің, кәсіподақтардың, комсомолдың жұмысы жайында да мақалалар бар.

Дәл осы жинақ былтыр шыққан әдебиеттің ішіндегі ең құндысының бірі. Жинақ партия жұмысындағы лениндік стильдің ерекшеліктерін, жұмыстың кең өріс алуын, бастаманы коммунистік іскерлікпен ұштастыруды бұқараға үйретіп қана қоймай, оның үстіне бұқарадан үйренудің өнегесін түсіндіреді. Жинақта, әсіресе, партия тұрмысының лениндік нормаларын, партиялық басшылықтың лениндік принциптерін қалпына келтірген КПСС ХХ съезінен кейінгі дәуірде партия ұйымдарының белсенділігі артқанын дәлелдейтін фактілер жеткілікті.

«Партия жұмысында лениндік стиль үшін» деген жинақ Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Н. Родионов жолдастың «Жұмыстың лениндік стилін табандылықпен меңгерейік» деген көлемді мақаласымен ашылған. Мақала республика партия ұйымдарының өмірінен алынған бай мысалдар негізінде облыстық, аудандық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының жұмысындағы жақсы тәжірибелерді қорытады, кадрларды іріктеу және тәрбиелеу ісінің жайын сөз етеді, партиялық жұмыстағы қоғамдық негіздің өрістеуін әңгімелейді, істе орын алып келе жатқан кемшіліктерді атап, алда тұрған міндеттерді еске салады.

Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары Н. Журин жолдастың мақаласы «Айбынды партиялық-саяси жұмыс табысқа бастайды» деп аталған. Автор облыс партия ұйымының озаттар тәжірибесін жинақтап, оны қалың жұртшылықтың игілігіне айналдыру жөніндегі қыруар ұйымдастыру қызметін қорытады.

Алматы қаласындағы Ленин аудандық партия комитетінің секретары С. Гузиенко жолдастың «Әкімшіліктің жұмысына партиялық бақылаудың дәрежесі жоғары болсын», Пресногорьков аудандық партия комитетінің секретары К. Запорожский жолдастың «Актив—аудандық

партия комитетінің тірегі», Өскеменнің В. И. Ленин атындағы қорғаныш-мырыш комбинаты партия комитеті секретарының орынбасары И. Қарбанев жолдастың «Техникалық прогресс жолымен», Шәуілдір ауданындағы «Темір» совхозы партия ұйымының секретары А. Мұсаев жолдастың «Нақты да нысаналы» деген мақалалары ұтымды мысалдар тұрғысынан партия ұйымдарының жүргізіп отырған бұқаралық-саяси және ұйымдастыру жұмысының тәжірибесін ортаға салады.

Кітап партия активінің қалың тобына, партия, совет, кәсіподақ, комсомол қызметкерлеріне, партия мектептерінің оқушыларына арналғанын осы кітапты құрастырушылар әдейі көрсеткен екен. «Партия жұмысында лениндік стиль үшін» деген кітаптың партия қызметкерлеріне үлкен көмекші құрал екені даусыз.

«Саяси үгіт пәрменді де ықпалды болсын» деген атпен Қазақ мемлекет баспасы өткен жылы 8 шағын кітапшаның басын біріктіріп, өз аядына кітапхана стіп шығарды. Бұл кітапшалар бұқара арасындағы жұмыстың сан-алуан саласын қамтиды. М. Қожухаров жолдастың «Үлкен күш» деген кітапшасы Алматыдағы № 2 тігін фабрикасы партия ұйымының жұмыс тәжірибесін, көрнекі үгітті пайдалану әдістерін, социалистік жарыстың өрістеуін, қабырға газеті мен сықақ листоктарының ықпалын сөз етсе, В. Пизиков жолдастың «Іздену жолында» деген кітапшасы Өскемен қаласы кәсіпорындарындағы техникалық прогресті насихаттау тәжірибесіне оралады. П. Сафрыгин мен Я. Элькинсонның «Қызыл мүйістер» деген кітапшасында Қостанай облысының мал фермаларындағы қызыл мүйістердің жұмысы мен оларды ұйымдастыру тәжірибесі әңгімеленсе, С. Рамазанов жолдастың «Үгітшілер мектебі» деген кітапшасы Семей облысында үгітшілер мектебін ұйымдастыру жайынан мағлұмат береді. Сол сияқты басқа кітапшалар Ақтөбе ферросплав заводындағы, Орал қаласының еңбекшілері арасындағы, Қарағанды шахталарындағы, Гурьев малшылары арасындағы саяси-бұқаралық жұмыстың түрлері және әдістерімен таныстырады.

Бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына, үгіт пункттері мен үгіт коллективтерінің жетекшілеріне, үгітшілерге бұл кітапшалардың едәуір себі тиеді. Ал баспаның мұндай кітапхана ұсынуы орынды. Өйткені, кәзір партия ұйымдарында бұқара арасындағы саяси жұмысты өрістетудің жаңа бағалы әдістері күн сайын туып жатады. Осы саладағы бағалы ұсыныстардың бәрі республика партия ұйымдарының игілігіне айналуы қажет. Қазақ мемлекет баспасы шығаратын шағын кітапшалардың мақсаты да осы болмаққа керек.

Жаңа техника мен жаңа технологияны өндіріске енгізу, өндіріс жұмыстарын автоматтандыру жөнінде партияның белгілеп берген шараларын іске асыру «Өскеменнің партия ұйымдарынан бұқаралық-саяси жұмысты қайта құруды, оның түрлері мен әдістерін жетілдіре беруді талап етті, — деп жазады В. Пизиков жолдас. — Партия қарарларын еңбекшілерге түсіндіру кезінде техникалық прогресті насихаттауға үгітшілердің барлығының бірдей қабілеті жетпейтіні байқалды. Сондықтан партия ұйымдары үгітшілер құрамын қайта қарады. Жүздеген инженерлер, техниктер, озат жұмысшылар насихат жұмысына тартылды. Бірақ көптеген мамандардың үгіт жұмысын жүргізу жөнінде жеткілікті тәжірибесі болмады. Оларға насихат жұмысының әдістерін үйрету қажет болды».

Семей облысында үгітшілердің 74 мектебі бар, оларда екі мыңнан аса адам оқып жүр. Үгітшілер мектептеріндегі оқу әрбір ауданның, кәсіпорының, колхоздың, совхоздың ерекшеліктері ескеріліп жасалған және партия ұйымдары бекіткен программа бойынша жүргізіледі. С. Рамазанов жолдас «Үгітшілер мектебі» деген кітапшасында осыларды хабарлай келіп, кейбір бастауыш партия ұйымдарының үгітші-

лер мектептері жұмысын қалай ұйымдастырғанын жазады. Кітапшаның тілі жеңіл, фактілері толық, әрі дәлелді.

Кітапшалардың жақсы жақтарын жоғарыда айттық. Сонымен қатар мұндағы кейбір кемшіліктерді де айтпасқа болмайды. Ең алдымен көзге түсетін кемшілік, кітапшаларда келтірілген мәліметтердің бірсыпырасы ескіріп кеткен. Кітапшалардың көпшілігі өткен жылдың июль айында жарық көрген. Сондықтан кәсіпорындардағы, колхоздар мен совхоздардағы шаруашылық жұмыс нәтижелерін, социалистік жарыс көрсеткіштерін келтіргенде 1960 жылдың қорытындысын жинақтап көрсетуге әбден болатын еді. Бірақ баспа мұны істемеген. Көп жерлерде 1960 жылдың алғашқы жартысындағы, тіпті, 1959 жылғы мәліметтер жүр. Мұның өзі кітапшалардың құнын едәуір түсіріп тастайды.

Кейбір еңбектердің редакциялануында шалағайлық болғаны байқалады. Ал үгітшіге арналған әдебиет барлық жағынан мінсіз, тілі жеңіл, әрі түсінікті, мазмұнға бай болуы тиіс. С. Парницын жолдастың «Бір кәсіпорынның үгітшілері» деген кітапшасында «Оларға тәуліктік және ай басынан бері орындалып келе жатқан тапсырмалардың орындалу барысы жазылып тұрады» (12-бет), «Бұрын цех басшылары жұмыс істеуге бұйрық беріп жататын болса, кәзір істелетін жұмысты әркім өз инициативасымен істейді» (14-бет), «Өткізген әңгімелері қызықты өтті» (6-бет), «Қалмақбаевқа қол ұшын беріп, кезектен тыс демалыс берілді» (9-бет) деген сөз тіркестері бар. Н. Семеновскаяның «Үгітші сөзі—партия сөзі» деген кітапшасында да мұндай кемшіліктер бар. Бұл кітапшадан «Елеусіз қалып жүрген «ұсақ-түйектердің» мәнін түсіндіре отырып, жұмыс бірқалыпты жүріп отырса учасокте әр минут сайын жарты тоннадан астам көмір шығарып отыруға болатынын айтты» (20-бет), «Мәліметті барлық коллективке жеткізіп отыру жөнінде мүмкіншіліктердің бәрін пайдаланып отырады» (21-бет) деген сөйлемдерді оқисын.

Сонымен бірге кітапшаларда түсініксіз сөз тіркестері де кездесіп қалады. «Қызыл мүйістер» деген кітапшада мынадай шорқақ сөйлемдер ұшырайды: «Сондықтан да ол халықаралық мәселелерді, ел ішіндегі жағдайды ферма қызметкерлерінің алдында тұрған маңызды мәселелермен байланыстыра жүргізу үшін барлық мүмкіншіліктерді пайдалануға тырысады», «Сондықтан әр адамның кілтін (?) таба білу керек», «Қуанышына қуанып, кейіс болса көмегін береді» (7, 10-беттер). Немесе «Іздену жолында» деген кітапшадағы «Ал кәзір жанашылдардың жетілдірілген электр тұғырына қолданудың нәтижесінде бұл жұмыс небәрі бірнеше минутта ғана орындалады» (11-бет), «Үгітшілер халықаралық абонементтерді де пайдаланады» (14-бет) деген сөз тіркестерінен әңгіме не туралы болып отырғанын ұғыну қиын. «Молшылыққа жорық» деген кітапшадағы «Үгітші Сәрсен Әбілев тіпті бір шопанның артта қалуының өзі жалпы колхоз жұмысын ақсатуға қаншама кесірін тигізетіндігін өз тыңдаушыларына шебер де ұғымды дәлелдеп берді» (17-бет) делінген қорытынды да жарасып тұрған жоқ.

Кітапшаның кейбірінде екіұшты сөздер, қажетсіз қайталау табылады. «Қызыл мүйістер» атты кітапшаның авторлары бір жерде «Тәжірибені баяндауды неден бастасак екен? Алдымен мұнда еңбек тәртібі қатаң сақталатындығынан бастасак па екен, әлде сауыншылар өздерінің экономикалық білімдерін қалай көтеретіндігінен немесе озат тәжірибені қалай игеретіндігінен бастасак па екен?» деп қиналады да, кітаптың 5-бетінде келтірілген мәліметтерді 20-бетте тағы қайталайды. Кітапшаны оқып отырғанда жоғарыдағы қиналу да, қайталау да авторларға не үшін керек болды екен, әлде бос сөздерді көбейтіп, орынды көп алу үшін керек болды ма екен деген ой келеді.

Қазақ мемлекет баспасы өткен жылы шығарған әдебиеттердің ішінде тұтас бір аудан партия ұйымының тәжірибесін қорытуға арналған-

ары да бар. Мәселен, Қ. Серікбаев жолдастың «Бұқараның жетекшісі» деген кітапшасы Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық партия ұйымының жұмыс тәжірибесін жинақтайды. Автор аудан экономикасы мен мәдениетінің өсуін, аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдарының бұқаралық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарын көрсететін фактілерге сүйене отырып, партиялық жұмыс тәжірибесін қорытуға, ол тәжірибені басқалардың игілігіне айналдыруға күш салған. Әсіресе, кітапшаның «Пәрменді үгіттің күші» деген тарауында «Победа» колхозы партия ұйымының бұқара арасындағы саяси және ұйымдастыру жұмысы жанжақты жазылған. Автор тек аудандық партия комитетінің, бастауыш партия ұйымдарының қызметін жалпылама баяндаумен ғана қанағаттанып қоймайды. Ол партия топтарының, үгіт коллективтерінің, таңдаулы үгітшілердің, аудандық баспасөз бен қабырға газеттерінің жұмысына көбірек тоқталып, партия ұйымдарының кадрларды өріктеп алу, тәрбиелеу мәселесіне бірқыдыру талдау жасайды.

Кітапшада озат адамдардың, оның ішінде Тельман атындағы колхоздың озат шопаны Ғ. Еспаμβетов, Киров атындағы колхоздың озат тракторшысы Ғ. Абдушев, «40 лет Октября» колхозының таңдаулы комсомолшысы А. Нәсіпқалиев жолдастардың, кейбір партия ұйымдары секретарьлары мен шаруашылық жетекшілерінің суреттері берілген. Осы кітапшаны сөз еткенде мынадай бір қынжыларлық жайды айтпасақ болмайды. Кітапша тек 2600 дана болып басылыпты. Біздіңше, бұл тіптен аз сияқты.

* *
*

Біз Қазақ мемлекет баспасы 1961 жылы шығарған, партиялық-ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмысқа арналған әдебиеттердің басты-бастысына ғана тоқтадық. Өйткені, бір мақалада баспа шығарған еңбектердің бәрін бірдей қамтып жазу мүмкін емес. Жоғарыда айтқанымыздай баспаның партия-бұқаралық әдебиеттері ішінде сәтті шыққандары да, әттеген-ай дегізетін кемшіліктері де бар. Ал, өмірмен өлшепек баспа өнімдерін талапқа сай деуге болмайды. Мемлекеттік баспасы кемшіліктерден келешекте тиісінше қорытынды шығаруға тиіс.

КПСС XXII съезі кәзіргі уақытта КПСС Программасын терең түсіндіру, советтік қоғамның еңбеккерлерін коммунизмнің жеңісі жолындағы күрестің ұлы жоспарымен қаруландыру, партияның жаңа Программасын жүзеге асыруға барлық еңбекшілерді жұмылдыру идеологиялық жұмыстағы басты міндет болып табылатынын атап көрсетті. Бұл міндетті жүзеге асыруға партияның бұқараға идеялық ықпал жайайтын барлық құралдарын: насихатты, үгітті, баспасөзді, радионы, телевизияны, киноны, мәдени-ағарту жұмысын, әдебиет пен өнерді жұмылдыру қажет.

Қазақстанның партия ұйымдары КПСС XXII съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолында елеулі жұмыстар жүргізіп жатыр. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің Ташкент пен Целиноградтағы кеңестерінде КПСС Орталық Комитетінің Бірінші секретары, СССР Министрлер Советінің Председателі Н. С. Хрущев жолдас республика партия ұйымының алдына нақты міндет қойды. Міне осы міндетті орындау үшін жерілікті партия ұйымдары партиялық жұмыстың әдістері мен түрлерін кетілдіруде, жаңалықтар іздеуде. Коммунизм орнату күресінің барысында туған әрбір өнегелі істі, жақсы тәжірибені жедел жинақтап, бұқараға түсінікті тілде жеке кітапша етіп шығарып отыру — мемлекеттік баспаның төл ісі.

Қазақ мемлекет баспасы партиялық-бұқаралық жұмысқа арналған әдебиеттердің тақырыбын молайтып, жаңадан авторларды көп тартуы керек. Әлде де жеке кітапшалардың авторлары ретінде партия қызмет-

керлері, насихатшылар мен үгітшілер аз. Партия жұмысы, партия қызметкерлері жайында жақсы очерктер жинағына да оқушыларымыз көптен зәру. Сондай-ақ қазақ тілінде партиялық-бұқаралық жұмыс жөнінде қолтума кітаптардың өте аз шығарылып жүргенін айта кеткен жөн. Баспа бастауыш партия ұйымы секретарына, насихатшыға, үгітшіге көмекші әдебиеттерді көбейтсе жақсы болар еді. Қазақ тілінде «Партия қызметкерінің анықтамалығы» тәрізді ыңғайлы да мазмұнды кітап шығарған дұрыс деп ойлаймыз. Үстіміздегі жылы партиялық жұмыстары қоғамдық негізді жинақтап, қорытатын, насихаттайтын кітаптар басып шығаруға ерекше көңіл бөлген мақұл.

Орайы келгенде Қазақ мемлекет баспасы жұмысында байқалып отырған бір елеулі кемшілікті айта кеткен жөн. Мұнда кейбір кітаптарды баспаға әзірлеу және басып шығару тым ұзаққа созылып жүр. Баспа басшыларының бұған еті үйреніп кеткен сияқты. Бірнеше мысал келтірейік. Жоғарыда айтылған «Саяси үгіт пәрменді де ықпалды болсын» деген кітапшалар жинағы 1961 жылдың январында орыс тілінде жарық көрді. Ал осы кітапшалар қазақ тілінде бұдан жарты жыл кейін, тек июль айында ғана басылды. Сол сияқты «Партия сөзі—табыс кілті», «Партия жұмысында лениндік стиль үшін» деген кітаптар өткен жылдың сентябрь айында шықты. Ал бұл кітаптар қазақ тілінде енді ғана жарық көрмек. Біздің ойымызша, бұл айтылғандар баспа қызметкерлерінің сапалығынан ғана болып отыр. Егер баспа екі тілде шығатын кітаптарды қатар әзірлеуге дұрыс көңіл бөлсе, сол кітаптарды қатар шығаруға әбден болар еді. Ал шынында, мұның өзі — кітап оқушыларды қынжылтатын, кітаптың оқушыларға жетуін кешіктіретін кемшілік.

Қазақ мемлекет баспасының жоспары да, жұмысы да республиканың алдында тұрған күрделі міндеттер тұрғысынан, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне лайықты үлес қосатындай болып ұйымдастырылуы керек.

С. ЖҰМАҒАЗИЕВ.

Баспасөзге шолу

Жақсының жаршылары

Партияның XXII съезінің тарихи шешімдерін насихаттауда баспасөздің атқаратын қызметі ерекше. Бұл күндері баспасөзге партияның жаңа Программасын — коммунизмнің салтанат құруы жолындағы бүкілхалықтық күрестің ұлы мақсат-мұраттарын еңбекшілерге терең түсіндіруден артық абыройлы міндет жоқ.

Съездің қарарларын, партия Программасын орындау үстінде жер-жерде талай-талай жақсы істер туып жатады. Сол жақсылық, жаңалықты тудырушы да, жұртшылық игілігіне айналдырушы да — халық. Халықтың ынтасын сала, беріле істеп жатқан жаңалық ісін бірден көріп, ілесе көтермелеп отырғанда ғана әрбір адам коммунизм құрылысының қатарындағы өз орнын айқын көріп, терең сезіне біледі. Халықтың осындай Отаншыл сезіміне қозғау сала білсе, данышпан В. И. Ленин айтқандай, «нағыз коммунизмнің жанды өркендерін» деп мезгілде қолдап отырса, баспасөз еңбекшілермен байланысын онан сайын нығайта түскені.

Жаңалықты мезетінде көріп, өмір ағымымен ілесе отыру — жергілікті баспасөздің ардақты міндеті. Республикамыздың бірсыпыра облыстық газеттерінің өткен айлардағы номерлерін қарағанда жергілікті баспасөз жақсылық істердің жаршысы болып отырғанын аңғару қиын емес.

ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ — КҮДІРЕТТІ КҮШ

Қостанай облыстық «Коммунизм жолы» газетінің бір номері халықтар достығына арналған.

Орыс халқы мен қазақ халқының достығының тамыры тереңде жатыр. Екі жақты езгіде жапа шеккен қазақ еңбекшілеріне қайырымды ұлы орыс халқы қол ұшын берді. Революцияшыл демократтардың Россиясы, қаһарман жұмысшы табының, ұлы Лениннің Россиясы қазақ халқына ықылас білдіріп, көмекке келді.

Ұлы Октябрь еліміздің барша халқына азаттық әкелді, оларды шат тұрмысқа көнелтті. Бір кезде ардагер Аманкелді мен Таран шыңдап кеткен қиыспас достық бүгінгі күні тамырын терең жайды. Халықтарымыз білек сыбанып, күш біріктіріп қала салды, сәнді поселке орнатты. Республикаға партияның шақыруымен көптеген ұлт өкілдері келіп тың көтерді, кен қазды; тату-тәтті семья құрды. Кәзір олар коммунизмнің сәулетті сарайының қабырғасын қаласып жатыр.

Халықтар достығы — біздің ұлы жеңісіміз. Ол — күдіретті күш. Бұл достықты көздің қарашығындай сақтайық!

Газеттің бас мақаласының, өзге де мақалаларының желіс-ырғағы міне осындай.

«Доспыз, жолдаспыз, туыспыз» деген мақалада мына жайлар сөз болады. Бүгінде миллион болмаса, мыңды місе тұтпаймыз. Бүгінгі біздің өлшеміміз — миллион. «Аманкелді мен Жанкелдин шопандары қойды миллионға жеткізуді көздесе, Соколов-Сарыбай кеншілері руданы миллион тонналап жөнелтіп жатыр. Алдағы жылы қостанайлықтар мемлекетке 205 миллион пұт астық тапсыруды нысана етсе, бірер жылда ет те миллион центнермен есептеледі... Осы миллиондар миллиондардың еңбегі». «Көп түкірсе, көл» деген. Осының бәрі қазақтың, орыс-

тын, украинның, немістің, латыштың, чуваш пен удмурдтың, венгер мен поляктың, өзге де ұлт өкілдерінің қолымен істеліп жатқан нәрсе, — деп түйеді автор Б. Аханов жолдас.

XXII съезд делегаты Н. Егоров жолдас съезге қатысқан барлық еңбек адамының ынтымақ-бірлігін, нәсілі, ұлты, тілі басқа сан алуан жандардың — сексен елдің коммунистік және жұмысшы партиялары өкілдерінің совет халқына деген шынайы ықылас-сезімін әңгімелейді.

Бірі көп үшін, көп бірі үшін. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген. Тұрмысымыз жақсы, көңіліміз шат. Алға ұмтыла береміз, — деп жазады жасанды торқа заводы коммунистік еңбек бригадасының бригадирі Т. Шаяхметов жолдас.

Номерде «Терең тамырлар» деген тақырыппен көлемді суреттеме басылған. Оның авторлары — Х. Жансарин мен Т. Таскожин. «Ауыл сыртында шок қайың бар... Осы шок қайың арасында жалғыз ғана қарағай тұр... Көкшіл инелері қаһарлы қыста да, жаздың аптап ыстығында да, кілеуселі күзде де сарғаймайды, қурамайды, түспейді... Осы қайыңнан әрі шықсаңыз, көсіліп жатқан егін». Қарағайды ертеде сонау ішкі Россиядан жер іздеп келген орыс шаруасы — «қарашекпеннің» бірі — Тимофейдің баласы Матвейдің құрметіне қаратаяқ тақыр кедей Ералының ұлы Ережелі екен. Жаны бір, мұны бір осы қазақ пен орыстың достық белгісі — жасыл қарағай кәзір де көгеріп, жайнап тұр. «...Қарағай мен қайың қатар өсіп тұр. Достықта өсіп тұр. Екеуінің де нәр алар топырағы бір, жұтар ауасы бір». Атадан қалған достық балаға, баладан бүгінгі ұрпаққа мұра болып, тамырын терең жайды. Талай ғасыр бойы шиыр жатқан аймаққа, мал тұяғы ғана басқан ақселеулі ту далаға жан бітірген орыс, қазақ, белорус... әнеки комбайндарың дүрілдетіп барады...

Газетте, сонымен қатар, бүкіл совет еліндегі халықтарды ұғыныстырған ортақ, шарапатты тіл — орыс тілі туралы қысқа тұжырымды пікірлер берілген.

БҰРШАҚ — ЖЕРДІҢ ҚҰТЫ

Бұршақ — дарқан дақыл. Бұршақтың — дәні азық, сабағы — балғын шөп. Бұршақ және басқа бұршақты дақылдар тың жерде жақсы өседі. Н. С. Хрущевтің сөзімен айтсақ, бұршақ — Қазақстан үшін табиғаттың өзі берген дақыл. Ол ең мол өнімді, суыққа төзімді дақыл. Бұршақ бидайдан көп бұрын піседі. Демек, бұршақты жинау егін орағымен қарбалас келмейді.

«Көкшетау правдасы» газеттің ішкі қос бетін бұршақ және бұршақ тұқымдас дақылдарға арнаған.

Номерде «Дарқан дақыл» деген мақала бар. Мақалада бұрынғы шөп танапты ауыспалы егіс жүйесінің орнына, алдымен таза парға алғы дақыл — жүгері мен бұршақ, келесі жылы бидай егудің, сөйтіп өнімнің азықтық өлшемін екі есе арттырудың тиімді екені сөз болады. Сонда ғана жер тусырап босқа жатпай, жылма-жыл кәдеге жаратылады. Бұл, өз тарапынан, малды құнарлы жемшөппен мол азықтандыруға да мүмкіндік береді.

Бұршақ — жердің құты. Бұршақтың берері мол. Оның әрбір түбінен орта есеппен 40—100 дән алынады. Сонда әрбір гектар жерге 80 мың түп бұршақ шықса, 30—32 центнер дән алынғаны. Өнімді бұдан да көбейтіп, 40—50 центнерге жеткізуге болады.

К. Филиппов жолдас «Краснознаменский» совхозындағы Р. Билев басқаратын төртінші трактор-егіс бригадасының қысқы-жазғы агро-техникалық шараларды қолдану негізінде 65 гектар жерден 15 центнерден өнім алынғанын хабарлайды.

Газеттің арнаулы тілшісі У. Рақымжановтың «Аттаным» атты суреттемесінде Чкалов ауданы, «Звезда коммуны» колхозының механизатор

торы С. Л. Банковский мен А. Бусстың жұмыс тәжірибесі баяндалған. Колхоз басшылары мен агрономының іске жеңіл-желлі қарауы салдарынан шаршы шықпай, қатараралықты өңдеп, арамшөпті отауға қиындық түссе де, тұқым нормадағыдан аз сөбілсе де, 100 гектар парға егілген жерден гектар басы 13 центнер, ал үш дүркін культивацияланған 28 гектардан 26 центнерден атбұршақ алынған. Олардың алдағы нысанасы — 30 центнер.

«Көкшетау правдасы» Винница облысы, Вершад ауданы, Партияның XXII съезі атындағы колхоздың председателі В. Кавун жолдастың мақаласын жариялап өте дұрыс істеген. Оның жазуынша егістік жердің құрылымын өзгерту, егіншілік мәдениетін көтеру, тыңайтқыштарды мол қолдану, жоғары өнімді, сортты тұқым-егу, агротехниканы жүйелі қолдану негізінде былтыр дәнді дақылдардың әр гектарынан орта есеппен 38 центнерден, оның ішінде бұршақтан — 31,2 центнерден өнім алған. Жеке бригадалар бұршақ өнімін — 38 центнерге дейін жеткізген.

Бұршақ — мал үшін де ғажайып жемшөп. Бордақыға қойылған шошқаға күніне 2 килограмм бұршақ ұны берілсе, тәулігіне 1 килограмм үстеме салмақ қосылады екен. Мал бұршақтың пішені мен топанын да бас алмай жейді.

Колхозда бұрнағы жылы 1 центнер бұршақ жаңа ақшамен 3 сом 40 тиынға, былтыр 2 сомға түскен. Сөйтіп, бұршақтың әрбір гектарынан 617 сом 75 тиын таза пайда алынған.

Кавун жолдас бұршақтың өте құнды дақыл екенін осылай дәлелдейді.

БЕТАЛЫСЫ КОЛХОЗДЫҢ — КОММУНИЗМ

«Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакциясы 1962 жылғы январьдың 9 күнгі номерінің бір бетін Сайрам ауданы, Киров атындағы колхозға арнады. Бұл — коммунистік еңбек атағын алған колхоз.

Киров атындағы колхоздың шаруашылығы жылдан жылға өрге басып, мәдениеті көтеріліп келеді. Ақшалай табыс 1959 жылы 460 мың, 1960 жылы 527 мың сом болса, өткен жылы 900 мың сомнан асып жығылды. Егіннің түсімділігін арттыру, мал өнімін көбейту, өнімнің түртүрін мемлекетке сату жөніндегі міндеттемелер артығымен орындалды. Овощ, бау-бақша, жүзім шаруашылығының өнімі де ұлғайды. Колхоз орталығы сәндіне түсті: кең де жарық, еңселі үйлер қатар тізуде. Бұлардың бәрі жаңа жобамен салынып жатыр.

Мәдениет үйі, кітапхана, спорт залы, байланыс бөлімшесі, шаштараз, асхана, магазин, әйелдер босанатын үй, дәрігерлік пункт — бәрі-бәрі колхозшыларға қызмет етеді. Егіс басында қызыл мүйіс, дем алатын бөлме тағы бар. Радио, электр жарығы, су құбыры деген оларға таңсық емес. Кәзір еңбекшілерге мәдени-тұрмыс қызмет көрсету қамдық қор есебінен өтеле бастады.

Колхозшылар, әсіресе колхозшы-жастар оқу білімге құмар-ақ. Жүзден аса адам жоғары оқу орындары мен техникумдарда сырттан оқып жүр. Бригадалардағы адамдардың тең жартысы орта білімді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, республика Жоғарғы Советі мен Министрлер Советінің колхозға түпкілікті сақтауға берген Қызыл туы — артель мүшелерінің көп жылғы мінсіз еңбегінің айғағы.

* * *

Облыстық газеттердегі осындай тартымды беттер, мақалалар оқушылардың назарын аудармай қоймайды. Газеттер өздерінің беттерінен осындай бай материалдарға орынды мол беріп, білгірлікпен жазса, тілін ұстарта түссе, нұр үстіне нұр болар еді.

ШТАТТАН ТЫС БӨЛІМНІҢ ЕСЕБІ ТЫНДАЛДЫ

Қазақстан ҚП Орталық Комитетінің партия органдары бөлімінде Талдықорған қалалық партия комитетінің жанынан құрылған штаттан тыс ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі М. Д. Песоцкий жолдастың баяндамасы тыңдалды.

Талдықорған қалалық партия комитетінің штаттан тыс ауылшаруашылық бөлімі партия комитетіне оған қарасты колхоздар мен совхоздардағы жұмыстың жағдайын зерттеп біліп отыруға елеулі көмек көрсетіп келеді. Бөлімнің құрамында ауыл шаруашылығының сегіз маманы бар. Песоцкий жолдастың өзі агроном, кәзір дербес пенсионер.

Ауылшаруашылық бөлімі егістің құрылымын өзгертуге, ауылшаруашылық жұмыстарын механикаландыруға көмектесуді бірінші парыз көреді. Барлық колхоздарда да кәзір олардың көмегімен егіс құрылымының жоспары жасалынған. Онда жүгерінің, қызылшаның және бұршақ дақылдарының көлемі арттырылған.

Ауылшаруашылық бөлімі кәзір қызылша өсіруді түгелдей механикаландыру мәселесін қалалық партия комитетінің пленумында талқылауды ұсынып отыр. Ауылшаруашылық бөлімі бұл мәселені алдымен барлық партия ұйымдарында талқыға салды.

Бұл бөлімнің қызметкерлері сауыншылардың кеңесін өткізуге де елеулі көмек көрсетті. Песоцкий жолдастың өзі кеңесте баяндама жасады. Кеңеске қатынасусылар Крупская атындағы колхозда болып, сауыншылардың, бұзау өсірушілердің озат тәжірибесімен, сиыр сауатын агрегатты қондырудың, пайдаланудың тәжірибесімен танысты. Бұл шаруашылықтың тәжірибесін ауылшаруашылық бөлімі барлық колхоздарға таратуда. Бұл жұмысқа ауылшаруашылық бөлімінің нұсқаушылары Рақышев, Шырухин және басқа жолдастар белсене қатысуда. Штаттан тыс бөлімнің қызметкерлері мал жайылым

учаскелерінде де болып тұрады. Олар мал қыстатудың жайы туралы екі рет кеңес өткізді.

Бұл бөлімнің жұмыс істей бастағанына көп уақыт болған жоқ. Сонда да ол қалалық партия комитетіне елеулі көмек көрсетіп келеді. Орталық Комитеттің партия органдар бөлімі штаттан тыс ауылшаруашылық бөлімінің жұмысындағы игілікті жұмыстарды атап көрсетумен бірге, бөлімнің жұмысындағы кемшіліктерін де ашты. Мысалы, бөлімнің құрамында өндірісте үздік жұмыс істел жүрген коммунистер жоқ.

ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ СЕКРЕТАРЬЛАРЫНЫҢ СЕМИНАРЫ

Жақында Целиноград облыстық партия комитеті колхоз және совхоз партия ұйымдары секретарьларының алты күндік семинарын өткізді. Семинарда алға қойылған негізгі мақсат партия ұйымдары секретарьларына шаруашылықтың экономикасын терең меңгеруге, әрбір шаруашылықтағы пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктерді ашып пайдалануға көмектесу болды.

Семинарға қатынасусылар бірсыпыра баяндамалар тыңдағаннан кейін «Заря» совхозының шаруашылығымен танысты, Шортандыдағы Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында егін шаруашылығының мәдениетін арттыру, асбұршақ, жембұршақ, қызылша егістерін күтіп-балтау әдістерімен танысты. Сонымен бірге партия ұйымының секретарьлары «Қазақстанның 18 жылдығы» колхозында фермаларды комплексті механикаландыру, тұрғын үй салу тәжірибесімен танысты. Бұл колхозда Н. С. Хрущев жолдастың кеңесі бойынша колхозшылар үшін су құбыры, канализациясы бар, бұмен жылытын екі қатарлы үйлер салына бастаған болатын.

Осымен бірге партия ұйымының секретарьлары партияның XXII съезінің шешімдерін насихаттаудың озат әдістерімен танысты.


РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.,
Әбілдасв К., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т.,
Мендібаев К., Хайдаров С. (жауапты секретарь),
Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 2-23-03, 2-24-95.

5/II-1962 ж. басуға қойылды, қ. 70×108^{1/16}, 2,5 қ—6,85 авт. т. УГ02576. Тир. 20 185.

ККП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы. Заказ 152.



Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы шығарған жаңа кітаптар

Н. С. ХРУЩЕВ. «Коммунизмнің салтанаты үшін қажырлы еңбек ету—әрбір совет адамының борышы». Сибирь ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесінде 1961 жылғы 26 ноябрьде, Новосибирск қаласында сөйлеген сөзі. Көлемі 48 бет, бағасы 5 тиын.

Н. С. ХРУЩЕВ. «Коммунизм орнату программасын жүзеге асыруда тың жерлердің маңызды ролі». Қазақстан ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесінде, Целиноград қаласында 1961 жылғы 22 ноябрьде сөйлеген сөзі. Көлемі 48 бет, бағасы 5 тиын.

Н. С. ХРУЩЕВ. «Барлық күш — КПСС XXII съезінің тарихи шешімдерін ойдағыдай орындауға жұмылдырылсын». Өзбекстан, Қазақстанның оңтүстік облыстары, Тәжікстан, Түркменстан, Қырғызстан және Азербайжан ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесінде, Ташкент қаласында 1961 жылғы 16 ноябрьде сөйлеген сөзі. Көлемі 48 бет, бағасы 5 тиын.

Н. С. ХРУЩЕВ. «Жерді дұрыс пайдалану — астық, ет, сүт және ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіруді шапшаң молайтудың аса маңызды шарты». Россия Федерациясының қара топырақты емес өңірдегі автономиялы республикалары мен облыстарының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесінде, Москва қаласында 1961 жылғы 14 декабрьде сөйлеген сөзі. Көлемі 48 бет, бағасы 5 тиын.

Н. С. ХРУЩЕВ. «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру—коммунистік құрылыстың аса маңызды міндеті». Украин ССР ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеңесінде, Киев қаласында 1961 жылғы 22 декабрьде сөйлеген сөзі. Көлемі 48 бет, бағасы 5 тиын.

Н. С. ХРУЩЕВ. Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік V конгресінде сөйлеген сөзі. 1961 жылғы 9 декабрь. Көлемі 24 бет, бағасы 2 тиын.

Марксизм-ленинизм негізін қалаушылар шығармаларының библиографиялық көрсеткіші. Ол «К. Маркстің, Ф. Энгельстің, В. И. Лениннің шығармаларының библиографиясы» деп аталады. Марксизм классиктерінің шығармалары және олардың өмірі мен қызметі жайындағы әдебиетке арналған бұл анықтама 800-ден астам кітап пен мақала туралы баяндайды. Көрсеткішке біздің елде, сондай-ақ шет елдерде басылған кітаптар мен мақалалар енгізілген.

И. Н. ГАВРИЛЕНҚОВ. Социалистік мемлекеттіліктің коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруына ұласуы. Көлемі 124 бет, бағасы 42 тиын.

Социалистік қоғам дамуының диалектикасы (Мақалалар жинағы). Көлемі 280 бет, бағасы 1 сом.

Социализм мен коммунизм орнату жолында қоғамның таптық құрылымының өзгеруі. Көлемі 363 бет. Бағасы 1 сом 24 тиын.

Б. ПАЛЬВАНОВА. Советтік Шығыстың қыз-келіншектері. Көлемі 176 бет, бағасы 20 тиын.

СССР және араб елдері. 1917—1960 жылдар. Документтер және материалдар. Көлемі 856 бет, бағасы 1 сом 44 тиын.

Л. СУВОРОВА. Совхоздар мен колхоздарда еңбекке ақы төлеу. Көлемі 65 бет, бағасы 6 тиын.

Қазақ мемлекет баспасы «Советтік Социалистік Республикалар Одағының Конституциясын (негізгі заңын)» қазақ тілінде басып шығарды.

Қазақ мемлекет баспасы «СССР Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереже» кітапшасын қазақ тілінде басып шығарды.